

Құлбек ЕРГӨБЕК



ӨТЕБАЙ
Тұрманжанұлы

Құлбек ЕРГӨБЕК

**ӨТЕБАЙ
ТҰРМАНЖАНҰЛЫ**

Балалар әдебиеті

Алматы

2025

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5Қаз.)

Е 65

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жогарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және архив ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді»

Е 65 Қ. ЕРГӨБЕК

Өтебай Тұрманжанұлы. Құлбек ЕРГӨБЕК,

Балалар әдебиет баспасы. 2025 жыл- 208 б.

ISBN 978-601-252-170-2

Қазақ әдебиетінің бір бәйтерегіне айналып тақпақ, өлең, баллада, өлеңді ертегі, өлең мысал жаратып өткен Өтебай Тұрманжанұлы балалар әдебиетінің классигі. Балалар әдебиетінің шығарманы тамырынан ұстап талдайтын танымал сыншысы, деректі ғұмырнамалық прозаның шебері аталмыш кітапта Өтебай Тұрманжанұлының тар жол, тайғақ кешулерден тұратын қилы-қилы өмір жолын тағдыр тұтып әңгімелейді. Тағдырмен тайталаса жүріп жасаған шығармашылық аңсар мұратын, соңына қалдырған әдеби мұрасын ақынның талайлы тағдырымен генетикалық бірлікте жанр талабына қарай талдайды.

Архив ақпар дерегіне сүйене жазылған ғұмырнамалық шығармада туындыгердің балаларға, жас өркенге, жалпы оқырманға айтары айшықты, тілі шұрайлы.

© Қ. Ергөбек 2025

© Балалар әдебиеті 2025

ISBN 978-601-252-170-2



573688



Өтебай Тұрманжанұлы

I

ӨМІР ӨРІМДЕРІ

Бөген, мен сенің балаңмын...

Аға тапсырған аманат

Алдымдағы ақ телефон шар ете қалды. Музейде ой кешіп бейқам отырған басым селк ете түскенім.

Дереу тұтқаны көтердім. Профессор Бейсембай Кенжебайұлы екен. Өзі әбіржіп, дауысы қабыржып сөйлеп тұр.

– Құлбек, мені құдай ұрып қалды...

– Не болды, Бейсеке? Тыныштық па?

– Өтебай өліп қалыпты. Өте – ба - й...

– Иманы саламат болсын, Бейсеке. Ол кісі көптен сырқат па еді? Бекем болсаңызшы. Әбіржімеңіз.

Өзі сырқат, әрі жасы егде тартқан қарт ғалымды телефонда жұбатқан болып жатырмын.

– Қап! Қап, әттең, өкінішті-ақ. Бала күннен бірге өскен жан досым еді.

– Ажалға ара тұрар кім бар, Бейсеке? Босамаңыз.

Бекем болыңыз. Ауырып қаласыз.

– Бекем болмағанда қолдан не келер дейсің? Сен тез мәшине алып кел де мені Өтебайдың үйіне алып бар.

Қарт ғалымға ере келіп қазалы үйдің табалдырығын аттадым. Жылау-сықтау. Төргі бөлмеде ақын жарына жұбату, басу айтып марқұм болған Өтекеңнің кәрі достары Жүсіпбек Арыстанов, Мұхаметжан Қаратаев, Әбділдә Тәжібаев секілді белгілі қаламгерлер отыр. Ақын жары – Майнұр апай отағасының бала күннен құлын-тайдай шұрқырасып бірге өскен досын көргенде жылап көрісті. Марқұм Өтекеңнің өмірінің өкінішпен өткенін аса бір зарлы толғай жылағанда, кісінің құйқа тамыры шымырлайды. Егіздің сыңарындай аяулы досын жоғалтпақ қайдан оңай болсын?! Бейсекең де қатты босады.

Мәйітті жөнелту, атпал азаматты Жер-Ананың қойнына тапсыру қаралы рәсімдері кезек-кезегімен өтіп жатты. Бейсекең байрағы жығылып, бақытсыздыққа душар болған Өтекең шаңырағына әлденеше рет кіріп шықты. «Қазақ әдебиеті» газетіне қоштау сөзін жазды. Сондай аласапыран күннің бірінде үйіне қайтып келе жатып ғалым аға ауыр күрсініп қалды. Сөйтті де:

– Байғұс не өмірде, не өнерде жамандықтан өзге ештеңе көрмей өтті-ау деді. Деді де қайта күрсінді.

Әлденеше күн бойына айтылған жақсы сөз, қимас қоштасу, жылау-сықтау, жоқтаудан гөрі, айрықша қадір тұтатын ғалым ағаның терең күрсініп айтқан, тұйық бір ауыз сөзі көкейде қалып қойды. Ғалымның бір ауыз сөзінде дүниенің жұмбағы жасырулы жатқандай әсер етті...

Бұл – 1978 жылдың қараша айының қарасуықты бір күні еді. Желдей желіп уақыт өтіп жатты.

Тағдыр айдап қазақ балалар әдебиеті мәселелерімен айналысуға тура келді. Өтебай Тұрманжанұлы есімін жиі есітетін болдым. Бойындағы дарын жұпарын балаларға жыр қылып төгіп өткен Өтекең жырына жиі үңілетін әдет таптым. Жыры жылыұшырап барады. Бір бұтақтан тарап, бір өңірде өскенімізге қарамастан Өтекеңді өмір-тіршілігінде танысып, жақын білісіп әңгімелеспегеніме өкінетін сияқтымын. Өйткені, Өтебай Тұрманжанұлы - қазақ балалар әдебиетінің классигі. Өтекең егіп, мәпелеп өсірген бақшалық жап-жасыл. Әлі қазақтың сан ұрпағынан өрген балғын бөбектердің әлденеше буынын тәрбиелей береді ол өлеңдер. Алайда, Өтебай Тұрманжанұлы есімін қастерлерлік ештеңе жасала қоймапты өмірде. Қазақстан Жазушылар одағының балалар әдебиеті Кеңесінде осы мәселе дүркін-дүркін әңгіме болып басылады. Не ту-

майтын, не қоймайтын беймаза желтолғақ секілді...

...Ғалым аға – Бейсекең үйінің табалдырығын қуанып аттадым. Қуанбағанда ше? Қазақстан Жазушылар одағы Балалар әдебиеті кеңесінің отырысы болып, онда қазақ балалар әдебиетінің классигі Өтебай Тұрманжанұлының әдеби мұрасы жөнінде комиссия құрылды. Комиссия төрағасы – Бейсембай Кенжебайұлы! Хатшылығына Мен бекідім. Егіздің сыңарындай болып бірге өскен Бейсекеңе осы хабарды жеткізгенше асығулымын. Соңғы кездері сырқат меңдеп, үйден ұзап шыға алмай қалған қарт ғалымды бұл хабар мерейлендірсе керек.

Мән-жайды баяндап өттім.

Қарт ғалым кемсеңдеді.

– Аты аталмай, әдеби мұрасы ескерілмей жүргеніне уайымдап, шынымен Өтебай ұмытылғаны ма деп қапаланушы едім. Жақсы болыпты. Рахмет, айналайын.

Ойына әлдеқандай өмір сабақтары, бірге өткізген өмір өткелдері оралды-ау, шамасы. Әңгіме сабақтады.

– Өтебай Ташкентке менен бір-ер жыл бұрын барыпты. Бәріне себепші аштық қой. Үй-ішімен «Қауыншы» деген жерге көшіп барады. Қауыншы Ташкенттің арғы жағында.

Бала Өтебай Ташкент қаласындағы Ғабдолла Тоқай атындағы мектепте бір жыл оқып, сауат ашыпты. Бірақ, кейін тастапты. Тек білім беретін, бірақ тамақ, киім кешек бермейтін мектеп оған қолайлы бола қоймағандай. Өйткені, ол жылдары бірінші мәселе - тамақ асырау, әлеңкедей жаланған аштықтан өліп қалмау. Сол себепті ол біздің интернатқа ауысты. Міне, сол сәттен бастап өле-өлгенше ынтымағымыз жарасып ақиреттік дос болып өтіп барамыз мына тіршілік жәрмеңкесінен.

Ташкентте оқып жүргенде, Өтебаймен бірге Қауыншыға да бардым. Әкесі сол жылдардың өзінде қартаң кісі көрінген. Бәлкім, біз бала көзімен қарадық па, болмаса шын мәнінде кәрі кісілер ме, маған ол жағы әлі күнге қараңғы. Әйтеуір, бәрі бір байға жалданып, ас-суын әрең ажыратып отыр екен. Әкесі етік тігетін шебер еді. Өтебайдың да қолы епсекті еді ғой. Интернатта жүргенде талай рет етігіміздің кеткен жерін тігіп, талай рет тозған аяқ киімімізді бастартып берген. Қисық мойын бір ағасы болатын. Оның кейінгі тағдырынан бейхабармын.

Интернатта оқып жүргенде Өтебай бір күні күйіп-жанып қатты ауырды. Есін бірде біліп, бірде білмейді. Үш-төрт бала көтеріп оны емханаға алып бардық. Дәрігерлер қарап:

– «Тиф» екен десті. Сүзек қой деймін сол.

Біздің жанымыз түршікті. Өйткені, ол жылдары «тифтен» тәуір болған адамды естіген емеспіз. Сүзектен өліп жатқан адамдарда қисап жоқ-ау шамасы. Күнделікті үйреншікті жағдайдай көрініп кеткен. Үмітіміз үзіліп, Өтебайды дәрігерге тапсырып, басымыз салбырап интернатқа қайттық.

Шыдай алмай ертеңіне таңертең қайта келдік. Өтебайдың жағдайын білмекпіз.

– Жолдастарың өліп қалды – деді дәрігер.

– Денесі қайда? Біз жылап жамырадық.

– Денесі сарайда жатыр.

Денесін көрейік, қоштасайық деп сарайға кірдік.

Мәйіттерді аралап Өтебайдың денесін таптық. Кісі өлімі көп болған ба, үстін мәйіттер басып қалыпты. Оларды аударып тастап, Өтебайдың денесін суырып алдық. «Ой, бауырым!» - деп құшақтап жыладық. Көрістік. Байқасақ, денесі жылы секілді. Тірі деуге дем жоқ. Үйіріліп – төңкерілген ылғи жас балалар досымыздың жаны шыға қоймағанын аңғардық. Жүгіріп дәрігерге келдік.

– Ойбай, ағатай, Тұрманжанов тірі екен. Алдырып емдей көріңіз.

Дәрігерді көндіріп, «өлген» Өтебайды көтеріп ауруханаға кіргіздік. Өтебай жарық дүниеге қайта оралды. Әупірім-тәңірімен

тірі қалып, бірсыпыра емделіп, жазылып ауруханадан шықты...

Қазақтың көрнекті ақыны Өтебай Тұрманжанұлы, бала кезінде осылайша бір өліп-тірілген еді. Комиссия құрылыпты. Жақсы болыпты. Біз енді оның өмірін тірілтеміз!

Сөзінің аяғын салмақ сала түйді ғалым.

Қазақ әдебиеті тарихын ойлап өскен, таланттар тағдырын ойлап өткен қадірменді қарт ғалым, аяулы ағаның бұл сөздері (1983 жылы еді. Қ.Е.) кейінгі ұрпаққа, оның ішінде маған тапсырған бір аманатындай естілді. Бұл күнде әз адам – Бейсембай Кенжебайұлы да жоқ арамызда! Аманат жүгі қашанда ауыр. Хал-хадарикал аманат орындалуға тиісті. Кітапша осылай жазылды.

Иә, бұл аяулы аға, қадірменді ұстаз тапсырған аманат еді...



*14-ші жетім балалар үйі
оқушылары. Отырған
Өтебай. Ташкент 10 шілде
1921 ж. Ташкент.*

I

ӨМІР ӨРІМДЕРІ

«БӨГЕН, МЕН СЕНІҢ БАЛАҢМЫН...»

Ақын архивін ақтарып, артында қалған әдеби мұрасын қарап отырмыз. Сарғайған қағаздар. Мақал-мәтел түзілген оқушы дәптерлері. Арабша жазулар. Қолжазба, тасқа басылған материалдар. Өмірбаян өрнектері, шығармашылық деректері. Жоспар-жобалар. Мақсаттар. Армандар. Ойлар. Хаттар.

(Жазушының Мерлан есімді ұлы әкесіне деген перзенттік сағынышпен жазу столына мұңдылау көзбен қарап қояды.)

Ойлап отырсақ, сонау жиырмасыншы жылдардан бері қарай ақын тағдыры жөнін-

де, кезең-кезеңдегі жинақтары хақында, зарықтырып жеткен, тарықтырып келген мүшелтойлар тұсында азды-көпті жазылған мақалалар, жақсы-жақсы тілектер бар. Тереңдеу бойлап, кемерлілеу ойлап көрсең күні бүгінге дейін Өтебай Тұрманжанұлының шығармашылық өмірбаяны жүйеленіп жазылмағанына көз жеткізесің. Өкінішті. Өкінетінің әдебиетте Өтебай Тұрманжанұлындай тұлғалы дарындар көп емес қой. Ал, аға буын санатында еңбекпен өмір кешіп өткен Өтекеңдердің күні бүгінге дейін шығармашылық өмірбаянын түзбеген болсақ, кейінгі буын өкілдеріне қашан оралмақпыз? Ендеше ақын архивінен алынған деректерді пайдалана отырып оның шығармашылық өмірбаянын кеңірек әңгімелеуге тырысайық.

Қазақ халқы сахараны еркін жайлады. Жаз Сарыарқаға көшетін қазақ суық түсе малын жая жүріп Сырдария жағасына құлайды. Жылда осы. Жаңылмас дағдыдай қазақтың пешенесіне жазылған осындай өмір салты жиырмасыншы ғасырдың басына дейін келді. Ғажап романтикаға толы осындай өмірдің сарқындысын көріп, сарқытын татқандардың бірі – Өтебай Тұрманжанов болар, сірә.

Өтекең туған өңір кезінде алты алаштың ақ ордасына айналған, қасиет дарыған – Түркістан уәлаяты.

Кезең-кезеңде қоғам бойына өзгеріс енеді. Сол өзгеріспен бірге адамзат өміріне де сан алуан жаңа құбылыс сіңеді. Оңтүстік өңірі қазақ елінің ішінде алғашқылардың бірі болып отырықшылыққа ден қоя бастады. Ел егіншілікті кәсіп етті. Диханшылық шарты - өзен, көлді сағалай, ағын суды жағалай қоныс етіп, тіршілік кешу. Оңтүстік өңірінде әрісі Әмудария, берісі Сырдария – халықтың қастерлі анасына айналған. Алып дариялардың өзі басын асқар таулардан алып, жол-жөнекей өзендерден күш қосып арналанып, арқаланып ағады. Жол-жөнекей елге ырыс дарытып ағады. Оңтүстік өңірінде ертеде өзендер, бұлақ-көздер, айна-көлдер өте көп болыпты. Соның көбісі қазір қариялардың сағынышты естеліктерінде ғана аты сақталған, ал өздері дүние бетінен ғайып. Төсін күн сүйген түстік өлкесінің әзірге әлсіреп, шылжырап аққанымен сақталып келе жатқан өзендерінің бірі – Арыс, бірі – Бөген. Кезінде андыздаған аңыз, әсем әнге арқау болған бұл бір қыздың қос бұрымы секілді қатар жатқан өзендердің қазіргі халі кісі қызыққандай емес, қайта кісі қынжылғандай.

Міне, сол аты аталған Бөген өзенінің бойында бала Өтебай шаруа Тұрманжан шаңырағында өмірге келді. Ресми құжаттарда ақын 1905 жылы туған деп көрсетіледі. Ал,

өзінің жазбаларында 1904 жылы желтоқсанда тудым дейді ақын. Ақынның туған жылы ғана емес, ауданы да әр жазбада әрқилы айтылып, әрқилы жазылады. Архив жазбаларына ден қоялық: *«Мен 1904 ж. декабрь айында, осы күнгі Шымкент облысының Арыс ауданында жатақ-кедей семьяда туылып-пын»*. («Өтебай Тұрманжанов» аталатын жазба) – деп жазады. Орыс тілінде жазылған өмірбаяндық жазбасында: *«Я родился в декабре 1904 года в местечке «Жалгиз-агаш» на берегу речки Боген на территории Арысского района Южно-Казахстанской области в семье бедняка земледельца»* («Автобиография») – деп тәптіштей баяндайды. Ал, ақын туған аудан бірде Арыс, бірде Бөген енді бірде Ордабасы аталуында мән бар. Оның себебі - Өтекеңнің кіндік қаны тамған «Жалғызағаш» ауылы орналасқан аудан атауы қайта-қайта өзгерумен келеді. Жаңаша айтсақ, қазір ақынның кіндік қаны тамған туған жері Түркістан облысының Ордабасы ауданына қарасты. Өтебай Тұрманжанұлы туған «Жалғызағаш» Бөген су қоймасының астында қалған. Бейсембай Кенжебайұлы туған «Күлтөбе» де судың астында қалған. Жалғызағаш пен Күлтөбе өзара бірігіп бір ауыл әкімдігі аталады. Бұрын «Исаханов ауыл әкімдігі» аталады екен. Жоғарылы

төмен билік басында отырған азаматтарға хат жазып, билік иелерінің есіктерін дамылсыз қаға жүріп, «Бейсембай Кенжебайұлы ауылы» атандырдық...

Осы деректердің өзінен Қазақ балалар әдебиетінің бір бастауында тұрған Өтебай Тұрманжанұлы мен Қазақ түріктануы бастауында тұрған Бейсембай Кенжебайұлы екеуінің бір жерде, араларын сылдырап ағар (бұрын толқып ағады екен) кішкене Бөген өзенінің екі жағында отыратын екі жатақ ауылдың балалары екенін аңғарасыз.

Қазақ қиын-қыстау заманды бастан көп кешкен. Өтебай Тұрманжанұлы арғы тегі сарыарқалық. Атасы арғын жұрты. Ерте-ректе аталары арқадан Сырға ауған. Екіншілік Сырда ерте дамыған. Сыр елі өзге өңірден ерте отырықшылыққа ден қоятын себебі содан. Өтебайдың арғы аталары арқадан ауып келіп Ордабасы бауырында, Бөген өзенінің бір сағасын паналап, бір жағасында отырып қалатын себебі енді түсінікті болса керек. XX ғасыр басына бес-алты үй болып жеткен. Атасы аздық себебінен бе, болмаса «Тінейауыл» ықыласына ризашылығы ма, әйтеуір бес-алты үйлі Арғын өздерін «Тіней руынанбыз» – деп атап кетеді. Өтебай да осы жолмен өзін Тіней санағына қосқан. Шежіреге барып саятын бұл мәселені таратып айтудың айыбы жоқ деп білеміз.

Қазақта таза ру сирек. Түрлі ру тайпалардың қозғалысынан рулық жүйе нығайып отырады. Өтебай Тұрманжанұлы арғы аталарына қатысты Арғын атап, Тіней ауылда «тіней» атанып тіршілік кешкенін ажырата айтып отырмыз. Өтекеңе қатысты қосымша айтып отырған Тіней, Жары рулары Оңтүстік өңірінде ғана емес, Қазақстанның шығысында, батысында да жиі кездеседі. Дулат Бабата жырынан «Тінейдің сары құсындай...» – деген жолдарды оқырман жақсы біледі. Бұл Тіней бүгінде Найман руының ішінде өсіп-өніп жатады. «Қазақ» газетінің жарыққа шығуына ықпал еткен ағартушы Оразай да Найман руы ішіндегі Тіней бұтағынан. Алтай елі, Қосағаш жерін (1935 жылға дейін қазақтың жері атанған.) Найманның Шоңмұрын атасы жайлайды. Шоңмұрын арасында Тіней руының бұтағы да кездеседі. Батыста да Тіней, Жары рулары жиі кездеседі. Айталық, қазақтың жойқын ақыны Светқали Нұржан Жары руынан. Жары Тіней руының азаматтарымен қыз алысып, қыз беріспейтін ағайын жұрт. Светқалидың айтуына қарағанда, Маңғыстауды маң жайлайтын жұрт арасында Жарымен қатар Тінейлер жеткілікті көрінеді. Екі ру өзара ағайын болып жарасады деседі. Еліміздің Шығысы, Батысы арасында

Өтебай ақын жарық дүниеге келген кез қос ғасырдың, XIX және XX ғасыр тоғысы. Бұл – әлеуметтік-экономикалық жағдайдың да барынша шиелініскен кезі. Бұл – әдебиет, өнер дүниесінің де қайшылықты ағымдарға толып, жаңа бағыт іздейтін сәті. Алыс қазақы ауылдарға жер-дүниедегі жаңалық атаулы кешігіп жететін кез. Онда да Ұзынқұлақ арқылы жетеді. «Ұшқыш кілем» (Т.Жомартбаев) секілді Ұзынқұлақ та ұшқыр-ақ ол жылдары. Сондықтан Өтебай Тұрманжанұлы дүниеге келгенде «Жалғызағаш» ауылы қойшы қойын бағып, дихан кетпенінің жүзіне қарап еңбегін сауып, кеш болса қисса-дастан оқытып тіршілік кешіп мамыражай жатса керек.

Жалпы Өтебай бала туған бұл өңір ежелден қазақтың қан біріктірген, халық қамын жеп хан сайлаған, үш жүздің ынтымағын ойлап жиын өткізген «Ордабасы» секілді тарихи, аса қадірлі мекен. Бөген өзенінің қос өңірін алып Орта жүздің қоңырат руы жайлар еді. Өзеннің бір жағасын жайлаған «Жалғызағаш» ауылынан балалар әдебиетінің алып бәйтерегі Өтекең шықса, екінші жағасын жайлаған «Күлтөбе» ауылынан қазақтың қамын тұтас жеген, қазақ түріктануы ту бастауында тұрған ұлы ғалым Бейсембай Кенжебайұлы шыққан. Бірі «Тіней

ауыл», келесісі «Ақболат ауыл» атанып қатар отырған. Ол ру-рудың ауыл-ауыл болып шоқ-шоқ қоныстанып отыратын қаймағы бұзылмаған кезі. Демек, бұл қатар қонған екі ауыл қыз алысып, қыз берісіп құда-жекжатқа айналып мидай араласып кеткен. Одан өрген ұрпақтың нағашылы-жиен болып әзіл-қалжыңы жарасады. «Әкесі құрдастың баласы құрдас» деп жастардың қариялармен қалжыңға барып қалар сәті осы! Ат шаптырып жарысып бәйге беріседі, жарасып ойын-сауық өткізеді. Ру намысын жыртысатын кездері де аз болмаса керек.

Қысқасынан қайырып айтқанда, Өтекең туған Бөгенде балалық шақты әсерге бөлейтін сұлулық дүниесі жеткілікті. Ол – сылаң қағып сылдырап ағып жатқан Бөген өзені. Қол созым жерде Арыс өзені. Екі өзеннің арасы толы құлақ түрсең сөйлеп қоя берер тарихи төбелер, исі қазаққа қатысты қара ордалар. Жазық алқап шоқ-шоқ жиделік, шағын тоғай бұл өңірде бұрын жиі кездесетін.

Бала Өтебай жарық дүниеге келген Тұрманжан шаңырағы жоқ-жітіктеу болыпты. Есесіне әкесі «темірден түйін түйген» дерліктей қолы өнерлі, шебер, ісмер кісі. Әкесінің бұл қолөнері Өтекеңе де өтіп, қиын-қыстау кезеңде пайдасы да тиіпті. Жоқ-жітіктеу

шаңырақта өскен бала жастай бейнет кешеді, бұғанасы бекіп, қабырғасы қатпай еңбекке араласады. Ауылдың қозы-лағын бағады, жастайынан жалшылықта жүреді. Өтебайдың балалық шағына да қатысты кәсіптер бұлар! (Тіпті, бай, кедей деп жатпай-ақ мал бағуды ауылдың бар баласына тиесілі бір кәсіп десе жарасады.) Жас Өтебай да ауылдың қозы-лағын баққан, тарысын қорыған, көршілес орыс поселкесінде бай қолында жалшылықта болған бала.

Өтебай ақын түрлі міндет орайында өзінің өміріне қатысты өмірбаяндық әңгіме, шығармашылық сыр жазбаларын қалдырған екен. Абзалы, ақынның өзін сөйлеткен: *«Менің сегіз-тоғыздағы кезім. Ауылымыз Бөген дейтін шағын өзеннің жағасында отыратын, көшпейтін, кедей жатақ ел. Көбінесе жер жыртып, егін егін күн көреді. Шөлге ептеп бидай, сулы жерге жүгері, тары, қауын егеді. Бес-алты ешкі, жекелеген сиыр-түйені егін арасына жаямыз, бірлі-жарым мінерлік атты арқандап бағамыз. Ешкі деген мал сұғанақ қой, егінге түсіп кетсе, қорықшылардан таяқ жейміз. Қорқатынымыз аспандағы құдай емес, ауылдағы қорықшы.*

Тары бас тартып, қызыл тұмсық болып нісе бастады-ақ ойдағы-қырдағы торғай-

лардың бәрі жабылады. Бізге жұмыс табылады. Таңның атысынан күн батып, қараңғы түскенше айқай салып нағыра қағып, сақпан атып жанталасып жатқанымыз. Тары қорыған балалардың ащы айқайлары бір-біріне ұласып, тарылық тоғайдың іші у-шу, азан-қазан болады да жатады. Жүгері пісер кезде қарғалармен алысамыз. Сол қарға қауынның жауы. Қауын желі тартып түйнегін жасыратын болғанша ортасына қарақшы байлап қарғаны қаймықтырамыз, қауынды қоримыз.

Ал, қауынның піскен шағы – балалар тойы. Үлкендердің де пейілі кеңейген ағыл-тегіл тоқшылық. Келгенге жарылып, кеткенге артылып беріліп-ақ жатқаны. Береке – мереке – молшылық. Қауыннан қақ тілінеді. Қауынқұрт қайнатылады. Тары орылады, жүгері жиналады. Кедей-жатақтардың қыс қамы осылай істеледі» («Іздеген арманына жетеді екен» – деген қолжазбадан).

Міне, ақынның балалық шағы осындай төсін күн сүйген оңтүстікте, осындай табиғатпен етене сырласқан жағдайда өткен. Ойланып оқып, ойласып қараған кісіге бұл жолдарда ақынның бала шағында (сегіз-тоғыз жасар кезі) жоқ-жітіктен бейнет кешкені де аңғарылар. Ол бейнет қана ма екен, ол баланы еңбекке ерте араластырып,

еңбекпен тәрбиелеу, қазақтың дәстүрлі тәрбие мектебі. Сонымен бірге «у-айт! – деп айқайлап тары қору, түн баласына қорық арасына қону, айлы түн астында жатып қиял қыдыртып аспан әлемімен сырласу бала қиялына қанат бітіретін ғажайып табиғат көріністері. Әрі ол кездегі тың жерге төрт-бес жыл сақталған, бапталған асыл тұқымнан егіліп, өсіп-өнетін дақылдар бүгінгі тозған жерге азған тұқымнан егіп алатын өніммен сірә да салыстыруға келмейді. Бейқам балалық бақыттылық! Ауыл баласының бақыттылығы табиғат аясында өсетіндігі.

Ал, күндіз Бөген суына шомылу, жар жағалап қызық қуу, суда жалақ ойнау, түнде ақ сүйек ойнау ше? Бұлардың бәрі ауыл балаларының пешенесіне ғана жазылған ертегіге бергісіз ғажайып қызықтар. Бұл – бала Өтебай бастан кешкен қызықтар. *«Өзім туралы әңгіме»* аталатын деректі жазбасында ақын осындай балалық аңсарлы сәттерін тамылжыта әсерлі әңгімелейді: *«Күн қыңып, ыстығы аздап басылған соң өзімнің ежелгі досым Қасен екеуіміз инеден иіп жасап алған қармағымызды алып Бөгеннен балық аулаймыз. Айна секілді дөңгелек мөлдір айдынды иірімнің ортасындағы отау үйдің орнындай аралшадағы жасыл құрақ пен қарақошқыл қозғаның аясында аққудың*

гүлі дейтін әдемі ақша гүлдер өседі. Халық мұны «тұңғиық» деп те атайды. Бұл таза-лықтың, адалдықтың бейнесі – «аққудың ақша гүлі» деп халық есіркеп ешкімге жұлдырмайды, аяйды. Біз Қасен екеуіміз балық аулаудан гөрі аралдағы аққудың ақшагүліне көбірек ынтыға қарап тамашалаймыз.

Бөгеннің жарын жағалап құстар ұя салады. Ұя салған көгершін, көк қарға, қарлығаштар жұмыртқасын басып, балапанын ашып, оны ұшырғанша жар басында отырып балапандарын шырылдап қорғаумен болады. Ана дегенді қойсаңшы! Біз Қасен екеуіміз оларға жанымыз ашып бұзақы, сотанақ балалардан, қара құс пен қаскүнем жыландардан ара түсіп қорғайтынбыз. Тентек балаларға «құс ұясын бұзсаңдар, үйлерің бұзылады» - деп шошытып қорқытатынбыз. Құс екеш құс та жақсылықты сезеді ғой. Қасен екеуімізді аялап арқамыздан қаққандай қарлығаштар кейде басымыздан, кейде қасымыздан қорықпай зып етіп айналып өтетін» – деп еске алады ақын.

Осындай табиғат аясында өскен баланың ақын болмауы тіпті, де мүмкін еместей-ау, асылы. Өтебай да ақындық тағдыры үшін осындай балалық шақ әсерлеріне белшесінен қарыздар болса керек.

Адамның балалық шағы қайталанбас әсер ғана емес, кейін еске алудың өзі қорқынышты

қатер де ғой. Қастерлі балғын шақта басқа түскен қатер жөнінде әлгі өмірбаяндық жазбасында ақын былай әңгімелейді: «Қасен менен бір-екі жас үлкен, бойшаң, шымыр, әрі күштірек болатын. Күрессе жықпайтын баласы жоқ. Ол Бөгеннің таза мөлдір суына сүңгіп, айдынды иіріміне кең құлаш ұрып жүзуді де жақсы көретін. Маған апам суға түсуге рұқсат етпейді. Онда менің алтыға жаңа шыққан кезім. Суды кешуге де жүрексінем. Жүзуді атымен білмеймін. Бір күні аспан айналып жерге түскен өте бір өзгеше ыстық күн болды. Дала өртеніп жатқан сияқты, жалынның иісі шығады. Торғай біткен шиқылдасып бұтаның көлеңкесіне таласып, қарғалар қалбаңдай ұшып жар көлеңкесіне тығылып жатты. Қасен жейдесін шешіп қолына алып, Бөгенге қарай жүгірді. Үлкендерден, апамнан жасырып, оның артынан мен де жүгірдім. Қасен жүгірген бойы дамбалын аяғының басынан сыпырып тастады да суға қойып кетіп, сүңгіген бойы Бөгеннің арғы жағасынан бір-ақ шықты. Ет қызумен мен де көйлек-дамбалымды үстімнен сыпырып тастай салып суға көзді жұмып күмн ете қалыппын. Сонан соң судың жағасында жатқанымды бір-ақ білдім. Қасен мені ажалдан алып қалыпты» (Сонда.) Міне, қызық пен қатерге толы қаперсіз балалық жазы!

Кейін балаларға жыр баптаған айтулы ақын болып қалыптасқан Өтебай балалығының кейбір есте қалған ерекше сәттері осындай! Алайда, біз ақынның бала көңіліне әсер ғана ұялатпай әсем әуез, қайталанбас саз ұялатқан жыр тыңдаған сәттері жөнінде әлі ештеңе айта қойған жоқпыз. Ауыл баласының жүрек құлағын ашатын сол ымырт үйіріле бір үйге жиналып, май шаммен ақынды, жыршыны тыңдау. Дәстүр десе болар мұны.

Байырғы қазақ ауылының бір күні әсем әнсіз, көсем күйсіз, жорға жырсыз өтпесі әмбеге аян. Бала бойындағы нәзік көздерді ашып, нәзік сезімдерді оятқан осы ұлттық өнер үлгілеріне қалай жолықты ақын? *«Қапта азық, азын-аулақ малға деген шөп-сабан жинап алған жылы жатақ елдің көңілі көтеріңкі болады. Күтерлік малдары аз, шаруасы шағын болғандықтан, қыс айларында көбінесе қолдары бос келеді. Үйі кеңдеу, жарығы молдау үйлерге кезек жиналып, аузының ебі бар жігіттерге ән салғызып, домбыра тартқызып, өлең айтқызып өзінше думан құратын. Көбінесе қисса оқытындарға қисса оқытып, қисса тыңдаумен уақыттарын өткізетін»* («Іздеген арманына жетеді екен») – дейді ақын бұл жөнінде. Жырқұмар думаншыл қазақ халқының

дәстүрлі тұрмыс-салты, балаларға жырмен тәрбие берер халықтық педагогикасы. Бала Өтебай өнеге алған, өнер сабағын алған мектептің бірі, міне, осындай!

«Менің әкем осы жатақ ішіндегі қолы епсекті, өнерлі кісінің бірі еді: етік те тігетін, ер де шабатын, қамшы да өретін, тіпті ойлағанының бәрін істейтін қолы сүйменді адам болатын. Сондықтан айналасындағы ел оны «Ұста» деп атап кеткен. Қолы өнер сүйсе, көңілі сөз сүйетін адам болғандықтан ба, әлгіндей сауықты жиындар біздің үйде де жиі болатын» – дейді одан әрі ақын тағы бір жазбасында.

Асылында, өнер тектес, білім-білік ағайынды. Қазақ ұсталықты қарапайым күнкөріс қаракетті кәсіп көрген. Шынтуайтында, қазақтың қолөнері – бай өнер, қолөнер – өлең ғой. Қамшының әрбір өріміне сиқырлы құпия тығылып, ал оны ашу, өрнекке айналдырып өру үшін ұста қиялын сан-саққа жүгіртіп отырады емес пе? Бәлкім, генетикалық тұрғыдан қарасақ, Өтебай бойындағы дарын көзі – сол ұсталықта, сол қазақтың байырғы қол өнерінде жатқан шығар.

Мейлі өз әкесі жайында айтсын, мейлі балалық базарын бірге өткізген Қасен досы жайында жазсын Өтебай Тұрманжанұлы, әйтеуір қазақтың қара өлеңінің құдіреті

мен «темірден түйін түйген» зергер ісін, халықтың қолөнерін сабақтастыра, өзара байланыста әңгімелейді. Бәлкім, ақын жазбаларына жүгінуіміз көбейіп те кеткен шығар-ау. Сөйте тұра, кезінде зәуімен алып қалған, кейінгі тағдырынан мүлде хабарсыз, ақын архивінен алынған жазбалардың біріне саналы түрде тағы ерік беруге тура келеді. *«Ол (Қасен. Қ.Е.) өте дарынды бала еді. Бір мезгіл ескі мектептің есігінде отырып, зеректігі сонша бас-аяғы екі-үш айдың ішінде хат танып алып, жұртқа әндетіп «Қыз Жібек» қиссасын да оқып беріп жүрді. Мен Қасен әндетіп оқыған «Қыз Жібекті» үлкендермен бірге тыңдай-тыңдай бастан аяқ жаттап алғаным бар. «Қыз Жібек» қиссасын қолыма алып, бетін ашып отырып, балаларға сан рет саулатып «оқып» бергенім бар. «Саған молданың алдын көрмей-ақ оқу дарып кетті ме?» деп балалар таң қалатын. Өсе келе Қасен өз әкесіндей темірге тіл, жансызға жан беретін шебер зергер болып та үлгерді. Оның қолынан шыққан үзбелі сырғаға, бедерлі ілгекке, көзіне қондырған тасы жанып тұратын жүзікке, жылан бауыр білезікке жұрт таңырқап қарап тоймайтын.*

Көбінесе қыс кезіндегі ауыл әншілерінің салған әні, жыршыларының айтқан жыры,

өзіміздің Қасеннің әндетіп оқитын «Қыз Жібегі», барлық балалар болып жиналып алма-кезек айтатын тап-тамаша ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштар мені бала шағымнан сөзге үйретті. Балалармен «Хан алышы», «Шекем тас» ойнап отырсам да бір құлағым үлкен ақсақалдардың сөзінде болатын. Кейін менің жазушы болуыма да жол тапқан осы сөз құмарлық болуы ықтимал» («Өзім туралы әңгіме»).

Өзіне үлгі етері де, кейінгі көкөрім балаларға өнеге тұтары да - Қасен досы. Ал, Қасен досы әрі көздің жауын алатын, көрген кісі таң-тамаша қалатын небір ғажап зерістерін жасайтын ісмер, сонымен бірге жыршы, күйші, сыбызғышы. Өтебай Тұрманжанұлы әсіресе алдындағы қиссашы Әнтай ағасына, ұдайы қасынан табылатын Қасен досына бала шақта көп еліктеп өседі. Бұлардың есімін ақын әрдайым ерекше ілтипатпен қастерлей еске алады. Көңілі қарыздар жағдайды жасырмай айту – ол да бір кісілік белгісі-ау.

Ауылдың адал жанды аңқау уыз баласының бойында өнерге деген ықылас осылай оянды, табиғаттан түскен дарын дәні осылай бүр жарып, шешек атты.

Әңгімені тап осы жерде сәл тоқтата тұрып оқушыға бір сырды аша кетуді жөн көреміз.

Байқаған кісіге біз бұған дейін Өтебайдың бала шағын, детальдарға дейін зер салып тәптіштей баяндадық. Бала шақтың қай-бір қыры қалтарыста қалып қоймаса деген оймен ақынның өзін де көбірек сөйлеттік. Мұнда не сыр бар? Енді осыған келейік.

Бала шақ – болашақ баспалдағы. Кім-кімнің де ат жалын тартып азамат жасына келгенде оның қандай адам болмағы, қандай биіктен көрінбегі – оның балалық шағында алған әсер-байлығына, бала шағында бастан кешкен оқиға байлығына әмсе көп байланысты. Оның үстіне Өтебай Тұрманжанұлы, негізінен, балалар ақыны. Бала шақта алған әсері аз адам жазушы бола алмайды. Балалық шақтың әсерін бойында сақтай алмаған адам әмсе балалар жазушысы бола алмайды. Сол себепті балалар ақынының бала шақ әсерін әңгімелегенде авторға көбірек ден қойып, оның өзін молынан сөйлетуге тура келеді. Өзін сөйлету арқылы балалық шақ әсерін ашқымыз келеді.

Әрі етекті келтірілген мысалдардың қай-қайсысы да ақын архивінен алынып, тұңғыш рет пайдаланылып отыр. Тың дерек оқушыға ақын өмірбаяны мен шығармашылық шеберханасының кілті ретінде еркін сөйлесін деп ойладық. Ең бастысы күні бүгінге дейін ақынның шығармашылық

өмірбаяны түзілмеген. Ақын жазбаларын созымды пайдалану себебіміз, міне осы мақсаттан.

Ал, ақын балалығын тәптіштейтін себебіміз – ақынды тұлғалаған өмірлік құбылыстарға жете назар салу. Балалық уыз көңілде ақындық сезімді алғаш бүр жарғызып оятқан өмірлік таяныштарды айқындау.

Біз бұған дейін Өтебай балалығының әсерге бөлеген тұщы сәттерін әңгімеледік. Алайда, адам өмірі бірыңғай қызықты, қуанышты, бақытты сәттерден ғана тұра ма? Әрине, жоқ. Өтебай да өз тұрғыластары қатарлы өмірдің ащы зардабын Бөген бойында өткен бала шағында-ақ сезе бастаған. Өмір ауыртпалығының біразын бастан кешірген.

Өтебайдың ағасы Темірлан ауылында бір орыс байына жалданып мал бағыпты. Өтебай ағасына жәрдемші бала. Елге жұт келмесе «жазғы жуынды қысқа қатық» дегендей, жаз диханшылықты, қыс жалшылықты кәсіп етіп бір-біріне сүйей жұтамай күн кеше беруге болмас па?! Әттең, 1917 жылдың «жылан жұт» аталатын жұты келді де жұрттың малын бір боранда қырып салып жұтатып кетті. Қауіп-қатерсіз отырған бейқам жұрт қолындағы азын-аулақ малынан ажырап, таяғына сүйеніп қалды. Бұл жұт жөнінде Өтекең архивінде бірі орысша, ке-

лесісі қазақша екі жазба бар. Соның бірінде ол: *«1917 жылы елді орнынан қозғаған тілсіз жау – ашаршылық – түсі суық «жылан жұт» әлі көз алдымда – деп жазды. – Ұзаққа созылған қаһарлы қыс, бұрынды-соңды шөп жинап үйренбеген жұрттың азын-аулақ аша тұяғын қырды да салды. Көгенін ұстап, көкке қарап қалған халық қалалы, қыстықты кәсіпкер жерлерден, тарықпайтын тамыр тартып отырған диқанды елдерден талғажу іздеп ата мекенінен ауып босып кетті. ...Тас жүрек мейірімсіз аштық әй-шәйға қаратпай әлдеқайда айдаған жұрттың балалары жыласып айырылысты. Кетіп бара жатып Бөгенге қарап көзімнің жасын іркіп алам. Кәсіпкер зергердің баласы менің Қасен досым өзіміздің Бөгенде қалды. Үйіне сүйеніп көңілсіз тұрып «сен де қал» деп маған қолын бұзғанды» («Өзім туралы әңгіме»)*

Қамсыз отыратын қазақты қашаннан қияннан келіп қырып салатын жұттың бір қатерлі көрінісі міне осындай! Талғажу іздеп туған жерден тарыдай бытырап кете барды. «Алды жөн, арты соқпақ» атауға болатын белгісіз сапар. Әкесі, анасы (өгей шешесі), ағасы, қарындасы, өзі – бесеуі туған жерден ауа жолға шыққанда бала Өтебай жүрегіндегі қимас сезім де Бөгенге арналғанын

қараңыз. Олай болуы заңды да. Өйткені, Бөген – ақынның туған жері, шаранасынан жаялығын тазартып жуған суы, нулы өзені. Өйткені Бөген өзені – балдай балалығының жансерігі. Әсершіл көңілді оятқан, әсемдікті сезіндірген, тұшындырған қасиет қайнар көзі. Бала бойындағы ақындықтың анасы – осы Бөген. Оның бойындағы дарын дәні – осы Бөгеннен, сылқым сұлу өзеннен өнген рухани дән. Бала Өтебай сол кетіп бара жатқан сапарында көңіліне Бөген жайлы өлең түйіп, ойша өлең жұптап бара жатқан болуы керек. Ол өлең, бәлкім *«Бөген, мен сенің балаңмын»* аталатын мына өлең болар.

Бөген, Бөген, Бөгенсің!

Балдай тәтті өзенсің.

Балдай тәтті суыңды,

Балама болсын дегенсің...

Бөген, мен сенің балаңмын,

Жас гүлімін жағаңның

Жазыңның жаршы бұлбұлы,

Жырымын жаңа заманның.

Алдымыздағы өлеңнің қашан жазылғанына қарамастан туған жеріне деген ақын бала көңілінің іңкәрлігінен жаралған осы әзіз туындыны оның тап сол сәттегі жан сезімімен сәйкес қараймыз. Ақын қайда, қандай жағдайда жүрсе де, осы өлеңді айта

жүрген шығар. Расында, туған жеріне келе жатып та, туған жерінен арман желкенін керіп кетіп бара жатып та айтуға болатын өлең-ау, шіркін!

ТОҚ ҚАЛАДА АШ БАЛА

Ұйқыдағы қазақ сахарасына талып бір дүмпулер жетіп жатты. Өзі жарық дүниеге келген ғасыр басында Түркістан – Арыс арасына теміржол тартылыпты. Ол жол – өмірдің күретамырына айналып тұр. Ресейде күрес-көтерілістер болғаны, ақ патшаның тақтан құлағаны оңтүстік өңіріне дүңк-дүңк естіліп жатты. Қоғам бойындағы өзгерістер көбіне елге қиындық ала келеді. Қоғам бір кезеңнен екінші кезеңге өтерде ел ашығады, тарығады. Халық бейілі тарылады. Қылдай қымбатшылық етек алады. Жайшылықтағы ынтымақшыл, қонақжай дарқан мінез далада қалып енді әркім өзіне тартатын, басын сауғалайтын күнге тап болады. 1917 жылы төңкеріске ұласқан көтерілістер Оңтүстік өңіріне жаңалық болып жеткен шығар-ау. Ал, онымен қабаттасқан қатаң қыс, қысымды жұт болып та жетіпті. Бөген ауданының халқы, Жалғыззағаш ауылының адамдары дүр көтеріліп бас сауғалады. Тамақ іздеп тентіріп кетті. Профессор Бейсембай Кенжебайұлы мемуарлық жазбаларын оқы-

саңыз да, Өтебай Тұрманжанұлы өмірбаяндық әңгімесін оқысаңыз да ел ішін жайлаған аштық, көбейген ұры-қарыны көресің.

Қол епсектігімен күн көріп отырған Тұрманжан әулеті туған жерден алыстап кетуді сірә да ойламаған әуелі. Жалғыздағашта етік жаматып, ер-тұрман істетерлік кісі қалмаған соң ұсталықтан қайран кеткенін білген әке көрші жатқан Темірлан селосына көзін тігіпті әуелі. Онда орыстар тұрады. Ежелден отырықшы ел қордасынмен қыстан аман шыққанын орыс байына жалданған үлкен баласынан есітіп білді. Енді сол ұлын сағаламақты ойлап үй-ішімен Темірланға көшіп барды. Елді мекенде ұсталық жасауды ойлады. Өтебай болса да ағасына көмекші. Айналадағы қазақ ауылдарынан береке қашқан соң болмайды екен бірақ. Орыс байы да ауырсынады. Тұрманжан әулетін іске пайдалануын пайдаланады. Бірақ асуын ажыратуға келгенде белі қайқаңдайды. Ауыл село тұрғындары да етік жаматып, зергерлік бұйымдарын соқтыра қоймайды. «Ораза-намаз тоқтықта» дегеннің кебі келді. Көзі ашық, көңілі ояу Тұрманжан қарияның ендігі беталысы – Арыс қаласы. Оған Түркістаннан шойын жол жеткен. Шойын жолмен бірге жаңа кәсіп те келсе керек. Екі ұл, бір қызын алып Тұрманжан қария елу

шақырым жердегі Арысқа келеді. Мұнда да жағдай мәз емес. Бір апта етікшілік еткен Тұрманжан түңіліп келді үйіне. Табысы бала-шаға асырауға жетпейді. Тіпті жұтқанда жұқ болмайтын жұқана. «Ташкент – нанды қала» деген аңыз әңгіме тараған ел ішіне. Арыс халқы да Ташкенге кетіп жатыр. Кету босуға айналғандай. Енді осы лақапқа ден қойған аш-жалаңаш Тұрманжан әулеті жүк вагонына жармасып «нанды қала Ташкент қайдасың?» – деп тартып отырады. Адам таситын арнайы поезд емес, жүк тасымалдайтын состав асықпай, алты сағат жүретін жерге бес-алты күн қона жүріп жетеді.

Тұрманжан әулетін Ташкенге жетелеген бір жағы соқыр сенім, мәжбүр еткен – аштық. Сонымен бірге «көппен көрген ұлы той» – деген тәуекелшілдік. Әрі бір үміт оты да жылтылдап жатты отағасы ішінде. Бірсыпыра ауылдастары кеткен Ташкенге. Әйелінің туған інісі – Нұрғожа да кеткен Ташкенге. Соларға арқа сүйер, солар көрген күнді көреді-дағы. Әлқисса, сонымен Тұрманжан әулеті Ташкенге келді.

Алғаш кент көрген, алғаш ұлы қаламен, оның халқымен бетпе-бет келген баланың алған әсері мынадай еді: *«Менің кілең тастан қаланған тас бауыр қаланы бірінші рет көруім. Адамдары да тас мінезді ме, қай-*

дам, кісімен амандаспайды. Сәлем берсең алмайды. Мейірімсіз, мелшиіп өте шығады. Кісіге жылуы жоқ. Біздің қонақ күткіш ауылымызда жұрттың бәрі бір-бірімен жарқылдап амандасып жататын. Мұнда аштық айдап келген жат меймандарға ешкім жылы қарап сәлем бермейді, сәлемін де алмайды. Тіпті адам деп көздеріне де ілмейді. Нақ осы жерде өзімнің Бөгенім, жолдасына жаны ашығыш Қасен досым есіме түсіп әке-шешеме білдірмей жылап та алдым солқылдап. Кең Ташкенге сыймай, тұрақ таппай табанынан тозған әке-шешем ақырында Ташкеннен 15-16 шақырым жердегі бір жамағайынын сұрастырып жүріп тауып алып, сонда барып, бір байға тамағы үшін жалшылыққа жалданды. Мені Ташкен қаласында бір армян байының жекеменшік наубайханасында нан жапқыш болып қызмет істейтін шешемнің туған інісі, нағашым Нұрғожа Тұрысбеков – «менің қасымда жүріп нанның қиқымын теріп жесе де аштан өлмес» – деп алып қалды. Мен Нұрғожа ағама шамам келгенше көмектесіп отынын жарысып, суын тасысып қала бердім. Көп ұзамай армян байы наубайханасын жауып, нағашы ағам Нұрғожа өз ықтиярымен қызыл әскер болып жаңа совет үкіметін жақтап – бай-

ларға-ақтарға қарсы бойына құрал-сайман асынып көкіректі керіп, сұр шинель киіп соғысқа кетті» («Өзім туралы әңгіме»).

Арқа сүйеген нағашы ағасы соғысқа кетті. Неге кетті? Жазушының келесі жазбасына («*Автобиография*») қарағанда Нұрқожаның қызылдарға бүйрегі бұрады екен. Ал, оның осы көзқарас-бейілін аңғарып қалған армян байы жұмыстан қуып шығыпты. Ері Қызыл Армияға аттанған соң, Өтекеңнің нағашы жеңгесі өзге біреуге тұрмысқа шығып кетіпті. Қарап отырсаңыз бала Өтебайдың алдынан бірыңғай бақытсыздық кездесіп отырады. Бала кезден құлын-тайдай шұрқырасып бірге өскен Бейсембай Кенжебайұлы «*Өтебай № 14 мектеп-интернатқа келгенге дейін бір мектепте оқып, сауатын ашып келгендей еді*» – дейді. Өтебайдың өз жазбаларына лен қойсақ ауылдан кеткен соң мектеп көрмеген көшенің кезбе баласы. Хат білуі, жоғарыда өзі айтқандай зерек көңіл ісі болса керек. Ақын ешбір жазбасында Ташкентте №14 мектеп-интернатқа дейін мектепте оқыдым деп жазбайды. Мектеп-интернатқа дейінгі тіршілігі – көше кезбелік, қайыршылық болыпты ақынның. Сөзіміз дәйекті болуы үшін тағы да ақынның өз жазбасына жүгінейікші. «Өзім туралы әңгімеде» ол: «*Менің ересектеу болып, есімді біліп қалған*

кезім. Екі-үш күн нағашымның үйінде болып, қораға келіп жүрген аш-жалаңаш, на-насыз балалармен танысып, оларды өзім-мен бірге қондырып, аштан өлмеу үшін солардың қылығын үйреніп, тобына қосылдым да кеттім» – деп жазады. Одан әрі аянышты өмірін: «Көше баласы болып көп жүрдім. Әбден қатайып алдым. Маңдайдан ешкім сипай қоймайды. Біреудің суын әкеп беріп, біреудің отынын жарып беріп, тіпті біреуге жүк станциясынан ебін тауып сексеуіл, көмір әкеп беріп, қатқан нанын жеп, қалдырған көжесін ішіп, жан сақтап жүре бердім» – деп сипаттайды базарсыз бала шағын.

Ақынның осынау жазбаларын оқып отырғанда бір жай еске түседі. Қоғам аласапыран күй кешіп, үкімет алмасып жатқан бұл жылдары ашыққан қазақтар «Ташкент – нанды қала» – деп Ташкенге ағылғанмен ондағы жағдай да мәз емес. Көзкөргендердің ауызекі әңгімесіне қарасақ та, әйтпесе, қариялардың мемуарлық жазбаларына үңілсек те жалаң лақаппен Ташкенге бала-шағасын ертіп ұбырып-шұбырып барып, аштан қырылған қазақты көреміз. Ташкен – нанды қала дегенде, ол жергілікті, бұрыннан қордасыны бар өзбек, қазақтарға қарата айтылған сөз. Ал, 1917-1920 жылдары сырттан

келген босқын қазақтар жергілікті өзбектер мен қазақтарды басып кете жаздаған. Ол қазақтардың көбі аштан қырылды сол жылдары. Аштан қырылмағаны өзбек ағайынға сіңіп «өзбек» болып кетті. Аштық қинап Ташкен ауып барған ол қазақтардың кейін есін жиып елге қайтқаны некен-саяқ.

Өтебай Тұрманжанұлы жазбасындағы мына бір көрініске көз салайықшы: *«Жан-жақтың бәрінде азамат соғысы жүріп жатты. Біз панасыз, қара танымайтын қара қожалақ балалар болсақ та кімнің дос, кімнің қас екенін жақсы біліп қалған кезіміз. Біз байларға қарсы қырланып, көкіректі керіп, аяғын тең басып, ән салып, құрал-сайман асынып соғысқа кетіп бара жатқан, бастарына қызыл жұлдызды дулыға киген қызыл әскермен біраз қатарласа еріп көзімізбен шығарып салатынбыз. Олардың кедейлерді, біз сияқты жетім-жесірлерді жақтайтынын әбден білеміз. Кетіп бара жатқан әскерлердің кейбіреуі жанындағы дорбасынан нанын алып, сындырып беріп кететіндері де болатын. «Революция кедейлердің қолына қонған бақыт құсы, байлардың сорына келген бақытсыздық!» - деген сөзді киімі қарамай-қарамай болып жүк станциясында жол түзетіп жүрген өзіміздің жұмысшы қазақтардан талай*

естігенбіз. Олар бұл сөзді аса бір қуанышпен айтатын» («Өзім туралы әңгіме») – дейді ол.

Аш-жалаңаш жадап-жүдеген босқын балалар ол кезде қазақ пен өзбек жерінде ғана емес. Елде жүріп жатқан соғыс салдары халықтың әл-ауқатын төмендетіп аштық әкеледі. Аштық зардабынан босу, тамақ іздеп жүріп ата-ана баладан көз жазу, бала ата-анадан айырылу – ол кезеңнің типтік жағдайы. Міне, сол жылдары тамақ іздеп босып жүрген балалар қай-қай қалада да көптеп кездесер еді. Біз бұл жағдайды оқу іздеп Омбыға барып, ұры-қары жетім балалар ортасына түсетін Сәбит Мұқанов өмірінен көреміз. Біз бұл жағдайды қызық-қызық кітаптар жазған балалар қаламгері Л.Пантелеевтің шығармаларынан білеміз. Елдегі осындай қасіретті жағдайды көре-біле тұра КССРО үкімет басшылығы қарап отыра алмады. Атақты чекист Ф.Э.Дзержинский бастаған арнайы комиссия құрылды. Арнайы комиссия жер-жерден жетім балалар үйін, коммуна мектебін, мектеп-интернаттар аша бастады. Аштықтан ығып жүрген, талыққан, тарыққан балаларды жер-жерден, түрмелерден шығарып алып осындай мектептерге орналастырғаны тарихтан мәлім. Кезінде өздері Петроградта ұйымдастырған «Школа социально-индивидуального воспи-

тания имени Достоевского» (ШКИД) – аталатын мектепте тәрбиеленген Г.Г. Белых пен А.И.Пантелеевтің он сегіз-он тоғыз жасында жазған «ШКИД республикасы» аталатын шығармасы бар.

Бұл жөнінде Е.Путилованың «ШКИД республикасында басталған еді» («Десткая литература», 1986) аталатын кітабы бірсыпыра мәлімет бере алады. Жалпы Кеңестер Одағындағы осындай игі бастама Түркістан республикасына да келіп жеткен кезінде. Түркістан Республикасы үкіметі де Ташкентте арнайы мектептер ашуға нұсқау берген. Ғани Мұратбаев, Әбдікәрім Ақбаев, Садықбек Сапарбеков секілді жалынды комсомол жетекшілері жер-жерден жетім балаларды жинап, теріп керек болса зорлықпен ұстап әкеліп мектеп-интернаттарға орналастырған.

Тарихтан бізге кеңірек мәлім осындай ағарту үйінің бірі – Ташкенттегі № 14 мектеп-интернат. Мұндай жетім балалар үйі, мектеп-интернаттар ол жылдары Ташкенде аз ашылмаған. Әзірге біздің білетініміз аталмыш интернат қана. Бәлкім, біздің бұл мектеп-интернатты жетік білетін себебіміз – ол ағарту ұясынан түлеп ұшқан шәкірт балалардың кейін Нұртас Оңдасынұлы, Бейсембай Кенжебайұлы, Жүсіпбек Арыстанов, Аалы Тоқамбаев секілді атақты адамдарға

айналуынан да болар, сірә. Сол білім орда-
сынан ұшқан түлектердің бірі – Өтебай Тұр-
манжанұлы: *«1919 жылы белгілі комсомол
басшысы Ғани Мұратбаев бастаған Ташкен
комсомолдары көше баласы болып жүрген
біз сияқты аш-жалаңаш панасыз балалар-
ды жинап алып, үйсіз-күйсіз, жетім-жесір
балаларға арнап ашылған мектеп-интер-
наттарға орналастыра бастады. Көптен
күткен бақыт жерден табылып мен № 14
мектеп-интернатқа орналастым. Жайлы,
жылы жатақханаға жатқызды. Моншаға
жуындырды, жаңа киім кигізді. Сол интер-
натта қолымызға кітап алып, ықылас
қойып оқу оқып, хат таныдық. Адамдық
әдепке үйрендік»* («Өзім туралы әңгіме») –
деп жазды кейін зор ризашылық сезіммен.

Айтса – айтқандай-ақ бар. Қазір ойлай-
сың, үйсіз-күйсіз қаңғып жүрген панасыз ба-
ланың бағына жастардың жалынды жетек-
шісі, тұла бойы от-жалын Ғани Мұратбаев
кездесіп, қамқорлығына алмаса, Өтебайдың
тағдыры қалай сабақталар еді деп. Аталмыш
мектеп-интернат Өтебай Тұрманжанұлы
болашағы үшін шешуші роль атқарды. Ол
мұнда қайырымды адамдарға жолықты,
шынайы ұстаздардан білім алды, тәрбие
мектебінен өтті, өзі сияқты панасыз бала-
лардан өмір бойы айнымас, іргесі ажырамас

асыл достар тапты. Ол достары – кейінгі әйгілі адамдар Бейсембай Кенжебайұлы, Жүсіпбек Арыстанұлы, Нұртас Оңдасынұлы, Илияс Қабылұлы секілді азаматтар еді.

Интернатта білім алуға мүмкіндік туды. Өйткені бұл мектепке Садуақас Оспанов, Әмін (Мұхамедәмин) Жүсіпов, Қамбаров, Бушатский, Зейнел Ғаби Имажанов секілді ғажайып ұстаздар сабақ беретін. Бұл интернатта бала шақта бойында бүр жарған өлеңін қайта мәпелеп өсіруге мүмкіндік туды. Оған да себепші ұстаздары мен достары. Өмірінің бұл кезеңі жөнінде Өтекеңнің өзі де, оның қимас достары да көбірек мәлімет қалдырады. Сондай деректің бірі әдебиетші философ Илияс Қабылов жөнінде жазған «Мейірбан дос» аталатын естелік-мақаласы. Естелікте *«Илияс Қабылов екеуімізді жетімдік пен жоқшылық айдап келіп, Ташкендегі Салар өзенінің жағасына жайғасқан еңбек коммунасы мектебінде кездестірген еді. Ол орта бойлы, өткір қара көзді, таяққа сүйеніп сылтып басып жүретін, айтпайтын, айтса қайтпайтын бір сөзді, өр мінезді, қара торы жас бозбала екен. Коммунаға кірісімен комсомолдық ұяның хатшысы болып шыға келді. Жұмысқа жалқау, сабаққа марқау балаларды талқылаған комсомол жиналысы бірінің соңынан бірі*

үзілмей өте бастады. Мен Ілиястың жәрдемшісі бола кеттім» («Қазақ әдебиеті» газеті №42 /1236/, 18 қазан, 1974) – деп жазады. Өтебай достарының бірімен ғана емес, бәрімен де осылай мектеп-интернатта кездесіп, табысып болашаққа бірге аттанған. Адамдық әліппесін, кісілік сабағын дұрыс өтуіне аяулы ұстаздары ықпалы айырықша.

Ақын жазбасына аз-аздап аялдау керек. Ақын айтып отырған коммуна мектебі қай мектеп? Ілияс Қабылов, Өтебай Тұрманжанұлы №14 мектеп интернатқа кейіннен келіп, жетім балалар қосынына кейін келіп қосылды деп интернатта бірге оқыған Бейсембай Кенжебайұлы отыр. Олардың бұрын оқыған ағартушылық ұясын «Ғабдолла Тоқай атындағы мектеп» атап, тиянақтайтыны тағы бар. Бала Өтебай өмірінің осы бір кезеңі жөнінде екінші нұсқада ойланып, қиял қыдыртып көрейік.

Қазақ даласына татарлардың ағартушылық мақсатта қозғалуы ХІХ ғасырдан басталады. Сарыарқа жағына татар оқығандарының ықпалы жайында Сәбит Мұқанов өзінің «Өмір мектебі» ғұмырнамалық шығармасының бірінші кітабында бірсыпыра әңгімелейді. Татардың ұлы ақыны Ғабдолла Тоқайдың асыл сөзді шығармаларынан қалай қанып сусындағанын әсерге бөлеп жазады.

Татар молдалар кім еді? Олар жәдидшілер бллатын. Солтүстікте ағартушылық жасаған Татар жәдитшілері сапында башқұрттың көрнекті ақыны Сәйфи Құдаш та болған. Сәйфи Құдаш Қазақстанға келген 1977 жылы Сәбит Мұқанов үйінде бірсыпыра әңгімелестім. Сәбит Мұқановтың мемориальдық музей-үйін жасақтап жүрген сәт. Бауырлас башқұрт ақынымен әңгімелесіп, әңгімесін күнделік дәптеріме түсірумен болдым. Кейін Башқұртстанға екі рет сапармен бардым. Үйінде болдым. Ақын қайтыс. Жеке архивімен таныстым. Сәбит Мұқановқа қатысты мәліметтерді қойын кітабыма көшіріп алдым. Ол мәліметтердің дені қазақ даласына жасалған татар ағартушылығы жайында. Сәйфи Құдаш өзі бала жаста ағартушылық жасап, бала оқытқан қазақ ауылдарын араламақ болады. Жасы ұлғайған шағы. Өфеден Қостанайға келеді. Башқұрт ақынын қарсы алуға Алматыдан Сәбит Мұқанов шығады. Екеуі Қостанай қаласында құшақ айқастырады. Қостанай даласын екеуі бірге «аттылы жаяу» аралайды. Бұл сәтті де Сәбит Мұқанов «Сәйфи Құдаш Қостанайда» атап, «Қазақ әдебиеті» газеті бетінде сыр мақала етіп жазады. Қазақ даласындағы татар ағартушылығы жайында бұл да бір мәлімет.

Екінші мәліметті қазақ даласының оңтүстік батысынан баста ләзім. Ғабдолла Тоқай

Оралда болған, Орал қаласында тұрған адам. Ғани бай аталатын ағартушы меценат Тоқай болған Оралдан тартып қазақ даласына ағартушылық, кәсіптік қозғалысын жасайды. Оралда кәсіп ашады. Кәсіп жанынан мектеп ашады. Қозғалып Қазалы қаласына жетеді. Кәсіп ашады. Кәсібі – жүн-жұрқа зауыты. Зауытта жұмыс істейтін ерлі-зайыптылар жарық көрген перзентінің атын Ғани бай атымен атауды жөн көреді. Мұратбай шаңырағында өмірге келген нәрестеге Ғани есімі осылай беріледі. Ол өзіміз білетін шығыс жұлдызы болып жарқырап шыққан Ғани Мұратбаев. Мұратбайдың баласы Қазалыда Ғани бай ашқан Ғабдолла Тоқай мектебінен білім алып, қанаттанады.

Ғани бай жылжып Шымкент келеді. Шымкентте де кәсіп ашып жергілікті жұртшылыққа жұмыс береді. Шымкентте XX ғасырдың жиырманшы жылдары Ғабдолла Тоқай атында ағарту ұясы болған. Шымкентте үш мектеп бар. Ахмет Байтұрсынұлы, Ғабдолла Тоқай, Ғани Мұратбаев атында. Бүгінде үшеуі де басқа кісілердің атында... Үшеуі де 1937 жылға қарата өзгеріп сала берген. Бірі Советтер одағының Батыры атында, тағы бірі, тағы бірі... Бір қызық бар. Шымкент XX ғасыр басында Сырдария облысына қарайтын шағын губерниялық

шаһар. Сол кездің өзінде бір көше Ғабдолла Тоқай атына берілген. Шамасы ол көшеде татар оқығандары көбірек тұрса керек. Ол көшеде Жүсіпбек Аймауытұлы алдымен сабақ берген, кейіннен аздап директорлық еткен педагогикалық техникум болған. Екі бөлмелі жатаған үй. 1999 жылы басымды сұғып, ішіне кіріп көрдім. Құланды. Алдыңғы үй опырылып тұр. Арғы бөлме сақталыпты. Алдыңғы бөлмесінде Жүсіпбек Аймауытұлы отбасымен тұрған. Екінші бөлме техникум. Онда балалар оқиды.

Шымкент қаласында күні бүгін «Ғабдолла Тоқаев көшесі» бар. Шағын көше. Біз әңгімелеп отырған «пед.техникум» (колледж) осы Ғабдолла Тоқаев көшесі бойында еді. Бүгінде бұзылып, қиратылды. Орнында жаңа типті кафе. «Мельница». Сақтай алмадық. Бар қолдан келгені *«Жүсіпбек Аймауытұлы тұрған, «Ақбілек» туған үй еді...»* атап мақала жазып, жергілікті «Оңтүстік Қазақстан» газеті (17 ақпан, 2001 ж.) бетінде жариялап, дабыл қақтық.

Шымкенттегі Ғабдолла Тоқай мектебінде де бірсыпыра қазақ зиялысы оқыған.

Ғани байдың кәсіпкерлік һәм меценаттық адымы ұзарып, табысы күсеп болып Ташкен жетеді. Жүн-жұрқа зауытын ашады. Ғабдолла Тоқай атында мектеп қалыптайды. Ғани

Мұратбаев Ташкенге алғаш осы Ғабдолла Тоқай мектебі жүйесімен келген. Бейсембай Кенжебайұлы айтып отырған «Өтебай біздің интернатқа келгенге дейін Ғабдолла Тоқай мектебінде оқыған еді»-дейтін мәліметтің сыры осында жатса керек. Илияс Қабылов, өзге де жетім балалар оқитын мектеп осы Ғабдолла Тоқай мектебі. Тоқай мектебінде бәлкім Өтебай да оқыған шығар... Мектептен Өтебай, Илияс неге қашады? Тоқай жеке татар байы ашқан ағарту ұясы. Бірақ, киіндіріп, ішіндіруге XX ғасыр басындағы қым-қуыт жағдай Ғани байдың да қолын байлаған. XX ғасыр басы байдың заманы емес. Байдың дәуренінен кедейдің заманына ауып келе жатқан уақыт. Татар баспасөзі мәліметтеріне («Мирас» газеті т.б.) қарағанда Ғани бай да XX ғасыр басында қусырыла бастаған. Дегенде XX ғасыр басында Ташкентте «Ғабдолла Тоқай мектептері» аз-аздап болса да жұмыс істеп тұрады. Ол жайында «Ақ жол» газетінде бірсыпыра мәліметтер бар.

Сонымен Өтебай Тұрманжанұлы Ташкендегі №14 жетім балалар интернатына ауысып келді. Интернат Салар өзені бойында. Бейсекеңнің куәлік етуіне қарағанда жетім балалар үйі алғашында Бозсу аталатын жерде, жатаған бір үйде ашылған. Алғашында білім бермейтін, аш, жалаңаш жетім бала-

лардың аузына тамақ салатын, киіндіретін жетім балалар үйі. Жетім балалар үйі Салар өзенінің жағасына көшеді. Бұрынғы Генерал губернатордың үйі деп еске алатын Бейсекең. Демек, А.Н.Куропаткиннің (1916-1917) үйі. Үй еңселі. Салар өзені бойына бұрынғы жетім балалар үйі №14 мектеп интернатқа айналып шыға келеді. Мектеп интернатта сабақ басталады.

Архив деректері, әкедей әзіз ұстаз Бейсекең Кенжебайұлы әңгімесіне қарағанда Интернат мектептің құрылымы қызық жүйеде үйлестіріліпті. Үкіметтік жүйе деуге болар. Жапонияда әзелден мектепті ұстаздар емес, оқушылардың өздері басқарады. Жапониямен ішкі байланысқа талпынған Алашорданың әсері шығар. Әйтеуір №14 мектеп интернат алғаш рет үкіметтік жүйемен оқушылардың өзін-өзі басқаратын болып үйлестіріліпті.

Орталық комитет – комсомол ұйымы. Бастығы Асанбай Сексенбаев. Ташкент қазағының баласы. Кейін Тәжікстанда Орталық партия комитетінде істеген.

Министрлер Советі. Төрағасы – Нұртас Оңдасынов. Ол Түркістанның жетім баласы. Ескіше хат біледі.

Атқару Комитеті. Төрағасы Өтебай Тұрманжанұлы.

Халық комиссарлары.

Ағарту комиссары Бейсембай Кенжебайұлы. Кейінгі кезгі үлкен ғалым. Профессор.

Шаруашылық комиссары – Бабаш Кеншімбаев. Ұлы Отан соғысында өледі. Ол қорадағы егінді суарады. Бақшаны күтуді ұйымдастырады. Қора тазалатады.

Шет ел комиссары – Бектас Шынарбаев. Басқа интернаттармен байланыс орнатады. Ол кезде Ташкентте №1 және №4 қазақ интернаттары бар еді.

Ішкі істер комиссары. Оның міндеті интернатқа күзет қою, мектепті қарауылдау.

Мектеп үш бөлек. Оларға да «Қарашаңырақ» (орталығы), «Отау» (Кішірегі) секілді ат қойған.

Тазалық-денсаулық комиссары Орынбаев Өмірзақ. Жаңақорғандық бала. Хат біледі. Кейін Орман шаруашылығы министрі болып тұрып қайтыс болады.

Шлиман жайында «ЖЗЛ» сериясымен жарық көрген бір деректі кітап оқығаным бар. Трояны ашқан археолог Шлиман бала жасында археолог болуды армандапты.

Трояны ашуды бала жастан ойластырса керек. Сол секілді №14 жетім балалар үйінің оқушылары интернатта жүріп атқарған қызметін кейін қазақ қоғамында әрі қарай жалғайды. Нұртас Оңдасынұлы Дәндібаев (дұрысы осындай) ұзақ жыл Қазақ ССР

министрлер советінің төрағасы. Жастар ұйымын басқарған Асанбай Сексенбаев кейін Тәжікстан КП Орталық комитетінің қызметкері. Ағарту комиссары Бейсембай Кенжебайұлы – кейін ағарту саласында ұзақ жыл еңбек етті. Қазақ түріктануы басында тұрған ұлы тұлға болып қалыптасты. Қадірлі профессор. Тазалық-денсаулық комиссары Өмірзақ Орынбаев кейін Орман шаруашылығы министрі. Бектас Шынарбаев оның орынбасары. Ал, атқару комитетінің төрағасы Өтебай Тұрманжанұлының тағдыры бұралаң соқпақты болып өріледі. «Халық жауы» деген жаламен екі рет Сібір айдалды. Ұзақ жыл сенімсіз күдікті адам ретінде ұдайы бақылауда тіршілік кешті. 1937 жылы сотталған кезінде Сібірде сегіз жыл жүріп оралған.

Алматыда тұруға рұқсат етілмей Сарысу ауданына жер аударылған. Айына бір рет жергілікті НКВД-ға барып, төбе көрсетеді, қағазға қол қойып отырады... Бейсембай Кенжебайұлы ұлтшылдық жарғысы тағылып 1953 жылы үй қамағында болады...

Бір интернатта бірге оқыған өзге балалар жайында айтайық.

Жүсіпбек Арыстанов «Ақ жол» газетінің редакторы. «Еңбекші қазақ» газетінің Бас редакторы (1937), «Қазақстан коммунисті» журналының Бас редакторы (1937). Әрі қарай Есмағамбет Ысмайыловтың көрсетуімен

түрмеге түседі. «Халық жауы». Өтекеңмен тағдырлас тіршілік кешті. Сібірге екі рет айдалып, жазасын өтеді. Қайтып оралған соң «Қазақстан» баспасында қатардағы редактор. Ғани Мұратбаев, Ораз Жандосов жайында деректі ғұмырнамалық кітаптар жазды. Бұралаң соқпақты өмір жолында жолығысқан тағдырлы тұлғалар жайында «Естен кетпес есімдер...» аталатын мемуарлық шығарма жазып қалдырды.

Нұртас Оңдасынұлы (Дәндібаев) Ташкенттегі Орман шаруашылығы техникумын, кейін Ташкенттегі Мақта шаруашылығы институтының екі курсын тауысты. Бабаш Кеншімбаев кейін Москвада Темір жол институтын оқып аяқтады. Тәжібай Байбосынов Орман шаруашылығы институтында білім алды. Кейін ағаш өңдеу министрі болды. Жамалбек Шалабаев Орман шаруашылығы институтын тауысқан маман. Кейін сексеуіл отын министрі, одан кейін Министрлер советінде орынбасар дәрежесінде жұмыс істеді.

Интернатта әуелгі кезде сабақ жүргізілмеген. Балалар жеңіл-желпі жұмысқа баулынады. Лениндік сенбілік жиі. Сенбілікке қатысады. Балалар бірде сабын зауытынан өрт шығып, набыт бола жаздағанда, өрт сөндірісіп қызыл тақтаға жазылады.

№14 мектептің ұстаздары да шынайы педагогтар болыпты.

Алғашқы сәтте Ғани директор секілді басшылық жасап жүреді. Жалынды жастар жетекшісінің ұдайы қасында жүретін серігі Әбдікерім Ақбаев тәрбиеші. Ғани комсомол жұмысына бірыңғай кеткенде мектепті Садуақас Оспанұлы басқарыпты. Ана тілінен Әмин Жүсіпов сабақ береді. Әмин қайтыс болған соң, Өфе медресесін бітіріп келген Зейнел Ғаби Имажанов ана тілі сабағын жүргізеді. Нәсілі казак Исак Бушатский қазақ тіліне судай. Ол математика пәнінің мұғалімі. Кейін Шымкентте тұрып, қартайып қайтыс болыпты. Қалалық жастар ұйымында істейтін Шаги Ярмухамедов те тәрбиеші. Ол келіп-кетіп жүреді. Димаш Қонаевтың туысқаны. Байырғы Ташкенттік. Әбдірахман есімді бір татар жігіті тәрбиеші. Бір өзбек жігіті де тәрбиеші. Ол екеуі шаруашылық тәрбиешілері.

Міне, Ташкендегі №14 жетім балалар интернатының құрылымы, ұстаздық құрамы.

Әйгілі ғалым Бейсембай Кенжебайұлы – мен әңгімелесе қалғанда интернатта сабақ беріп, тәрбиеге баулитын ұстаздарын аса бір қимас сезіммен, қарыздар бейілмен еске алар еді. Осындай шәкірттік ғазиз жүрек үнін Өтебай жазбаларынан да оқыдық. *«Осы мектеп-интернатта оқып жүргенімде өлең-қисса кітаптарды әндетіп оқып,*

көзге түстім бе, мұғалімдер мені әдебиетке бір табан жақын, көркем әдебиетті жақсы көретін бала деп ұққан тәрізді. Бір күні өзімізге ана тілі сабағын оқытатын ағайымыз – Әмин Жүсіпов, – байқаймын, сен Өтебай, өлең кітаптарды жақсы көретін сияқтысың. Мына атаң Абайдың өлеңдерін оқып, байқап көрші, – деп Абайдың ескі уақытта басылған бір жинағын берді. Қуана-қуана алдым. Оқып қызығына қандым. Осындай да сөзге ұста кісі тұады екен-ау, - деп таң қалдым. Бұл кітап менің өлеңге құмарлығымды асыра түсті. Мұнан соң Қамбаров дейтін ағайдан Сәкеннің «Өткен күндерін» алып оқыдым. Жәй оқығаным жоқ, құмарлана, құштарлана, беріле оқыдым. Осы күнде ойлаймын: осы құмарлық, осы ынтықтық мені жетелеп алып келіп өлең дүниесіне кіргізген сияқты...» («Іздеген арманына жетеді екен» – деген жазбасынан) - деп жазыпты ол.

Осында балалар кітап алып оқитын «кітапхана» жайы. Абай кітабы. Қисса-дастандар жайы аздап аялдауды тілейтін мән-жай.

Абайдың кітабы алғаш атақты баспагер Бораганский бастырып шығаратын өлеңдер жинағы. Бораганский аталған баспагер ХХ ғасыр басында Санкт Петербургте жасаған татар зиялысы. Ол Санкт Петербургте қай-

дан жүр? Баспа ісіне қалай тартылған? Арғы «Алтын орда» дәуіріне бармай-ақ қоялық. Академик ғалым, сұмдық мәтінтанушы Д.С. Лихачевтің «Текстология» аталатын кәделі кітабының мәліметіне қарағанда славян шіркеулерінде қолжазба әдебиет сақталған. ХІХ ғасырда орыс кітабы недәуір басылым көреді. Жарық көрген кітаптардың бірсыпырасы Санкт Петербург университетіне тиесілі. Университетті Бекетов ректор болып басқарған жылдары оқу орны жанында «Түркістан институты» ашылып, жұмыс істеген. Асылында, орыс мәдениетін жасаушылардың дені түрік тұқымдас жұрағат. Бекетовтың тегі де түрік. Оның университет жанынан «Түркістан институтын» ашып жүруінде де гәп бар. Бекетов тұла бойы тұнып тұрған өркениет. Зиялының үш қызы болған. Үш қызы еуропаның үш тілінен көркем шығармалар аударады. Бірі Александр Блоктың анасы. Ұлы ақын Александр Блоктың нағашысы. Бекетевтің үйінде «Үй театры» болған. Неміс нәсілді Блок сөйтіп нағашысының үйінде тәрбиеленген. Үй театрында спектакль қойып, рольде өзі ойнайтын әдет болған. Соловевтің «Поэт и его подвиг», Орловтың «Гамаюн» аталатын Блок тағдырын тәптіштейтін еңбектерінде осындай көп кеңес айтылады. Өкініші кітап

қозғалысы адымы тұсалды. Жастарымыз кітап оқымайтын сырқатқа ұшырады. Әңгіме Бораған баспагер туралы.

«Түркістан» институтының өз баспасы бар. Баспасын Қазандық татар зиялысы Бораған басқарған. Ұлы ақынымыз Абайдың өлеңдер жинағы осы Бораған арқылы 1909 жылы Санкт Петербургте басылады.

№14 жетім балалар үйінде Өтебай, Бейсембай, Жүсіпбек, Илияс оқитын Абай кітабының төркіні міне, осы.

Интернатты ұйымдастырушы Сәдуақас Оспанұлы. Бейсекеңнің дәйегіне қарағанда бұрынғы Түркістан уалаяты, Жаңақорған ауылы тұрғыны. Оқыған. Зиялы. Алаш қатарында болған. Ағартушы. Сәдуақас Оспанұлының бір кісі қызығатын кәсібі бар. Екі-үш түйеге жүк болатын көшпелі кітапханасы бар. Нәсілі шуаш, ұлы оқымысты Инокентий Бичурин Цин империясынан 19 түйеге артып кітап алып қайтқаны жөнінде қызықты дерек бар тарихта. Осыдан шығарып айтсақ, түрік жұртында ортағасырда отырықшы кезеңде Рабаттарда даңқы кең жайылған кітапханалар болуы өз алдына бір тарих. Көшпелі тұрмысқа ойысқанда «көшпелі кітапхана» ұстаған деуіміз керек. Сәдуақас Оспанұлы «көшпелі кітапхана» дәстүрін сақтаушы, сақтаушы ғана емес, жалғаушы ғартушы.

Жетім балалар таласа-тармаса кітап алып оқитын кітапхана Сәдуақас Оспанұлының осы «көшпелі кітапханасы». Кітапхана кітаптарының дені – ХІХ ғасырдың аяғы, ХХ ғасырдың басында Қазанда, Ташкенде, Өфеде басылған араб тілді кітаптар, қисса-дастандар. Оны Сәдуақас жарықтық №14 жетім балалар интернатының бір бөлмесіне жайып қояды. Бөлме есігі тысында «КІТАПХАНА» деген кәделі жазу... Сәдуақас интернатты ұйымдастырушы ғана емес. Балалардың көзін ашып, көңілін білім нұрымен көркейтір ашатын ұстаз. Түрлі пәннен сабақ береді. Қай пәннен сабақ берсе де айырықша ден қояры – Абай. Абай кітабын қай пән, қандай сабақта болса да балаларға оқыта береді, оқыта береді. Тіпті Абай өлеңдерін жаттаудан (жадқа алу) балалар арасында жарыс өткізеді. Айта кетелік. Шымкент шаһарында Абай атындағы кітапхананың ұйымдастыруымен үш жыл қатарынан Абай өлеңдерін оқудан оқушылар, жасөспірімдер арасында жарыс өтті. (Кітапхана директоры Нұрила есімді қыз бала) Жарыс биыл мәресіне жетті. Міне, жаңарған дәстүр!

Өтебай Тұрманжанұлы жазбасында Сәдуақас Оспанұлы атын атамайды. Абай шығармасымен танысу бақытын Әмин Жүсіпов ұстазға телиді. Оған дау да, күмән да

болмауы керек. Бірақ, бұл сауаптың басында Сәдуақас Оспанұлының тұрғаны анық. Өтебайдың Сәдуақас ұстаз атын атамай отырған себебі бар. Сәдуақас ұстаз Ташкендегі ағартушылық, журналистік («Ақ жол» газетіне жиі мақала жазып отырған) қызметінен соң Семей өңіріне бір ауданға Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып жаңа жұмысқа жіберіледі. Партиялық қызметте жүріп 1937 жылы «халық жауы» нақақ жаласымен атылып кеткен Алашорда бейілді жан. Тәуелсіздіктен кейін ғана ақталды.

Ана жылы қазақтың тұңғыш кәсіби дирижері Тұрғыт Османов Бейсекеңе келіп, әкесі туралы естелік жаздырып алғанын білемін. Өркениеттік мамандық иесі Тұрғыт тегі неге Османов? Ол да 1937 жылдың залалы. Тұрғыт Сәдуақасұлы Оспанов та қашан көз жұмғанынша «халық жауының баласы» аталатын қара күйеден арылмай, көзтүрткі көріп өтті... Оспанов бола тұра Тұрғыт ағаның «Османов» болып бойтасалап жүруі енді оқырман қауымға айтпаса да түсінікті болар... Өтебайдың алдымен Сәдуақас ұстазды атамай, бірден Әминді ауызға алуының сыры да осында. Өзі 1937 жылдан тартып екі рет «халық жауы» жаласымен ұсталып, екі рет Сібір айдалған Тұрманжанұлы Өтебай «халық жауы» атымен (1937 жылы) атылған

ұстазы есімін қалай ғана ақ қағазға жазсын? Ақ қағазға жаза алмады ол жылдары. Есесіне жүрегіне жазып, өзімен бірге қымбат есімді өле-өлгенше жадында сақтады.

Жақсы ұстаз – жарты ырыс екен-ау. Өтекеңдікі де дұрыс. Абай кітабын Сәдуақас қана ұсынбайды ғой шәкірттеріне. Әмин де ұсынуы мүмкін. Оның үстіне «өлеңге жақын» деп іштартып отыр.

Әминдей ұстаздың шәкірт бала бойындағы жанайын деп тұрған шоқты үрлеп әуреге түсуін қараңыз. Әуре ме екен ол ? Ол – ұстаздық парыз емес пе?! Ұстаздың да ұстазы бар. Қазақ даласының әр шалғайынан жиналған көгенкөздердің көңілінде көміліп қалған арманын аршып, басылып қалған бала қиялын қайта оятып қанат бітіріп жүрген Әмин секілді ұстаздар - әкеге бергісіз шынайы ұстаз болар, сірә. Әмин кім?

Өтебай, Жүсіпбек, Бейсембай Әмин атын ауыздан тастамайтын себебі не? Әмин Жүсіпов – атақты қазақ ақыны, фольклор жинаушысы әулие атанған Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ұлы. Мәшһүр Жүсіптің қай баласы? Әке балаға сыншы. Атақты ақынның өз кіндігінен үш ұлы болыпты. «Өз бетін аямаған, кісі бетін шиедей қылады» дегендей, ақын өз балаларын қатты сынап былай депті уақытында: «Бір ұлым бар өзімнен өте

туған (Әмен), бір ұлым бар өзіме жете туған (Шәрәпи), бір ұлым бар көтінен кейін кете туған (Фазыл)...» Біз бұл әңгімені уақытында Бейсембай Кенжебайұлының аузынан естіген едік. Енді «Мәшһүр Жүсіп Көпеев», «Таңдамалы», бірінші том, «Ғылым», 1990 жыл, 250 бет бойынша келтіріп отырмыз. Тағы да айта кетерлік бір жай - Әмин Жүсіпов жөнінде «Жалын» журналында қысқаша бір мақала басылып шықты. Сондай-ақ «Социалистік Қазақстан» газетінде Мәшһүр Жүсіп пен Жүсіпбек Аймауытовтың өзара жазысқан хаттары («Социалистік Қазақстан» №102 (19577), 7 мамыр, 1990 жыл) жарияланды. Әмин Жүсіпов жайында Нұржан Қуантай ізденісі де жемісті. Бұлардың қай-қайсысы да Әмин Жүсіповке қатысты материалдар. Осындай материалдардың бір парасы ғалым Бейсембай Кенжебайұлының архивінде. Бейсекең күнделігінде Әминнің «Ақ жол» газеті ашыларда ақ жол тілеп жазған өлеңі де көшіріліп түсіпті. Аяулы ғалымның ауызекі айтқан естелігі мен архивтік жазбаларын орайын келтіріп жариялау ойда бар. Міне, Өтекеңнің ұстазы Әминнің кім болғаны?! Ол – Мәшһүр Жүсіп қана емес, қазақ зиялылары үміт күткен дарынды жас еді. Жас кетті. Қапияда дұшпандар қолынан қаза тапты. Ал, өзі өлең жазатын, барынша зиялы Әмин Жүсіпов бір Өте-

байды ғана емес, интернаттың бар баласын әдебиетке баулыды. Әдебиетке Абай өлеңдерімен баулыды. Кейін бәрі бірдей әдебиетші болған жоқ. Бірақ, әдебиетке жақындық кейін оларды қандай мамандық таңдап, қандай қызметтің құлағын ұстаса да әлеумет ісінде өзгеше қанаттандырып тұлғалады. Балаусан шағынан әдебиетке баулынған олар замандастарынан оқ бойы озық тұрды. Қоғам істеріне келгенде алдына жан салмады. Бәрі де жайқалып өскен жас құрақтай кезінде Абай өлеңдері рухымен нәрленіп өскендіктен.

Мектеп интернат директоры Сәдуақас Оспанов, ана тілі пәнінің мұғалімі Әмин Жүсіпов сөйтіп, жетім балаларды Абай өлеңдері уызымен ауыздандырып, ұлы ақын шығармаларымен әдилеп бақты. Интернат түлектері ұстаздарын, әсіресе осы екі ұстаз есімін қашан өле-өлгенше жүрегінде жұптады, тағдыр дауылына ұшыраған қиын жылдары да олардың тәрбиесін ұстаным етті, күрескерлік құралына айналдырып ұстады.

Әмин Жүсіпов Алашорда рухында қалыптасу үстіндегі жас ақын. Түркістан советтік республикасының үні ретінде «Ақ жол» газеті шыға бастағанда, газетке ақ жол тілеп өлең жазатын да Әмин. «Ақ жол» газетінің үшінші санында жарық көрген өлең былай келер еді:

«АҚЖОЛҒА»

Сен «Ақ жол» халқыңа,
Жолаушы боп баратын.
Бар оқушы қалпыңа,
Ояу көзбен қарайтын.

Көр, арала, сен қара,
Қазақ-қырғыз даласын.
Еділ-жайық, сырдәря,
Ойлы-қырлы саласын.

Сыйпай түрте жүресің,
Алтай тауы арасын,
Аңдап барып көресің,
Есіл Ертіс жағасын.

Айқын айтып берерсің,
Ел болудың шарасын.
Ептеп емдей жүрерсің,
Түрлі асқынған жарасын.

Біріктіріп, басын қос,
Алты алаштың баласын.
Төңкеріске көбейт дос,
Ұрлеп жаңдыр шаласын.
Туды міне ерік деп
Таптық нағыз сирек деп
Кел кедейлер бірік деп
Шақыр қазақ даласын.

Әмин.

Бейсембай Кенжебайұлы архивінен келтірілген көшірмені оқи отырып Әмин келешегі кемел ақын боларлық бозым екен-ау дейсің көңіліңді өкінішке беріп. Осы өлеңнің өзі-ақ интернатта алдынан сабақ алатын, сабақтан тыс уақытта бозымдарды әдебиетке баули тәрбиелейтінін байқайсың.

Оқушылар мұғалімдері кеңесімен комсомол отрядын құрып Ташкен көшелерін, айналасындағы ауылдарды кезеді. Іздейтіні – қазақтың жетім балалары.

Сәдуақас Оспанов ендігі кезекте интернатқа қыздарды тарту керектігін айтты. Үлгі есебінде өзінің екі қарындасы Фатима мен Ғайшаны мектепке тартты. Қазақ ағарту институтында оқитын Үрия Тұрдықұлованы мектепке алынған қыздарға жолкөрсетуші, үлгі етіп әкеледі. Интернаттың алғашқы қыздары міне осы айымдар. Олардың тағдыры жайында да айта кетейік. Фатима кейін Ілияс Жансүгіровке тұрмысқа шығады. Бір қыз, бір ұл сүйеді арынды ақыннан. Қызы жастай шетінеп, ұлы Саят әбден қартайып, қайтыс болды. Ғайша күйеуге тимеді. Ерленбей өтті өмірден. Үрия Тұрдықұлова – Қазақ ССР-нің еңбегі сіңген артисі.

...Ұстаздар мен оқушы жастардың бірігіп қимылдауымен көше кезген балалар мен күндікте жүрген қыздар интернатқа көптеп

қабылдана бастайды. Біраз уақытта интернатқа көптеген қыздар жиналып қалған еді.

Өтебаймен бірге оқитын Бабаш Кеншімбаевтың қарындасы Ташкеннің персиан байының қолында қалған. Аққұба ажарлы қыз. Есімі – Нәзипа. Олар ашаршылық жылдары Ташкенге босып барған. Бай әлгі Нәзипаның әдемілігіне қызығып «өскен соң аламын дейді» екен. Өскенше персиян үйінің оны-мұны жұмыстарын атқарады. Солай ас-суын ажыратады. Он үш-он төрт жасқа ілінген Нәзипаны бай бәленбайыншы тоқалдыққа алады. Комсомол жиналысында Бабаш өзінің қарындасы тағдырын жыламсырап тұрып ортаға салады. Араша түсуін жалынып сұрайды.

Жалындап тұрған жастар қойсын ба? Дереву отряд жасақтап, жібереді. Сап түзеп тұра қалған жастар Жүсіпбек Аймауытұлының «Жастар маршын» айтып жолға шығады. Жастардың балалығын ескеріп, әрі қиын іс екенін ескеріп, отрядты Әмин Жүсіпов басқарып барады. Қарсыласқан байды бетін шешек дағы басып кеткен бұжыр қара Әмин беттетпейді. Басшысы бел салып, жастар жан салып Нәзипаны байдан тартып алып кетеді. Интернатқа оқуға қабылдайды.

Кектескен бай тырнағын ішіне бүгіп, кектеніп қала берген. Әмин бірде қалалық

комсомол жиылысынан келіп, бақшада қыдырып жүргенде алдынан біреу қараң етіп шығып, пышақ сұғып алып, қою қараңғылыққа сүңгіп кете барған. Кешкілік бақша ішін аралап жүрген балалар ұстазына жасалған қастандықты лезде-ақ байқап жүгіріп жетеді. Әмин жан тапсырады. Балалар улап-шулап қала береді.

Әминді Ташкендегі қазақ зиялы қауымы ақтық сапарға қаралы салтанат ұйымдастырып, шығарып салады. Қаралы мәжілісті ұйымдастырған Сәдуақас Оспанов. «Ақ жол» газетінің бас жазушысы Міржақып Дулатұлы жиылған жұртты жылатып қайғылы сөз сөйлейді. Өліммен бетпе-бет келген жастар абырады. Қаны іштеріне қатып суық тартып тұрып-тұрып ақырында жылап қоя берісті. Сәдуақас арба жалдап әкеліп Әминнің суық денесін артып апарып жерлейді. Бала ақын Өтебай ұстазымен қоштасу мұңды өлеңін жазады.

Әминді жерлеудің қаралы рәсімі түп-түгел «Ақ жол» газетіне жазылады. Мұнақып беріліп, ел-жұртқа көңіл айтады. Өлікті жөнелту шаралары тәптіштеп жазылады. Мақала есеп. Тіпті жиналған ақшадан арба-кешке қанша сом төленгеніне шейін... Қаралы рәсім үстінде қабырғасы қайысқан Алаш зиялылары №14 мектеп интернат Мұхамед

Әмин Жүсіпов атымен аталатын болсын деп Қаулы алады.

Жүсіпбек Аймауытұлы «Ақ жол» газеті арқылы Әминнің әкесі Мәшһүр Жүсіп Көпеевке хат жазып, жұбату айтады.

Әмин қазасы бала ақын Өтебайдың қабырғасына қатты батады. Өзін ақындыққа баулитын ұстазының қазасынан кейін көп уақыт шәкірт бала өзіне-өзі келе алмай жүріпті. Жетім қалғандай сезімде болыпты.

«Интернат – бізді адам ретінде қалыптастырған алғашқы білім – бесігіміз, – деп жазды кейін Өтебай Тұрманжанұлы. – Садуақас Оспановтың жеке кітапханасынан революцияға дейін шыққан Қазанда, Ташкенде басылған қазақ кітаптарын, Абай кітабын оқып шынықтық. Ақындыққа баулындық. Біз құнығып оқыдық. Сол үшін де ұстазға мәңгілік қарыздармыз. Ол кісі мектеп интернатта жүргенде «Қазақша – орысша» сөздік жазамын деп жүр еді. Кейін совет партия қызметіне ауысып кетіп, қайта мойын бұра алмады. 1937-38 жылы ұсталып, атылып кетті.»

Жиырмасыншы жылдардағы Ташкент, әйпесе Ташкент қаласындағы жиырмасыншы жылдардағы әлеуметтік жағдай біздің не тарихымызда, не әдебиетімізде зерттеліп, ақиқи көрінісін тапқан жоқ. Білген

кісіге қазақтың біраз игі жақсысы Ташкент қаласында қанат қаққан. Қажет болса, қазақ жерінен опа таппаған қазақ зиялылары барып паналайтын жер де осы Ташкент шаһары болған ол жылдары. Көзі ашық, көкірегі ояу адамға көремін десе Ташкентте көп-көп жағдай бар еді. Ашыққан, тарыққан, босқан, ауруға ұшырап ісіп-кепкен жандардың көздері үңірейіп өліп жатқанын талай рет көрген шығар бала Өтебай. Көргенін көңіліне түйген шығар. Кемдік көріп, кетіліп өскен бала қашан жетілгенше көргенін көңіліне түйіп өседі. Көңілге жиғаны өлеңге айналып ақ қағазға сұранады. Албырт сезіммен туған ол өлеңдер мектеп-интернаттың *«Жас жүрек»* аталатын қолжазба газетінде жариялана бастайды. Бұл Өтекеңнің өзінің де, оның бала достарының да есінде қашан қартайғанша сақталған жайлар. *«Мектебімізде «Жас жүрек» атты қолжазба газет шығатын-ды. Ұмытпасам 1920 жылы осы газетте «Ардақты қарындасым, аты Ажар» деген тұңғыш өлеңім басылды. Осыдан бастап жұрт мені: «Ақын екенсің ғой» дейтін болды. Бұл өлең, әрине, жетілмеген, кәмек қауын сияқты дәмсіз нашар өлең еді. Мұнан соң да осындай қара домбай талай өлең жаздым...»* («Менің творчестволық жолым қалай басталып, қалай өріс алды») – дейді ол тағы бірде.

Ақындық жол да басталып келеді. Өтебай, Бейсембай, Жүсіпбек «Ақ жол» газетін таратушылар. Кейін газеттің жас тілшілері болып алады. Өлең, мақала жазып, газет бетінде жарияланып тұрады. Жастардың әсіресе жиірек үйірсектейтін баспасөзі – «Жас қайрат». «Ақ жол» газетінің редакторы Сұлтанбек Қожанұлы. «Жас қайраттың» редакторы Ғани Мұратбайұлы. Бас редактор ұғымы жоқ ол кезде. Редактор ғана!

Енді талапкер жастар қолжазба газетті менсінбейтін халге жетеді. Егер шәкірттер жұрт тілегіне жауап берерлік жақсы өлең жазса Ташкентте «Ақ жол» газеті бар. Онда ұстаздары Әмин Жүсіпов өлеңдері жарияланып тұрады. Әйтпесе тетелес туған ағасындай ұдайы қамқорлыққа алып жүрер жалынды комсомол жетекшісі Ғани Мұратбаев бар. Ол осындағы «Жас қайрат» журналын басқарып, жұбайы Сара Есова екеуі алма-кезек редакторлық етеді. Негізінен жастар Ғаниға көбірек үйірсектейді. Бос уақытында Ғани бұлардың жатақханасына келеді. «Жас қайратты» бірге талқыласады. Ол Өтебайға өлең, Бейсембайға мақала жаздырады. «Зиялы» деген сұрақты қалай түсінесің?– деп ширатады. Міне, осындай күндері Өтебайдың *«Көз өлшеуі қалды да, метр өлшеуі қолданды», «Интернатта*

оқыдым...», «Өмір сыйы» аталатын өлеңдері «Жас қайрат» журналы бетінде жарқ ете қалады. Өтебай Тұрманжанұлы «ақын болуым керек» деген ойды көңіліне мықтап түйді. Сондай-ақ, өзінің достары да, ұстаздары да Өтебайға ақын талап бала райында үлкен үмітпен қарай бастады.

Ташкенде жиырманшы жылдары Жазушылар ұйымы ұйымдасты. Ұйым жанынан Баспа ашылды. «Ақ жолға» қазақ қамын ойлап толғанысты мақала жазатын Ақаң Байтұрсынұлы бастаған Алашорда зиялылары түрлі саладан оқулықтар жаза бастады. «*Луначарский үйі*» аталатын мәдениет клубы болды. Ол бір айтыс орталығы дерлік орталық еді. Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Халел Досмұхамедұлы, Сұлтанбек Қожанұлы, Нәзір Төреқұлұлы, Тұрар Рысқұлұлы, Садықбек Сапарбекұлы, Ғани Мұратбайұлы «Луначарский үйінде» айтысып, өзара тартысып жатады. Мәдениет орталығында өзбектің Чулпоны, қазақтың Мағжаны өлең оқиды маздатып. Абдолла Аблани, Фитрат қазақ, өзбек зиялылары «ендігі түрік жұртының бағыт-бағдары қандай болмақ?» – деген сұрақ өзегімен ойласады. Ақынталап Өтебайға әсіресе Мағжан мен Чулпон ақындардың оқыған өлеңдері ерекше ұнайды.

Түрік поэзиясының қос тұлпары, хас жүйрігі жарысып өлең оқығанда сары бала сарымайдай еріп отырады. Ұлы ақындарға еліктеп өлең жазсам деп шабыттанып қанатын қомдап-қомдап қояды.

Сөйтіп, Бөгеннен жоқшылық қысып Ташкенге келген бала аштықты ұмытып ақындық жолына түсті. Нанды аталатын тоқ қалаға аштық қысып зарығып келген бала арман жалына қол артты. Аш бала енді «ақын бала» атана бастады. Интернатта ержеткенін өлеңге айналдырып ақын бала былай жырлады:

Интернатта көз аштым,
Орындалып тілегім.
Аялаған, өсірген –
Анам Кеңес білемін.
Балапандай баулынып,
Тас түлектей түледім.
Алысқа қарай асқарлап,
Қиядан тоят тіледім.
Сондықтан Кеңес сен, анам!
Бойымдағы дар саған,
Сүйемін сені, сүйемін!

Сәуленген – нұр толған
Жалындаған жыр толған
Жүрегім сендік жүрегім!

(«Интернатта көз аштым») –
деп жырлады.

Солардың ішінен Өтебай Тұрманжанұлы ақын болып өсіп шықты. Кейін ақын өз өмірінің осы кезеңі жөнінде:

Қайырылмай сол кеткеннен қала бардым,
Даланың қайғы-зарын ала бардым.
Қалада қайта туып қайраттанып
Оқыдым, өмір көрдім, шын жаңардым–
(«Бөген») – деп жазды.

Интернатта оқып жүрген кездің өзінде Өтебай ақындығы оқшауланып көзге түсе бастағанын айттық. Өтебайдың ақындығы жөнінде тар кезеңде тағдыр табыстырған досы, профессор Бейсембай Кенжебайұлы былай деп жазды: «Біз Өтебай екеуіміз 1920-1922 жылдары Ташкентте балалар үйінде – интернатта бірге тәрбиелендік. Бір бөлмеде жатып, бір класта оқыдық. Бір ұстаздан дәріс алдық, Өтебай ақын ол кездерін «Интернатта оқыдым» /өлеңінің аты/ – деп мақтан етер еді, мен қостар едім,– деп еске алады. Интернатта оқып жүргенімізде Өтебай өлең жазатын, сол себепті бала ақын аталушы еді. Оның сол кезде жазған бір өлеңінің алғашқы екі жолы менің әлі есімде. Ол:

Болыпты бір ауылда қара төбет,
Болыпты бір ауылда және төбет–
деп келеді. Ақын осы екі төбетті таластыра-
ды. Соны ауылдағы тап тартысына меңзейді.

Интернатта жүргенімізде Өтебайдың

үстінде үлкен сары пальтосы бар еді. Ол кез әрине әркім тапқанын киетін тар заман. Ақын бала көп алдына шығып өлең оқығанда, оны Өтебай емес, сол сары пальто оқып тұрғандай сезілер еді...» (Б.Кенжебаев «Жылдар жемісі», «Жазушы» 1984, 212 бет)

Мәскеуге оқуға аттанып бара жатқан темірқанат талапкер өзін аштықтан аман алып қалған, дүниеге көзін ашқан интернатын қимай, «Балапаңдай баулынып, Тас түлектей түледім. Алысқа қарай асқарлап, Қиядан тоят тіледім» – деген өлең жолдарын іштей де, сырттай да айтып қимай қоштасты. «Нанды қала» – Тәшкенмен, Тәшкендегі «Мұхамед Әмин Жүсіпов атындағы мектеп интернатпен» осылай өлеңмен қоштасты.



*Өтебай Тұрманжанұлы. Жүсіпбек Арыстанұлы,
Бейсембай Кенжебайұлы (Оңнан). Ташкент 1923*

АРМАН ҚУҒАН АЛЫС САПАР...

Уақыт тегеуріні тым қатты.

Адамдар психологиясы тым қызық.

Қызық дейтін себебіміз – қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуы керектігі жөніндегі айтыс-тартыс дүркін-дүркін дауға айналып кете береді. Әлі күнге кейбір даукестердің еңтігі басыла қойған жоқ. «Қазақ тілі мемлекеттік тіл бола ма, жоқ па? Қазақ тілі халықаралық тіл бола ма, жоқ па? – дейтін мәселелерді ойлағанда біздің есімізге сонау жиырманшы жылдардағы кейбір оң тәжірибелер түседі.

Жиырманшы жылдары (1920 ж.) Мәскеуде әрбір ұлттық, автономиялық республи-

калардың жас жеткіншектеріне арналған әралуан ұлт тілінде оқытатын оқу орындары, бір орталықтан алуан тілде кітап шығаратын Орталық баспалары болды. Кезінде ондай тәжірибелер түк ерсілік танытпады. Бірақ, Кеңестер одағында болған ұлттар біртін-біртіндеп солардың бәрінен айырылып қалды...

Жоғарыда «тым қызық» – деп таңқалып, «тым қатты» – деп ойланып отырған себебіміз де сол.

Жиырманшы жылдары Мәскеуде И.В.Сталин атындағы Күншығыс еңбекшілерінің коммунистік университеті (КУТВ) жұмыс істеді. Онда Кеңестік шығыс, тіпті таяу шығыстың да жастары оқыр еді. 1922 жылы Ташкендегі №14 мектеп-интернаттың үздік оқыған бір топ түлегін аталмыш университетке түсіп оқу үшін Москваға аттандырды. Олар, айта беретін Жүсіпбек Арыстанов, Ілияс Қабылов, Бейсембай Кенжебайұлы секілді бозбалалар болатын. Солардың бірі – Өтебай Тұрманжанұлы.

Дерекке ерік берсек, ол өзінің аталмыш университетке түсіп, білім алу жолын досы Ілияс Қабылов өміріне байланыстыра былай баяндайды: *«1922 жылдың июнь айында Москвада ашылған Күншығыс еңбекшілеріне арналған коммунистік университет-*

ке дайындайтын үш айлық курсқа Ғани Мұратбаевтың көмегімен комсомол жолдамасын алып келіп түстік. Курсты көңілдегідей бітіріп шыққандардың қатарында Москваға келіп, Күнишығыс еңбекшілеріне арналған коммунистік университеттің өзіне оқуға түстік. Тверский бойындағы университет жатақханасының шағындау бөлмесіне орналастық» (Ө.Тұрманжанұлы. «Мейірбан дос», «Қазақ әдебиеті» № 42 (1236) 18 октябрь, 1974)

КУТВ – орта дәрежелі оқу орны ма, әлде атына сай жоғары оқу орны ма, айырып айту қиын. Шамасы Кеңестік шығыстың сол кездегі кедей-кепшік жастарына ортадан жоғарылау білім беретін оқу ордасы болса керек. Отызыншы жылдардың маңында бұл оқу орны жабылған. Ал, оянып, жаңаға тырмысып жатқан Орта Азия мен Қазақстанның Өтебай секілді көп көгенкөз бозбалаларына білім, тәрбие беруде КУТВ ролі айырықша. Осы оқу орнынан түлеп ұшқан жастардың ілуде біреуі кейін оқуды «Қызыл профессура институтында» жалғаған. Әйтпесе, дені сол КУТВ-дан алған білімін бүкіл өміріне азық етіп өтті. Аталмыш оқу орнын аяқтап та ірі-ірі қызметтер атқарды, жоғары оқу орындарында сабақ берді. Талапты жастарды тағалы аттай жан-жақты

даярлайтын КУТВ-да нендей қасиет, қандай ерекшеліктер бар еді? Жастарды болашақ тұтқан жаңа қоғам, оларға айрықша назар аударыпты. Кезіндегі үкімет басшылары лекция оқып кетеді екен ара-тұра. Марқұм профессор Бейсенбай Кенжебайұлы осындай ретпен университет студенттеріне В.И.Сталин, Троцкий, Каменев, Зиновьев секілді айтулы адамдар лекция оқығаны бар деп әңгімелер еді орайлы сәттері. Қала берді, «Онда біз – Өтебай, мен, Жүсіпбек Арыстанов, Ілияс Қабылов, Сұлтан Лепесов – бәріміз әдебиет үйірмесін ұйымдастырдық, қолдан жазып журнал шығарып тұрдық. Үнемі жиналыс өткізіп, әрқайсысымыз әр мәселеден баяндамалар жасадық. Үйірменің жиналыстарына әр кезде Ғани Мұратбаев, Сәкен Сейфуллин, Нәзір Төреқұлов, Садықбек Сапарбеков, Әбдірахман Байділдин қатысып жүрді. Осы үйірмеде Өтебай өлең оқып, ақындар творчествосы жайлы баяндамалар жасайтын» (Б.Кенжебаев, «Жылдар жемісі», Жазушы 1984, 212 бет) – деп жазды.

...Интернат балаларының жастары асып кетті. Мектеп жасынан асқан балаларды Ташкенде ашылған 6 айлық партия кеңес мектебіне ауыстырды. Ол өзі 5-6 ай жұмыс істеп жабылып қалған оқу орны. Мектеп «Топыраққорған» қорғанында. Әскери

тәртіп... Директоры – Хакім Рахымжанов. Партия кеңес мектебінің комсомол ұйымының хатшысы (секретары) досы Бейсембай Кенжебайұлы. Бейсембай әрі ғылыми кеңестің мүшесі.

Облыстық партия кеңес мектебі КУТВ-ның дайындық бөліміне айналды. Алты айда оқып жарытқан жоқ еді. Мұнда келген соң оқудан көз ашпады. Мәскеуге дайындық оңай деймісің? Қармишев, Гелмединов (татарлар), Бейсембаев (қазақ), Мұратов (татар) мұғалімдер. Мұғалімдер Москвадан (КУТВ-дан) келіп сабақ береді. Көбіне саяси пәндер оқытылады. «Бұратана» атанған ұлттардан элитаның жаңа буынын тәрбиелеп шығармақ.

Бір-екі ай оқыған соң жарайтындарын іріктеп алды. Қалғанын елге таратып жіберді. Партия кеңес мектебі жабылды. Дайындық бөлімі де жабылды. Осылардың негізінде кейін Ортаазия коммунистік университеті САКУ құрылды.

Мектеп интернаттан ара-жігі ажырамай бірге келе жатқан үш ноян емтиханды жақсы ұстап, КУТВ-ға түсті. Енді оқуын Москвада жалғастырады.

Дайындық бөлімінің 24 тыңдаушысы емтиханды ойдағыдай тапсырып Москваға жүргелі жатты. Ташкен вокзалында үйіріліп

жиналып тұр. Шығарып салу рәсімі жиын жасалды.

Бөлім бастығы Гилмединов сөйледі. Комсомолдың Орталық комитетінен Ғани келіп сөйледі. Ғани:

«Жабылып қалған «Жас алаш» газетін «Жас қайрат» деген атпен қайта шығардық» деді. – Москваға аттанып барасыңдар. Бұл үлкен міндет. Үлкен міндет атқару үшін үлкен жерге кетіп барасыңдар. Қолды қалтаға салып қарап жүре бермей, Москва көшелеріндегі хабарландыруды оқи жүрсеңдер де, орысша үйреніп кетесіңдер. Оқи беріңдер».

Сөйтті де, жалындаған Ғани ағалары жастарға жаңа шыққан «Жас қайраттың» өзі қол қойған тұңғыш санын таратты. Жастар Тәшкеннен тәбәрік әкетіп бара жатқандай, жанашыр ағаның қолынан алған газетті қолтығына қыса түсіп поезд үзеңгісіне қуанышты күймен аяғын салды...

Поезға мініп Москваны бетке алды. Өтебай Тұрманжанұлы, Жүсіпбек Арыстанұлы, Бейсембай Кенжебайұлы, Илияс Қабылов Жолдыбаев, Жорабаев(өзбек), Сағдиева(татар қызы) секілді қыз, бозбалалар. Жастық жүрген жер шаттық, думан.

Москваға келіп жетті. Жастар бастаушысы КУТВ оқытушысы Бейсембаев. КУТВ

ғимараты «Страстный монастыр» – Малой путенковский переулок» аталатын жерде. «Известия» газетінің редакциясы қарсысында. Үш қабатты ғимараттың орнында бүгінде Пушкин ескерткіші тұр.

Жастар жатақханаға орналасты. Кең. Жарық. Жақсы. Тамағы да жақсы.

Екінші күні, жан-жақтан келген жастардың басын қосып, 1-ші курс студенттерін Кремльге экскурсияға апарды. Жан-жақтан келген ылғи бозым жастар. Олар үшін бәрі таңсық. Жан-жағына қызығып қарайды. Кремльді еркін аралады. Таң-тамаша қалып аралады. Ол кезде Кремльдің ішіне кіргізе береді.

– Бізге Ленинді көрсетіңіз – деді жастар жолбасшыға. «Ленин сырқат» дейді жолбасшы. «Қолы тимейді» – дейді тағы да. Одан да әзірге сөзін тыңдаңдар – деп грамофондағы сөзін қосты. Жастар риза, жастар шат.

Ленинді көру әркімнің пешенесіне жазыла бермеген бақыт – деп ойлайды жастар. 1922 жыл. Октябрь төңкерісінің 5 жылдығы. Үлкен шеру (парад).

Көпшілікпен бірге Өтебай, Жүсіпбек, Бейсембай, Төрекұл (Ш.Айтматовтың әкесі) төртеуі бір қатарда жылжып келеді. Көңілдерінде күдік. Көсемді Каплан улы оқпен атқан. Көсем мінберге шыға ма, жоқ па? Ке-

нет «Ленин», «Ленин» деген сөз гу ете түсті. Жастар сол жағындағы «МОССОВЕТ үйіне» жалт-жалт қарасты. Балконда Ленин тұр. Алыстан көрді. Қарай бергілері келеді. «Ленин! Ленин! Ленин жасасын! Орысша ұранды сөздер айтылады. Ташкеннен барған жастар «Ленин жасасын!» – деп қазақша айқай қойды. Төреқұл қырғызша қышқырды білем. Өзбекше, тәжікше, грузинше, қырғызша, татарша... Балғындар бақытты еді.

КУТВ қарымы кең университет. Онда шетелдік шығыс жастары да оқиды.

Олар алғашқы жылы бар студент бірге оқыды, араласып тұрды. Кейін «шет ел» тобын бөліп «Тверская бульбардағы» «Герценнің үйі» аталатын жатақханаға шығарды. Сабағы да бөлек өтіп жатты.

Үш ноян түрік ақыны Назым Хикметті жақын тартып жолығып сөйлесіп жүреді. Мұстафа Кемал Ататүрікпен айтысып, тартысып жүретіні жайында айтады жастарға. Лапылдап жанып тұрған жас. Өлеңін оқиды жалын атып:

Мен егер жанбасам лапылдап,
Сен егер жанбасаң лапылдап,
Біздер егер жанбасақ лапылдап –
Түн-түнек қалай ашылмақ?

Түрік ақыны Назым Хикмет түрік жастары, мұсылман жастарын жалынды ғұмыр

кешуге, өз тағдырын өздері шешуге шақырады.

Өзбек, қырғыз жастарымен болса да дос жар. Омарқоджаев, Тұрсынқоджаев, Фарпабаев секілді өзбек жастары, қазақ болып кеткен Жорабаев дегендей. Омарқоджаев, Тұрсынқоджаев Ташкенде комсомол комитетінде істеген жастар.

Қырғыз жігіттерінен Төреқұл Айтматов, Еркін Есенаманов, Асан Жиенбаев бірге оқыды. Жақсы қарым-қатынаста ойнап-күліп бірге жүрді. Үшеуі де университетті аяқтаған соң қырғыз еліне барып Орталық Комитеттің хатшылары болып қызмет етті. 1937 жылы Қырғыз автономиясы Орталық комитетін ұлты саха Максим Кирович Амосов басқарған. Бәрі де отыз жетінші жылы «халық жауы» жаман аты жағылып, нақақтан атылып кетті.

Төреқұл орысшаға жетік. Орыс бөлімінде оқиды. Алғашқы кезде үш Ноянға тұрмыстық ақуалда жәрдем етіп жүреді.

Есенаманов білімді, шешен, өзін жоғары ұстайтын жігіт. Жиенбаев қарапайым әңгімешіл жігіт. Үшеуі де әдеби үйірмеге жиі келіп жүрді.

Елден қазақ тілінде басылып шығатын газеттерді үнемі алдырып тұрды. Әсіресе, Ғани басқаратын «Жас қайрат» газетін.

Оған бір-екі рет Садуақас Баймаханов, Нұртаза деген жігіт редактор ретінде қол қойыпты. Негізінен редактор ретінде ұдайы Ғани қол қоятын. Үш Ноян Ғани ағасымен жиі хабарласып жүрер еді. Ұзамай Ғани ағасы КИМ-нің (Коммунистік жастар интернационал) Шығыс істері бойынша Хатшысы болып сайланды. Ташкеннен тығыз орнаған байланыс Ғани Москваға келген соң тіпті қалыңдай түсті.

Университетте екі үйірме жұмыс істейді. Әдеби және драмалық. Драмалық үйірмені Мәжит Дәулетбаев, әдеби үйірмені Жүсіпбек Арыстанов басқарды. Өтебай, Бейсембай, Жүсіпбек үш ноян ынтымақтасып бірге басқарды десе болады.

Драма үйірмесі. Оны Мәжит Дәулетбаев басқарады. Үйірменің ісі жайлы бір-ер рет хабар жазып «Морейский»-деп қол қойды. Өзі көбіне Мәжит деп қол қоятын. Мен-мендеу татар шатыс жігіт. Кейін Сәкенмен жақсы дос болды. С.Сейфуллин, С.Мұқанов, М.Дәулетбаев «Қызылжар» деген атпен тізбекті роман, роман-буриме жазбақ болған. Роман-буриме жоспарлағанымен, оны орындаған Мәжит қана болған. М.Дәулетбаевтың «Қызылжар» романы осындай үлкен шығармашылық жоспардың жемісі.

Екі үйірме бірлесіп үлкен «Шығыс кешін» ұйымдастырды.

1924 жыл. Атақты әнші Әміре Москваға келеді екен деген хабар дүңк ете қалды. Гажап әншіні студент жастар ортаға шақырды. «Малый театрды» алды. Әміремен кездесу өткізді. Әміре ән салды тамылжытып. Кешке Луначарский келіп қатысып тыңдап отырды. Студент жастар хор айтты.

Бұл бір тамаша кеш болды. Бүкіл КУТВ студенттері қатысты.

КУТВ-ның екінші курсы. Қысқы демалыста Петроградқа барып қыдырыстап қайтты бәрі. Ленин болған жерлерді көрсетті жастарға. Экскурсиядан келгеннен кейін көп ұзамай Ленин қазасы туралы қаралы хабар дүңк ете түсті. Таңертең ерте естіді. Жұрт күңіреніп кетті. Жұртпен бірге жастар да күңіренді. Ботадай боздап жылап жүр...

Теңдікке қолымызды жеткізген көсемдеп ұғады жастар. Жастар үшін Ленин табиғаттың заңдылығынан тыс жаратылғандай, өлмейтіндей көретін. Енді көрген түстей таңқалып, естен танып тұрысы мынау. Алуан тілде жоқтау айтылды. Әркім өз бауырына, өз қорғанына теліп жоқтайды. «Асқар тауымыз жығылды» – деді Өтебай қазақша. Күрсініспен бірге, күңіреніспен бірге көзден ыстық жас та парлап ағады. Өтебай жоқтау өлеңін шығарды.

Түс шамасында КУТВ парткомы қаралы

митинг жасады. Ленин өлгенімен жасаған ісі, салған жолы өлмейтінін айтып түсіндірді.

Ертеңіне КУТВ студенттерін жинап алып Ленинмен хоштасуға «Одақтар үйіне» (Дом Союз) алып барды. Шақырым жер жүріп кезекке тұрды. 30/о суық. Халық ығы-жығы. Бәрінің иіні түсіп кеткен. Жылжып келеді. Мәңгілікке дамылдап жатқан көсемді айналып үш рет өтті жастар.

Ленин күндерінің бірінде Свердловск атындағы университет студенті

Садықбек Сапарбеков кездесуге келіп кездесу жасады. Ленинді өзінің қалай көруі, ілімін түсінетіні жайлы сөйледі. Коммунистік партияның X съезіне Орта Азия комсомолдары арасынан делегат болып қатысыпты. Ленин президумда отырыпты. Баяндама жасапты. Қосымша сөз сөйлепті. Лениннің жүріс-тұрысын, сөйлеу мәнерін Садықбек бағыпты да отырыпты.

Студент жастар Ленин қайтыс болғаннан кейін «Под занменем Ильича» дейтін газет шығарды. Соның бетінде КУТВ студенттері «Ленинизм дегеніміз не?» – деген айтысқа барды. Соған байланысты Лев Троцкий келіп баяндама жасап, студенттер сұрағына жауап берді. Ол «Карл Маркс – «Капиталдың», Ленин – Октябрь революциясының авторы» – деп қорытынды анықтама берді.

Өте шешен кісі екен. Ағын судай ағып сөйлепті. Жастар таңқалысыпты.

Артынша сол кездегі Орталық Комитеттің Бас секретары И.Сталин Свердлов университетінде Троцкийдің қате анықтама бергенін айтып Ленинизмге өзі толық, дұрыс анықтама берген болыпты. Ұзамай сөйлеген сөзі кітапша болып шықты да, оны Бейсембай мен Ілияс екеуі қазақ тіліне аударып «Күншығыс халықтарының кіндік баспасына» тапсырды. Ол кезде Москвада Әлихан Бөкейханов тұратын. Оны елден алдырып, пәтерінен шықпайтын етіп ұстайтын. Ұйқымағы. Саяси мәселе. Сол кісі «Кіндік» баспасын басқаратын Нәзір Төреқұловқа келіп, кітап аударып дегендей әңгімелесіп жүреді. Жастар баспада Әлекеңе кездесіп қалады.

– Неғып жүрсіңдер, балалар?» – деді, Әлекең жастарды бауырына тарта. Жастар жөнін айтты:

– Сталин сөзін қазақшаға аударып әкелдік.

– Е, ей, балалар-ай, түкке керегі жоқ нәрсені аударыпсыңдар-ау уақыттарыңды алдырып...Бекер аударған екенсіңдер!» – депті жарықтық. «Кіндік» баспасы аударманы жарамды деп есептеді. Бас редактор Нәзір ағай жалма-жан аударма қаламақысын төлетті. Ол жастардың жанашыр жақсы ағасы, қамқоры. Жарамды ма, жарамсыз ба, оған

да қарап жатқан ол жоқ. Студент жастар тарығып қалмасын деген ой. Аударма кітап болып басылмады... Жарамсыз болғаны...

КУТВ-ға ірі мемлекет қайраткерлері келіп, студент жастармен кездесіп, түрлі тақырыпта әңгімелесіп, тіпті баяндама жасап тұрады. Шамасы жастарды саясаттан тысқары қалдырғысы келмейді. Замана ұраны – «Белгілі бір қоғамда өмір сүріп, ол қоғамнан бостан бола алмайды» (В.И. Ленин.) Балаңдығына, жастығына қарамай тартыс арнасына студенттер де тартылып бара жатты.

КУТВ-ға М.И. Калинин, Н. Бухарин, А. В. Луначарский келіп әртүрлі мәселелер жайлы әңгіме айтқаны Өтебай есінде. Бітірер жылы И. Сталин келіп «Шығыс университетінің міндеттері» деген тақырыпта баяндама жасады. Оны Өтебай, Сұлтан (Лепесов) екеуі аударды қазақ тіліне. Ол «Кіндік» баспасынан 1925 жылы кітап болып басылып шықты.

Өтебай саяси публицистикаға да араласа бастады.

Университетте ленинизм пән ретінде оқытыла бастады. Одан Молотов сабақ беретін. Саяси қайраткер Молотовтың інісі. Еңкіштеу келген толық кісі. Саяси экономиядан Мельников оқыды. Пысық, ширақ адам. Философиядан Жариков оқыды. Ол

сол кезде «Қызыл профессура» институтында оқитын. Үлкен денелі алдыр-салдыр сөйлейтін кісі. «Жұмысшы қозғалысы» пәнінен Мейерзон есімді профессор оқыды. Қазақ тілінен Мағжан Жұмабаев сабақ берді. Мағжан Жұмабайұлы өзі В. Я. Брюсов ұйымдастырған «Жоғары өнер институтында» оқиды. Оқуға Түркістан Республикасының атынан келген. Жолдама беруші Халел Досмұхамедов. Университетте Өзбек, татар, қырғыз, қарақалпақ жастары да оқиды. Бірақ қазақ тілі мен әдебиеті ғана оқытылды.

Шәкірт бала өмірбаянын мейлінше маңызды ете түсетін бұл деректерге және бір жайды қосқанымыз жөн. Қадірлі Бейсекең жазғандай, КУТВ студенттеріне қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен қазақ халқының аяулы перзенті, ғажайып ақыны Мағжан Жұмабаев дәріс берген. («Ұстаз», «Лениншіл жас» № 2 (12039) 4 қаңтар 1989 ж.)

Баяндалып өткен жайлардың қай-қайсысы да бойында дарын дәні бар жасты оятпай қоя ма, сірә! Иә, расында КУТВ – білім аламын деген ынталы шәкіртке білім, дарыныма өріс іздеймін деген талапты жасқа жағдай жасарлық шығармашылық орта бола білді. Өтебай Тұрманжанұлы осындай ортада білім алып, тәрбиеленеді. Бұл жерде

«тәрбие» сөзі өте кең мағынада қолданылып отыр. Ол, алдымен білім алды. Ол білім мен дарынын ұштастырып өлең жазды. Мәскеуде орналасқан «Шығыс халықтарының кіндік (орталық Қ.Е.) баспасымен» байланыста жүріп, ақындардың өлеңдерін жинап (ішінде өз өлеңдері де бар) «Таң өлеңдері» (1925ж) деген атпен жарыққа шығарды. Ақын **«1925 жылы Москвада «Таң өлеңдері» («Песни зари») деген өлең кітабым басылды. (Бұл жинақта Ленинге арналған басқа ақындардың өлеңдері де бар) – («Тұрманжанов Өтебай», қолжазба)** – дегенде осы жинақты айтқан. Ол, КУТВ қабырғасында жүріп қазақ халқының ауыз әдебиетіне үйірсектенеді. Өтебай Тұрманжанұлының арман қуған алыс сапары сөйтіп шығармашылық жолға ұласты. Өтекең бұралаңы мол ақындық жолдың қызығымен қатар қиындығын да әлденеше рет бастан кешті. Ақын боламын деп бал ұрттаған сәттері де, бал орнына зәр ішкен кездері де аз болмапты оның. Ал, ол көрген қиындық, ол көрген қызық, кешкен бейнет, татқан зейнет тұтаса келе Өтебай Тұрманжанұлының күрделі тағдырын құрайды...

Ол жылдары «Өртең» деген газет шығатын. Редакторы – С.Садуақасов. Орынборда шығатын жастар газеті. Өте күшті газет. Ол

жабылған соң «Жас қазақ» журналы ашылды. «Редколлегия» деп қол қойып жүрді. Алқа мүшелері Сәкен, Алма. т.б. кісілер. Басшысы - Ерғали Алдоңғаров.

«Жас қазақ» жорналы Астана Қызылордаға көшкенге дейін шығып тұрды.

Өтебай, Бейсембай, Жүсіпбектің көбінше қатысатын, жазатын газеті «Жас қайрат». Ол үш Ноянның өз газеті секілді. Өтебай «Жас қайратқа» өлең жіберіп тұрады. Жіберген өлеңі жеткен бойда газет бетіне шыға келеді. Өздері де шипографпен жорнал шығарды.

Студент жастардың жалпы жиналысына, әдеби үйірмеге қазақ қоғам қайраткерлері келіп қатысып жүреді.

Бір жолы жалпы мұсылман жастарын жиып Тұрар Рысқұлов. Тағы бірде Москваға Сәкен келді. Онымен Мәжит таныс екен. Сол ертіп келді. Сәкен Сейфуллин Орынборда. Қырғыз АСР Халық Комиссарлар кеңесінің төрағасы. Түркістан республикасының астанасы Ташкен. Сәкен әрі «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы. Ол көбінше қазақ әдебиетінің жай-күйі туралы сөйледі. Ленин туралы бір өлеңін оқып берді. Ленинді пайғамбарға теңейді. Кейін сол өлеңі үшін сыналғаны бар. Сәкенге де студенттер жапырлай сұрау берді. Тиісінше жауабын алды.

Студенттік ортаға көбірек келетін үйір-сек азамат – Ғани Мұратбаев. Ол Москваға қызметке ауысқанға шейін де жиі келетін. Москваға келген сайын студенттерге соқпай кетпейді. Әртүрлі мәселелерді әңгімелесіп жүреді. Жастар жатақханасына қона жататын кездері де жиі. Москваға қызмет бабымен ойысқан соң, тіпті жастармен аралас, құралас жүрді.

...1923 жылдың жазы. Студенттер жазғы демалысқа Ташкенге қайтты. Вокзалда оларды Жастар ұйымының нұсқаушысы қарсы алды. Қарсы алып тұрып айтқан: «Ғани сендерді тарап кетпесін!» – деді. Іле Ғани студент жастарды Комсомол үйіне шақырып алып түсіндірді.

Өзбекстанның оңтүстік жағын басмашылар жайлап алыпты.

Қауіп. Біз қазір партия-совет қызметкерлерін, белсенді комсомолдарды

Соған шақырып отырмыз. Сендер мусполитрук болып барасыңдар-деді Ғани.

Сағынып жеткен студенттерді топ-топқа бөлді. Бір тобын Әндіжанға жіберді. Өтебай, Бейсембай, Жүсіпбек, Сұлтан, Жайықбаев, Тоқабай, Рахметов, Бабаши Кеншімбаевты Вуадил ауданына жіберді. Ол жерді қырғыздар мекендейді. Қырғыздар өзбек болып кеткен. Қазақ жастары ол кезде «кир-

гиз» деп жазылады. Соған бағып, қырғыз ауылына жібергені.

Қызыл әскерше киініп, қару асынатын күнде келіп жетті. Қызыләскердің дені украиндықтар. Әдейі солай құрған ғой. Қызыл әскер қатарында саяси қызметкер болып жүрді.

Жүсіпбек, Өтебай үшеуі қол газетін жедел ұйымдастырып жіберді. Басмашылардың қауіпті екенін түсіндіріп мақала береді газетіне. Мешітке, базарға барып газетті оқып береді. «Жоғары жақтан мынадай газет келді» – деп жоғарыға сілтеп сөйлейді. Жұртты ұйыту керек.

Сөйтіп екі ай демалысты басмашыларға берді студент жастар. Басмашылардың беті қайтты.

Жастар оқуға қайта аттанды. Москваға келді. Сабағы басталды. Курс бар. Факультет жоқ. Бір курста жиырма-отыз адам. Алғашқы жылы бітірген түлектер санатында Өтебай, Жүсіпбек, Бейсембай, Илияс, Мәриям Абсалямова. Мәриям – Көлбай Тоғысовтың әйелі. Татар қызы. Көлбайдың «Надандық құрбаны» аталатын пьесасы болған. *«Издатель Мәриям, редактор К.Тоғысов»* болып, олар «Азат» деген газет шығарған. Ерлі-байлы екеуі ғана бір газет шығарып тұрыпты. Екінші саны шығып,

жабылып қалды. Көлбай өлгесін, жесірінің оқуға келген беті. Бұл уақытта үйірме жұмысын жандандырды жастар. Қол жорнал шығарды. Газет, журналға белсене қатысты. Аудармамен шұғылданды. Басмашылармен күрестен кейін студент жастар Москваға тіпті өсіп келіп еді. (Ол кезде басмашылардың кім екенін жастар білмейді.)

Әдеби үйірмеде талқыланбайтын мәселе болмайтын. Жүсіпбек жаңа тұрмыс жайында баяндама жасады. Кейін осы баяндамасын КУТВ қабырғасында жүріп «Жаңа тұрмыс жолында» аталатын кітапқа айналдырды. Бейсембай тап күресі жайында баяндама жасады. Өтебай Мағжан өлеңдері туралы баяндама жасады. Оған Ғани, Нәзір, Садықбек бастап әйтеуір Москвада оқитын, қызмет істейтін қазақтардың бәрі қатысты. Университет (КУТВ) клубында өткен талқылауға кісі сыймай кетті.

Талқыға Мағжан келмей қалды. Өтебай ақынның поэзиясын емес, көзқарасын сынады. Ғани, Нәзір де саяси бағытын сынап сөйледі. Журналистер институтында оқитын Сәрсенбин есімді жігіт екіжақтылау сөйледі.

Сынау ол кездің дағдысы. «Сын – өзара сын – дамудың кепілі» (В.И.Ленин). Сталин де осындай ұстанымда.

«Мағжан өлеңдері жарияланбасын!» – деп қаулы алды. Қаулы да, жиналыстың хабары да Лияс Қабылов пен Уәлиевтің (КУТВ студенттері) қолымен жазылып «Еңбекші қазақ» газетіне жіберілді. Зәлім үкімет. Зәйіл қоғам.

Әдеби үйірменің жұмысын кеңейткісі келді. Кейінгі Сұлтан Лепесов оқитын курсқа үлгі болсын деген ой. Олармен бірге көп қыз, жігіттер оқитын. Әдеби үйірме жұмысын тірілту үшін СССР Жазушылар одағымен байланыс жасады. Ол кезде Жазушылар одағы 3-4 бөлек. «На литературном посту» (Ермилов пен Обербах, Безыменскийлер), «Лев» (Левый фронт) В.Маяковский басқарады. «Молодая гвардия» бәрімен де байланыс жасады. Әсіресе «На литературном посту» журналымен байланыс жақсы қалыптасты. Бір-бір әдеби ағымның басында жүрген жазушыларды тыңдады. Көп тағылым алды.

1925 жылы маусым – шілдеде 3 жыл оқып КУТВ-ны аяқтады. Бітірерде И. В. Сталин келіп «Шығыс университетінің міндеттері туралы» тақырыбында сөз сөйледі. Сталин сөзін Өтебай мен Сұлтан аударып «Кіндік» баспадан қазақша кітапша етіп шығарды. Баспа басшысы Нәзір ағаларының жастарға жанашырлығы.

Оқып жүрген қазақ жастары аталған баспамен тығыз байланыста. Бәрі Нәзір ағайдың арқасы. Ол жастарды баласынбай кітап аудару, кітап шығару ісіне тарта беретін. Ол өзі бүкіл баспалардың атасы болған баспа ғой. Ресейліктерден басқа ұлттардың бәрінің кітабын сол Нәзір ағай ұйымдастырып шығаратын. Кейін баспаның шамасы келмей бара жатқан соң Орталық партия комитетіне хат жазып, Балтық жағалауы, татарстан, башқұртстанда баспа ашуды сұраған болатын. Міне сол кісі Өтебайға: «Сен қазақ мақал-мәтелдерін жина. Кітап етіп бастырамыз»-деп тапсырма берген. Оны Нәзір ағай арнайы қазақ мақал-мәтелі, өзбек мақал-мәтелі, башқұрт мақал-мәтелі дегендей етіп сериялық жүйеде ұйымдастырып шығарды. Башқұрт халықтары мақал-мәтелдерін Вильданов деген кісі құрастырып осы баспадан шығарып еді. Қазақ мақал-мәтелдерін жинап, жүйелеуді Нәзір ағай Өтебайға тапсырған. Ал қазақтың боғауыз сөздерін Бейсембайға жина-деді. Бейсембай қымсынды. Қымсынғанымды көріп Нәзір ағай боғауыз сөздер де – халық қазынасы екенін, оны да түрлі елде жинап кітап етіп шығаратынын айтты. Пушкиннің өзін мысалға келтірді. Орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкин де орыстың боғауыз өлеңдері, боғауыз әңгіме-

лерін жинаған екен. «Анекдот» деген сөзді де жастар Нәзір ағайдың аузынан алғаш естіген еді.

1925 жылы жалынды жастар жетекшісі, КИМ-нің хатшысы Ғани Мұратбаев ауруы асқынып, қатты сырқаттанды. Тіпті жатып қалды десе де болады. Жұқпалы ауру. Туберкулез. Соған қарамастан Өтебай бастаған үш Ноян жастарға көсем болған Ғанидың қасынан табылады.

Дәрігерлер емдеп-ақ әуре. Дәрігердің еміне көнетін сырқаттан емес бірақ.

– Көріп отырсыңдар ғой! – дейді ол әлсіз үнмен сыбырлағандай болып. Денсаулықтарыңды күтіңдер.

Шәкірттерінің көңілі босаңқырады.

Өтебай, Жүсіпбек досы Бейсембайды Москва маңындағы КУТВ санаторийіне шығарып салды. Поезбен кетті.

Апта өтер-өтпесте жалынды жастар жетекшісі Ғани қайтыс.

«Ғанидан айырылды. Сорладық» – деп санаторийге емделуге кеткен Бейсембай достарына жедел хат жолдады. Ғаниды соңғы сапарға шығарып салуды ұйымдастырған Нәзір ағай Төреқұлов. Қосшысына айналып күндіз-түні сабылған Өтебай мен Жүсіпбек... Жылап жүріп қызмет етті ақирет сапары алдында ұстаздарына. Қаралы митингіде сөй-

леген сөздердің басын қосып «Біздің Ғани» атап, едел-жедел жинақ дайындады. Жылап жүріп құрастырған «Біздің Ғани» қолжазбасын «Кіндік» баспасы басында отырған Нәзір ағаларына апарып табыстады. «Біздің Ғани» естелік кітабы 1926 жылы едел-жедел жарық көрді.

Солай, жетелеп жүріп жеткізген, кезбе, қайыршы болып жүргенде қамқор болған ұлы жүректі ұстаз, бауыр, досынан айырылды жастар. Сонда Ғани шәкірттерінен небәрі екі жас қана үлкен еді. Ақыл айтып, тура жол сілтейтін ұстаздарын Дардай азамат көрер еді жастар. Сөйтсе, өздерінен небәрі екі жас қана үлкен... Оны мұнақып сөздерді теріп, естелік айтылымдарды жинап, басын қосып кітап дайындағанда бір-ақ білді шәкірттері. Ерте піскен, ерте жетілген.

Москваға аттанарда Ғани Қазалыға барып, Бақытжан есімді қызға үйленіп, қарашаңыраққа қалдырып кеткен. Москваға барып жайғасайын. Оралып келіп алып кетем-деп сөз берген Бақытжанға. Сөз берген Ғани Қазалысына жете алмай, бір төмпешікке айналып, Москва жерінде қалды...

Қазалыға қазалы да, азалы қаралы хабар кетті. Зар еңіреп Бақытжан жетті Қазалыдан. Бақытжанды ортасына алып, шәкірт жастар Ваганков зиратына жетті. Ғани зи-

ратының басына барып басын иді. Топырағы кеппеген жас қабірге Бақытжанның, жастардың егілгенде көз жастары тырс-тырс тамды. Бақытжанның зары – небәрі азғантай күн отасқан жас әйелдің зары емес, өмір бойы бірге тіршілік еткен кексе жесір зарындай еді. Ұғынысқан, түсініскен, шын сүйген жүректің зары! Қанды көзінің жасын сүрте жүріп бәрі суретке түсті.

...Жазушы архивін жары Майнұрдың рұқсатымен қарап отырмыз. Ұқыптап белінен байланған ақ бума папка. Тысына «Ғани Мұратбаев» -деп жазылған. Ашып оқып қарадық. «Повесть» етіп ныспылапты туындыгер. Жоғарыда айтылған мәліметтерді сол Өтебай Тұрманжанұлы жазып, жариялап үлгермей, кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырған қолжазбадан жадқа алып жазып жеткізіп отырған түріміз. Бір өкініші – бүгін ол қолжазбаның тағдырынан бейхабармын.

1925 жыл. КУТВ-ны Бес қазақ баласы бітірді. Өтебай, Бейсембай, Жүсіпбек, Лияс, Әбсалямова..

Қырғыздардан Төреқұл Айтматов, Есенаманов, Жиенбаев.

Қалған оншақтысы татар, башқұрттар еді. Саһида Сағдиева (татар), Ғайнуллин (башқұрт), Бекбаев, Бақтиярова (татар). Олардың дені кейін үлкен қызметтерде болды.

КУТВ міндеті әр ұлттың алғашқы ағарту, ғылым, мемлекет қайраткерін даярлау еді. Оқу орны орындады оны. КСРО үкіметі мақсатына жетті.

Өтебай мен Илияс САКУ-ге жолдама алды. Жүсіпбек Шымкент губерниясының газетіне айналған – «Ақ жол» газетіне редактор, Бейсембай «Лениншіл жас» газетінің редакторы. Жолдама беруші Орталық Комитет!

Бұл кезде Ташкенде шығатын «Ақ жол» Сталиннің күштеуімен жабылып, Шымкент губерниясының газетіне айналған. «Түркістан Республикасы» (1920 – 1925) межеленген кейін таратылған. Қазақстан Республика болып құрылды. Бұрын Түркістанға қараған Жетісу, Сырдария губерниясы Қазақстанға қарады. Республика астанасы (1925) Қызылорда болып белгіленді. Ташкеннен, Орынбордан мекемелер көшіп келіп жатты. Мәселен «Жас қайрат» Ташкеннен Қызыл ордаға келді. Ол газет еді. Орынборда «Еңбекші қақтың» бір беті болып шыға бастаған(1924) «Лениншіл жас» Қызылордаға журнал болып жетті. Бір газет, бір журнал 1926 жылдың ортасына дейін қатар өмір сүріп келді. Қағаз жоқ деген сылтаумен 1926 жылы екеуін бір қосып, журнал етті. Кейін қайтадан газет болып өмірін жалғап жатты. Кешегі «Лениншіл жас», бүгінгі «Жас алаш» – сол!

Ташкентте 1920 жылдан бастап шыға бастаған «Ақ жол» төңкерісшіл Тұрар Рысқұловтың көрсетуімен, И. В. Сталинге жазған хатының зардабымен 1925 жылы «жабылады». Алаш қайраткерлері қатты қолдаған, әсіресе газеттің «бас жазушысы» (Нәзір Төреқұлов жазған бұйрықта орысшасы «ответ.секретарь». Қ.Е.) Міржақып Дулатұлының газет үшін қайрат көрсетуі өзгеше. «Ақ жол» газетін Ақаң, Жақаң болып шығаратын «Қазақ» рухына жақындатады, ұлтшыл газет жалғасына айналдырады. Газеттің бас редакторы Сұлтанбек Қожанұлы болып бекіген. Ол Алашордаға жантартқан коммунист қайраткер. Жайнап, жарқырап байтақ мазмұнмен жарық көруіне ерекше ықпалды қалам иесі – Міржақып Дулатұлы, кейін «Ақ жол» газетінің жабылуына да себеп болатыны түсінікті. Тұрар Рысқұловтың Сталинге жазған «доносында» Міржақып Дулатұлын Алашорда өкілі етіп «тұлғалап» ерекше жамандайды. Бас қанішер И.В.Сталиннің өзінен пәрмен келген соң «Ақ жол» жабылды деп ақпар беріледі Мәскеуге. Есесіне «Ақ жолды» ұлы жолдың бойынан көзге тасалау Сырдария болысы, Шымкент губерниясының тілі етіп, Шымкентке бой тасалатып, ауыстырады. Шамасы Алашорда арыстарының халықшыл әрекеті, «Ақ жол» газетін

аман сақтау амалы. «Ақ жол» газетінің жабылуы жайында мынадай ресми мәлімет бар. «Осыған сәйкес РК/б/П ОК5 Баспасөз бөлімі өзінің қаулыларында және арнайы пікірлерінде « «Ақжол» қазіргі кезеңге дейінгі бүкіл Киргизиядағы ең ұстамсыз газет болып қалуда. Оның саяси бағыты, әсіресе, соңғы айларда, мүлде төзуге болмайтындай болып кетті»-деп көрсетеді. Осыдан кейін РК/ Б/П ҚЫРӨЛКЕКОМНЫҢ 1925 Ж. 10 МАУСЫМДҒЫ БЮРО МӘЖЛІСІНІҢ № 69 ХАТТАМАСЫ бойынша «Ақ-жол» газеті қайта ұйымдастырылып, губерниялық органға айналдырылсын, бірақ бұқаралық шаруалар газеті сипатын алсын. Мұны Орта Азияны ұлттық межелен бөлуге байланысты РК/б/П Сырдария Губкомының және Қырөлкекомының Ұйымдық бюросының Ташкенттен Шымкентке көшуінен, «Ақжол» газетінің соңғы кезге дейін Ташкентте қалып қоюынан партиялық басшылықтың сол тұста әлсіреп кетуімен түсіндіруге болады» деп көрсетті. Сол арқылы әдебиет пен мәдениеттің қайнаған ортасы, алаш зиялыларының топтасқан жері Тәшкеннен алыстатылып, редакция шымкентке көшіріледі. Алайда алаш аманатын арақалаған «Ақ жол» қызыл кісенге тірсегін қажатын тұсаулы

тұлпардай шапшұрлап алға ілгерлей берді. Газеттен түскен ақшаны Арқамен Жетісудағы аштарға жәрдемге жіберді. («Ақ жол» 1 т. 9 бет.)

Шымкент губерниясының тілі саналған «Ақ жол» газетінің 1925 жылғы редакторы КУТВ түлегі Жүсіпбек Арыстанұлы!

Бір қызық бар. Айтса да болады. Айтпаса да болады. КУТВ-да оқып жүріп, жастар махаббат отын да маздатады. Бейсембай татар қызы Саәида Сағдиеваны сүйеді. Үйленуге уәделесіп жүреді. Өтебай қалауы Алма есімді аруға түседі. Бейсекеңе қарағанда Өтекең жедел қимылдайды. Алмаға жіп тағып қана қоймай, үйленіп, той жабдығына кірісіп кетеді. Студенттік той. Той ақырын басталады. Төрге сүйіскен, сүйіскен де серттескен екі Жас – Өтебай мен Алма қол ұстасып өтуге тиісті... Міне, осы сәтте... Иә осы сәтте апақ-сапақта Алма үшті-күйлі жоқ болып кетеді. Сертті той сәтсіздікке ұшырап, тарқайды... Бұл не жұмбақ?

Кейін белгілі болады. Алма Өтебаймен сүйісіп, сөз байласып жүріп, чехтың Сабеля есімді бір жігітімен де қыдырыстай ма, әлде тап үйленер сәтте тап болған чех жігітін, шет елдіктерге аңсары ауғыш қазақ қызын қызығушылық билеп кеткен бе, әйтеуір той үстінде Алма чех жігітінің қойнына барып

кіріп кетеді... Алма Сабеля тегін алып, Чехияда бірсыпыра жыл жасап, өмірінің бесін шағында одан ажырасып, Москваға қайта оралады.

Ал, Өтекең басқа бір қазақ қызына үйленген. Ол ару жастай қаза болады. Одан бір қыз қалады. Ол қыз Павлодардың жігітіне тұрмысқа шығады...

Майнұр есімді татар қызымен көңіл қосады Өтебай ақын. Балалы-шағалы болып бақытты өмір кешті. Майнұр шешеміз Өтекеңді Сібірге сабылып іздеп барып, бала-шағасымен бәрі бірге тұрған.



Ғани қабірі басында. Москва 1925 ж.

Алғашқы ақындық жемістер

Ақын өмірінің және бір кезеңін елестету мақсатында алынып отырған бұл тарауды келтесінен қайырып, қысқа баяндай салуға болады. Алайда, бұл кезең қысқа да болса –

жемісті, қысқа болса да – өте күрделі.

Бөгеннен – Ташкен барып бақытқа жолыққан бала, Мәскеу барып білім алған шәкірт, ақындық жолда қалыптасқан Өтебай Тұрманжанұлы қайтадан Ташкенге ұстаз болып оралады. Ол сәтті ақын орысша жазған «Өмірбаянында»: *«1925 жылы Коммунистік университетті тәмамдаған соң БК(б)П Орталық Комитеті мені Ташкендегі В.И.Ленин атындағы Орта Азия Коммунистік Университетіне мұғалім етіп жіберді. Онда 1929-31 жылдары САГУ-де кафедра меңгерушісі қызметін атқардым. Профессор атағын берді. 1931 жылы Қазақстан Өлкелік КП(б)-нің шақыруымен Алматыға келіп, Абай атындағы қазақ педагогикалық институтында әдебиет пәнінен сабақ бердім, әрі қазақ мемлекеттік баспасында оқу-методикалық секторды басқардым.*

Қазақ педагогикалық институтында оқушы бола жүріп 1934-36 жылдары «Қазақ әдебиеті» газеті редакторының орынбасары қызметін қоса атқардым.

1936-38 жылдары «Әдебиет майданың» («Жұлдыз») журналының алдымен редакторының орынбасары, кейін редакторы қызметтерін де қоса атқардым» («Автобиография») – деп жазады.

Сөйтіп, 1925 жылы Өтебай Тұрманжанұлы

Ташкенге қайта оралды. Ташкен бұрын «Түркістан Республикасының астанасы болса, енді Өзбек Автономиясы астанасы. СОКП Орталық Комитетінің бір түрік жұртын межелу саясатымен бірін бірінен ажырату саясаты.

Мұның өзі өз жерінде өзі аз, аядай башқұрт ағайындардың дербес автономия алуынан басталады. Бұрын Орынборды қазақпен бірге жайлаған татар, башқұрт, әрірек орналасқан шуаш 1917 жылдан оянулы. «Оян, қазақ» ұранды кітабын Міржақып Дулатұлы жазғаны айдай ақиқат. Сол секілді татар, башқұрт қаламгерлері де Міржақып Дулатұлымен қатар «Оян, татар!», «Оян, башқұрт!» атап, дабыл қағып отырған. Осылай деп ұрандатып мақала жазған, ұрандатып кітап шығарған. XX ғасыр басы жалпы түрік жұрты үшін ояну жылдары.

Орал өңіріндегі оянушылықты оң пайдаланып татардың тамаша жазушысы, драматург Гаяз Ұсқақи «Орал-Еділ» саяси азаттық ұйымын құрған. Бірсыпыра Еуропа елдерімен байланысқа түскен. Дүйім шығыста тілектестері аз емес. «Орал-Еділ» татар, башқұрт, шуаш зиялылары ұйымы! Ол ұйымда басты саясатшының бірі – Ахмет Зәки (Доған). Гаяз Ұсқақи көп тартыса жүріп, ақыры түрік халықтары бәрі бас

біріктіруі керектігін пайымдаған. Түріктің үш жұртын ел жасаймын деген ойдағы Қазандық Гаяз Ысқақи, башқұртстандық татар Мирсайд Сұлтанғалиев, башқұрт Ахмет Зәки Вәлиди ортақ мәселеде өзара үндеседі де, өзара тартысады да. Түріктің үш жұртының өзара бірігіп кетуінен қорыққан Москва билігі араларына іріткі салумен болады. Ақыры ыдыратудың амалын табады. Тұтас отырған татарға, әріде жатқан шуашқа емес, өз жерінде өзі азшылық (70 пайыз татар, 30 пайыз башқұрт) башқұртқа Автономия береді. Ахмет Зәки Вәлидиді Министрлер Советінің төрағасы етіп бекітеді. Астына Үкіметтік «Чайка» мінгізеді. Оралды жайлаған үш ұлттың, әсіресе татар мен башқұрттың арасына Мәскеудің от жағуын түсінген Гаяз Ысқақи қоярға жер таппайды. Тығырықтан шығар жол – Түркістан Республикасына иек артуды ойлаған. «Орал-Еділ ұйымын» Түркістан Республикасымен біріктіріп, Түрік халықтары федерациясын құруды ойлайды.

Бәрін ұдайы бақылап отырған Москва билігі Башқұртстанға автономия бергені секілді, Түркістан Республикасына ұйысқан бір тәжік, бірыңғай түрік ұлттарын жеке-жеке автономияға шашыратып жібіреді. Бұл «межелу» операциясы. Түрік халықта-

рын ішінен ыдырату. Ыдырату үшін Москва Тұрар Рысқұловты пайдалана білді. Әуел баста қазақтардың арасынан бірінші болып түрік бірлігін қолдаған Тұрар Рысқұлов Москва билігінің алдау-арбауына түсіп (Азмет Зәки секілді) И.В.Сталин атына жүз беттік данос түсіреді. Ә.Бөкейханнан тартып Алашорда түгел буржуазияшыл ұлтшыл атанады доноста. Алашордаға жан тартқан Сұлтанбек Қожанұлы әр Алашорда саяси портреті аяғында қос-қабат сыналып отырады.

Әсіре коммунист Тұрар Рысқұловтың даносы қаперге алынып, Түркістан Республикасы межеліу процесіне ұшырайды. Түркістан Республикасы үні «Ақ жол» газеті жабылады. Жабылып, Шымкент губерниясы газетіне айналады.

Өтебай Тұрманжанұлы Ташкенге келгендегі саяси жағдай осындай! Қазақстан астанасы Қызылордаға көшірілген. Түркістан Республикасы қазақ бөлімшесі де Қызылордаға қарай жылжып жөнеледі. Татар, башқұрт, шуаш билігінің ізімен Ташкенді орталық еткен Түрік халықтары ынтымағы да сетінеп жөнөйді. Қазақтар өзара билікке таласып Қызылордаға жеткенше Автономияның басына грузин басшы ұйғарылады. Ташкен ескі орталық сипатын әлсіретіп, Өзбек автономиясының астанасы ретінде өркен жая бастаған сәт.

Өтебай САКУ-ге келген сәтте өзбек зиялылары Чулпон, Абдолла Аблани, Фитрат ықпалы күшейе түскен. Мосвадан біліммен қаруланып, ақындық шеберлігін ұштап келген Өтебай Ташкенге қайта оралған сәтте алдымен ақындығын ұштады. Ақындық жолында Чулпонмен ынтымақ тапты. Мағжан қалай қызықтырса, Чулпон солай қызықтырды жас ақынды. Жас ақын екеуін ертеден өзіне ұстаз санайтын. «Қошан кедей» атап, хикая да жазды. Нәзір ағасының аманатын ұмытпай қазақтың мақалдары мен мәтелдерін де үзбей жинады. Лютш, Дибачев жинаған қазақ мақал-мәтелдері Ташкент архивінде сақталады. Олармен де танысты Өтебай. Ұзамай «Қазақтың мақалдары мен мәтелдері» жинақ кітап болып басылды. Жинақты атақты тюрколог, Дүниежүзілік тюркологтар қоғамының төрағасы А.Самойлович аса жоғары бағалады. Оңтүстіктің жорға ақыны, өзін Пушкинмен теңестіре сөйлейтін білімдар Молда Мұса жайында ізденіске түсті. Өлеңдерін жинады. Оқулық жазуға жиналды. Өзбек тілінен шығармалар тәржімалауға кірісті.

САКУ Өтебай Тұрманжанұлына профессор атағын берді.

1931 жылы Қазақстан Өлкелік КП(б)-нің Қазақстанға шақырды. Шақырумен келген Өтебай Тұрманжанұлы Алматыға келді.

Туған еліме біржолата келдім деп шешті. Алды не тағдыр күтіп тұрғанын білген жоқ бірақ. Ол Ташкеннен Алматыға қызмет ауыстырып оралғанда, қазақ арасына сіңісе бастаған, Абай жайында тамаша білгір де, білімдар мақала жазатын Абдурахман Сағди қазақ арасынан өзбек арасына Ташкенге көшті. Әзербайжанның жас та жалын ақыны Шейхзаде Бакыден Ташкен ауысып, өріс жаңалап жатты.

Алматы Өтебай Тұрманжанұлын жақсы раушан көңілмен қарсы алды. Абай атындағы қазақ педагогикалық институтында әдебиет пәнінен сабақ берді, әрі қазақ мемлекеттік баспасында оқу-методикалық секторды басқарды.

Қазақ педагогикалық институтында оқушы бола жүріп 1934-36 жылдары «Қазақ әдебиеті» газеті редакторының орынбасары қызметін қоса атқарды.

1936-38 жылдары «Әдебиет майданы» («Жұлдыз») журналының алдымен редакторының орынбасары, кейін редакторы қызметтерін де қоса атқарды».

Ақынның өмірбаяндық жазбасына қарап отырып, осынша қызметті бір өзі қос-қабат атқарғанына қайран қаласың. Әрине, бір жағы маманның да аз кезі, екінші жағынан уақыт қасіреті тап келіп, аптал азаматтардың

тағдырын тәлкекке айналдырып, алып кетіп те жатқан кезі ғой ол. Сонда да дарынның бұлақ көзі ашылған ақын қос-қабат қызметтерді үлгеріп істеді, өлең, әңгіме, мақаланы да үлгеріп жазды. Ақын үлгерімпаздығына кісі қайран қалуға болады. Өйткені ол өте тындырымды, өнімді жазыпты сол жылдары. Пікірімізге мына жайлар дәлел бола алады. Өтебай өмірінің осы кезеңінде «Таң өлеңдері» (1925), «Қошан кедей» (1927), «Карл» (1934), «Пулемет» (1933), «Құрыш құс» (1932), «Таң сыры» (1929), «Еңбек және мектеп» (1930), «Қарлығаш» (1931) секілді әр жанрдағы кітаптары бірінен кейін бірі жарық көріпті. Ал, атқарылған қызмет, күнделікті өмір тілегімен жазылған мақалалардың ұзын қарасы тіпті мол. Бұл кезеңде Өтебай Тұрманжанов өмірінің ақырына дейін желіленіп кетер шығармашылық бағдар айқындады. Ол поэзия, проза, әдеби сын, зерттеу, журналистика саласында өз мүмкіндік, қабілетін байқап көрді. Педагог ретінде сабақ берді, журналист болып қызмет атқарды. Демек, Өтекең жиырмансыншы-отызыншы жылдары қалам тартқан жанр жайы, қаламгердің әр жанрда қалдырған мұрасы деген мәселені алда сала-сала қарастыруға тырысамыз. Әзірге айтарымыз, отызыншы жылдары Өтебай Тұрманжанов жасаған

алғашқы қадам мейілінше жемісті болған еді. Еңбек сүйгіш қаламгер жалықпай ізденіп, ерінбей еңбектенудің нәтижесінде А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевтар көзге ілерлік, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, М.Әуезов, С.Мұқанов сияқты тұлғалар қанаттас өсіп келе жатқан тұстас дарын деп танырлық дәрежеге жеткен. Өмір жолында отыз жетінің кесірлі кесепаты кесе-көлденең тұрмағанда, Өтебай Тұрманжанов осы қарқынмен қазақ әдебиетінің тұлғалы қаламгері болып қалыптасып үлгергендей екен. Өкінішке қарай отыз жетінің қара дауылы Өтебайдың тағдырын қиырларға алып кетіп, қинап, басқаша сабақтады. Ендігі әңгіме ақынның осы ауыр тағдыры хақында...

ҚАРАЛЫ ЖЫЛДАР, ЖАРАЛЫ ЖАНДАР...

Қазақ халқының азаматтық жолының мейілінше ауыр болғанын тарихтағы қанқұйлы оқиғалардан білеміз. Ғасырлардан жалғасып келе жатқан қаралы оқиғалар қазақ халқының басынан Қазан төңкерісінен кейін де кетпепті. Адамзат аузында «үлкен жылан», «кіші жылан» аталған кезеңдер, жиырмасыншы жылдардағы жоқшылық, отыз екінші – отыз үшінші жылдардағы алапат аштық, отыз жетінің қырғыны, Екінші дү-

ниежүзілік соғыс... міне, осылайша жалғасып кете барады қазақ халқы бастан өткерген қаралы оқиғалар тізбегі. Сол оқиғалар логикасына қарап отырып бұл көнтерлі, төзімді халықтың «мың өліп, мың тірілгенін» (Ж.Молдағалиев) түсінесің. Ал, бұл оқиғалардың қайсысы да тарихқа қаралы жылдар болып енді. Қаралы жылдардан талай адам кебін киді. Қаралы жылдардан кебенек киген санатында жанын жаралатып, арын қорлатып аман шыққандар да бар. 1937 жылдың ойранына тап болып, жиырма жылдай елінен, жерінен алшақтап, әупірім-тәңірмен аман қайтқан жаралы жанның бірі - Өтебай Тұрманжанұлы.

Қай қызметті де адал атқарып, қаламын қадірлеп өсіп келе жатқан Өтебай Тұрманжанұлы 1938 жылы ұсталып, түрмеге қамалды, жер аударылып, Сібір айдалды. Ала-бөтен айыбы, айықпас кінә, кешірілмес күнәсі бар ма еді ақынның? Өтекеңнің көзін көрген, дәмдес болып, қатар жүрген бірсыпыра қарт кісілерге осы сұрақты әр кез көлденең тартқан жайым бар. Сонда олар былай дейді:

Профессор Бейсембай Кенжебайұлы: Кісіге қиянат жасар адам Өтебай емес. Қолынан келсе жақсылық жасауға дайын тұратын аяулы жан еді. Отыз жетінші жылдары мен онымен бір қалада бірге бола алған жоқпын.

Әйтсе де, Өтебай кісіге қиянат қылмақ былай тұрсын, тышқан тұмсығын қанатты деген сөзге де сенбеймін. Оның тұла бойы ар, иман еді ғой.

Жазушы Жүсіпбек Арыстанов: Ол жылдары кім жеке басының қылмысымен кетті дейсің? Сондай бір солақай заман болды ғой ол. Өтебай да нақақ күйгендердің бірі. Халқын сүйгеннен, жұртының мұратын жырлағаннан басқа Өтебайда қылдай қиянат, тырнақ астындай кір болуға тиісті емес.

Ақын Әбділдә Тәжібаев: Өтекең «Лениншіл жас» пен «Еңбекші қазақ» газеттерінде қатар корректор болып істеп жүргенімде іздеп келіп танысып, жылы сөзін айтқан адам. Бізді «Лениншіл жастың» жауапты хатшысы Асқар Тоқмағамбетов таныстырған еді. Біздер, жастар, Ғаниды қандай ірі, қандай жалынды жетекші көрсек, оның Жүсіпбек, Бейсембай, Өтебай секілді шәкірттерін де сондай үлгі тұтып, соларға еліктеп өстік. Олардағы рух тазалығына қайран қаламын. Қаламының желі бар жастарды іздеп жүргені де содан ғой Өтекеңнің. Сол сәттен кейін өле-өлгенше Өтекеңмен аға-іні, дос болып кеттік.

Ал, 1937 жыл оқиғасына келсек, ол мені жақындап қалған қатерден сақтандырған, періште болып қағып қалған адам. Мәсе-

ле былай болып еді. Ол жылдары ұсталып кеткен жазушылардың пәтеріне ордерді Қазақстан Жазушылар одағы жазып беретін. Қалалық атқару комитеті босаған үйді алып қоймасын деп ерте қимылдап, қамтып қалуға тырысады. Кейде, талас үстінде ұсталған жазушылардың пәтері қалалық атқару комитетіне де өтіп кетіп жатады.

1937 жыл. Мені республикалық газеттер күнде қаралап, жау тұтып масқаралап жазады да жатады. Әсіресе, «Лениншіл жас» газеті «Әбділдә Тәжібаев және оның достары» – деп ат қойып, айдар тағып сынайды да жатады. Онда біз Ленин көшесінде бір жеке үйде тұрамыз. Үйдің алды бақ. Бақ арасы сылдырап ағып жататын бұлақ. Бір күні бақта саялап отырғанда Өтекең келді. Хал сұрастық. «Не боларын білмеймін, «Лениншіл жас» үстімнен түспей қойды» – дедім ағама мұңымды шағып. Сол сәт Өтекең қалтасынан бір жапырақ қағазды суырып алып маған ұсынды.

– Мынау сенің үйіңе жазылған ордер. Шамасы, сені ұзамай ұсталады деп есеп қылама, қалай, әйтеуір мені шақырып алып, сен осы үйге кірерсің деп ордер жазып берді. Сен ұсталмай-ақ қой, Әбділдә, мен сенің үйіңе кірмей-ақ қояйын. Беті аулақ, жаман айтпай, жақсы жоқ, егер ұсталғандай жағдай-

ың болса да мен сенің үйіңе кірмеймін. Сені сақтандыру үшін мына ордерді әдейі әкеліп, өзіңе тапсырып отырмын. Сақ бол! Сау бол – деп кете барды. Сілейіп мен отырып қалдым.

Міне, Өтекең осындай адам еді. Жұртқа жақсылық жасаудан бір танбайтын адам еді Өтекең. Өтекеңмен өле-өлгенше сыйласып өттік.»

Ақын замандастарының лебізі міне, осындай. Ағалар сөзінен жер бетіне жақсылық, адамдар жүрегіне ізгілік еккісі келетін Өтебайды көреміз. Өзі жарға құлап бара жатып, өзгеге «сен құлама» деп сақтандырып жүрген жаны жайсаң, жүрегі жақсылыққа толы аяулы адамды танимыз.

1938 жылы кетіп 1955 жылы оралған (Сібірге екі рет жер аударылған) Өтекең жанына жазықсыз айдау, қинау, қудалаудың қаншалық жара салғанын ойша пайымдауға әбден болады. Бірақ, ол кезең дерек, құжаттары, қиналыс, күйзеліс куәгерлігіндей ақын жазбалары әл-әзір жоқ қолымызда. Бірді-екілі өлеңдерінде астарлап айтқаны болмаса, шеккен қайғы-қасіретті жеріне жеткізе баяндаған шығармаларының бары-жоғы да бізге белгісіз. Мүмкін, сәтін салса ондай шерлі туындылар алда әлі-ақ табылар. Ал, әлгі бірді-екілі өлеңге келер болсақ, олар Ерлан есімді ұлына арнаған *«Жарығым – сәу-*

лем» аталатын өлеңі мен «Қара орман, қалың қара орман» аталатын пейзаждық сұлу жыр. Сонымен қатар «Иткөйлек» аталатын этнографиялық детальға құрылған және бір өлеңі бар. Ақын қайғы-қасіретін жеткізетін өлеңдері осылар ғана.

Енді, сол шерлі жүрек үніне құлақ түрейік:

Қара орман, қалың қара орман!

Көңілімді кенет бұрасың.

Кеудеңде бардай бір арман

Күңіреніп кейде тұрасың.

Дауылды кейде шақырып

Шаңынды сілкіп қуасың.

Жауынды кейде шақырып,

Шашынды шайып жуасың.

Саф таза ауа бір уақ,

Селт етпестен тынасың.

Басыңнан сипап күншуақ

Балқып бір көзді жұмасың.

Не деген сұлу «тағылық»

Ойымды сырмен түйесің.

Мәңгі жасыл жамылып

Жастықты ғана сүйесің.

Тербеліп жатқан телегей

Теңізге сені балаймын.

Өлмейтін ұлы өмірдей

Қызыға саған қараймын –

деп жырлаған еді ақын «Қара орман, қалың

қара орман» – аталатын өлеңінде. Бір қарағанда бұл өлеңде айдауда жүрген ақынның азапты көңіл күйі, шерлі жүрегінің үні сезілмейтіндей. Тек *«Кеудеңде бардай бір арман, Күңіреніп кейде тұрасың»* – деген жолдарда ғана лирикалық қаһарман көңілінің табиғатпен астаса айтылған бір сәті жатқандай. Солайына солай! Сөйте тұра, осы өлеңнен өзгеше бір сыр іздеп, астарына үңіліп оқығың келеді. Өлеңнің астарлы ойын түсініп, астарлы ойын ашқың келеді. Біздің пайымдауымызша, бұл өлеңде таңқаларлық бір жай бар. Ол айдауда жадап-жүдеп жүрген ақынның сібірдің қара орманына іңкәр көзін қадап, ғазиз жүрекпен қарап, сұлу жырлай білуі. Өлең тамылжыған табиғатты мейілінше қарапайым, сөйте тұра сұлу жырлаудың әдемі үлгісі. Қоғамнан әділетсіздік, адамдардан зорлық-зомбылық көріп жүріп те Сібір орманын осылай жырға қосу – ақын көңіліндегі әдеміліктің, ақындық көздің сұлулығынан.

«Қара орман, қалың қара орман» – жалқы өлең бе? Біздіңше, бұл жалқы өлең емес. Әлденеше өлеңнің шақыртқысындай біреуі ғана. Үлкен симфонияның увертюрасындай... Олай дейтін себебіміз – ақын аталмыш жырды «Сібір өлеңдері циклынан» – деп жариялапты. Демек, ақынның шерлі тағдыры

осы циклдың өзге сыңарларында сөйлейді деп білген жөн. Өзінің өлім өтінде кешкен өмірі хақында ащы өлеңдері болса алғы күнде жарық көрер.

Ақынның ауыртпалық көрген ащы өмірінің куәлігіндей екінші бір өлеңі - ұлы Ерланға арнаған «Жарығым – сәулем». Өлеңде ақын:

Сарысуда туып,
Сібірде өстің.
Алмасындай Мичуриннің,
Алматыда тұрып,
Жас күніңді кештің
Қызғалдағындай ұлы өмірдің.

Бесті басып,
Алтыға астың,
Тағы бір жылдың есігін аштың
Келе жатыр қызықты дәурен,
Өс-өс, ұлым!
Жарығым, сәулем! –

деп жырлады.

Қарапайым өлеңде ақын тағдырына соғатын бірнеше мәселе бар. Айталық, «*Сарысуда туып, Сібірде өстің, Алмасындай Мичуриннің*» – деген жолдар. Байқаған кісіге ақынның ішкі жан күйзелісі, нала тағдыр таңбасы жатыр осынау жолдарда. Ең бастысы қалай айтылған десеңізші. Ал, өлеңде сәуле-

ленген өмір шындығына келсек, оның мәнісі мынадай. Ақын айдаудан алғаш оралғанда 1949-50 жылдары Жамбыл облысының Сарысу ауданында «Коммунар» мектебінде мұғалім болып қызмет істепті. Шамасы, ақынның Ерлан есімді баласы сол жылдары Сарысуда туған болса керек. Ақын тағдыр тәлкегімен қайтадан Сібір айдалып, кейін 1955 жылы біржола босап келген. Қазақ әдебиетінде бір жай айтылмай жүр. Ол – айдауда жүрген қазақ интелегенттері әйелдерінің мықты рухы, жығылмаған жігері, ерлерінің соңынан іздеп барып, Сібірде тұрып қалған ерлігі. Ақын жары – Майнұр осындай жігері мықты жандардың бірі еді. Ол ерінің соңынан іздеп барып бірге тұрып, ақын ұрпағын бірге өсірген аяулы ана. (Ақын жары Майнұр Тұрманжанова 1989 жылы қайтыс болды). Өлеңде өрнектелген өмір шындығының кейбір сыры міне осындай.

Өлең – ақын өмірбаяны десек, түрмеде өткен тағдырын Өтекең өлеңдерінде айтпай тұра алмасы хақ. Бұл ретте ақында «Ит көйлек» аталатын және бір қызық өлең бар. Ақынның ауыр тағдырын баяндайтын баллада дәрежесіндегі сюжетті өлеңді де шып-шырғасын шығармай түп-түтел оқиық.

Келді маған бір ақ жәшік алыстан.

Әлде туған, әлде достан – таныстан

Алып келдім ашуға жан ынтығып –
Асау аттай жүрек тулап алысқан.

Жарым маған жіберіпті май мен құрт,
Әуес ас қой деген шығар жесін жұрт.
«Мынау саған балаң шешкен «иткөйлек»
– Дегті ырым ғып тәбәрік ет, көзің сұрт.

Жапырақ гүл, жас иіс бұл «иткөйлек»
Көп нәрсені көзіме айтып тұр сөйлеп.
Бала иісі балбыратып жанымды
Жылап алдым жұрттан көзді күркейлеп.

Көргендей боп нәрестемді көзіммен
Бөлінгендей біреу тағы өзімнен.
Апрельдің аяғы еді көктемде,
Көктем лебін көңілім сонда сезінген.

1950 жылы жазылған өлең тағдыр ауырт-палығын айтып бере білгенімен құнды. Сонымен қатар этнографиялық детальға құрылуымен қызықты. «Иткөйлек» – Ө.Тұрманжанұлының жиырма жылдық азапты өмірінің естелігі. «Иткөйлек» – қазақ поэзиясындағы қазақы наным - сенімге, этнографиялық детальға құрылған қызықты, өміршең өлеңнің бірі. Мұндай мұнды да, шуақты өлең қазақ поэзиясында ілуде біреу.

Ақын өзінің ұзын-ырғасы жиырма жылға созылған айдауда өткен ауыр тағдырын міне

осындай санаулы өлеңінде сыздықтатып айтып беріп кетіпті.

Қысқасы, ақын Өтебай Тұрманжанұлы жеке адамға табынудың зардабынан «халық жауы» атанып сотталған адам. 1938 жылы Сібір айдалып, ұзақ жылдар (1955 жылға дейін) зәбір-запа шекті. Бұл жылдары, әрине, ақын шығармашылығы тоқырайтыны белгілі.

Ақын өмірінің осы бір қиын кезеңіне қатысты екі деталь айта кетуді жөн көреміз. Өтекең белгілі ғалым Мұхаметжан Қаратаевпен түрмеге бірге қамалып, Сібірге бірге айдалған. Сібірге айдағанда қанды қол қарақшылармен бір вагонға тап болыпты. Бір жапырақ нан үшін, әйтпесе болмашы дүние үшін адамды өлімге оңай қиятын қиямпұрыстар жолда Өтекеңді өлтіріп қоя жаздапты. Вагон сөресінде жатқан Өтебайды қанды қол қарақшының бірі (атаман деседі) буындырып жатқанда ыңыранған дыбыстан оянып кеткен Мұхаметжан Қаратаев атып тұрып қарақшыны жұдырықпен бір ұрып жалп еткізіпті. Соққының қатты тигені соншама, қашан Сібірге жеткенше не Мұқаңа, не Өтекеңе қарақшылардың бірде-бірі тиісе алмапты. Лагерьде де шомбал денелі қарулы Мұхаметжан Қаратаев Өтекеңе көп-көп қамқорлық жасапты. Ақын жары Майнұр

апай осы оқиғаны әңгімелей келе «Өтекең өле-өлгенше Мұхаметжанның өлімнен алып қалғанына, лагерьде жасаған қамқорлығына дән риза болып өтті!» – деген еді кезінде.

Балалық шағынан әңгімелегенде Өтекеңнің әкесінің ісмер кісі болғанын баяндаған едік. Сондай-ақ, ақынның шешесі де қолы епсекті, кілем тоқитын, ою оятын жан болыпты. Жастайынан көзі қолөнерлікке қанып өскен Өтекең түрмеде етікші болып, тағдырластарының қажетін өтепті.

Ендігі бір әңгіме мынадай: Ақын 1949 жылы алғаш рет азғантай уақытқа босанғанда жұрт «халық жауы» деп теріс қараған, соңынан НКВД өкілі арылмаған сәтте ештеңеден қорықпай іздеп келіп, құшағын айқара ашқан адам – бала кезгі досы – Бейсембай Кенжебайұлы болыпты. Майнұр апай ризалықпен еске алған әңгіменің бірі осы еді.

Кейде рух мықтылығына таң қалуға болады. Қаншама қиындық көрген ақын араға азапты жиырма жылды салып шығармашылық еңбекке қайта оралды. Қаралы жылдардың жанға салған жарасын жырмен емдеп жазды. Қолдан сусыған қаламды қайта алды, суынған жүректі жырмен қайта жылытты. Ыстық жүректен жыр саулатты.

Адал жүріп, аяңдап
Тек қана еңбек істедім.

Сырымды айтсам баяндап:
Арамнан ас ішпедім.
Құлықпен жүлде алам деп,
Құлпырып көзге түспедім.
Өтірік олжа салам деп,
Бусанып бекер іспедім.
Бірді бірге айдап сап,
Арамнан олжа таппадым;
Бір көргенде жайнақтап,
Бұрыла бере қаппадым.
Көзге жақсы көрініп
Жамандықты баппадым.
Жалтылдақтан жерініп,
Жайдақылық тапқаным.
Талаптыны қызғанып
Етегінен тартпадым.
Біреуге бекер назданып,
Салмағымды артпадым...
Әсіл ме деп осылар
Алдарыңа тартқаным.
Сары аяз емен сарнаған,
Сары маса емен қан құмар.
Сары бір отпын маздаған
Жылуым болса жылын, ал!
Қызыл бір тілмін сайраған
Қызығым болса, тыңдап қал.
Қызыл бір гүлмін жайнаған.
Жұпарым болса, жұртым ал! –
деп, маздап жанып, қайтадан сапқа тұрып

жанымен жыр толғады, жемісті еңбек етті, өлмес, өшпес шығармашылық жаратты жайсаң ақын.

Әуелі ақынды тағдыр аямай қинаған еді. Енді келіп тағдыр ақынды аяды. Жиырма жыл қинаған тағдыр енді оны жиырма жыл аялады. Оған тағдыр тағы да жиырма жылға мүрсат берді. Осы жиырма жыл ішінде ақын уақытын мейлінше үнемдеп, өте тиімді пайдалануға тырысты. Әр жанрда еңбектеніп, бала біткен жаттапжадына тұтар әуезелі әдемі жыр, қазақ біткен сөз сайысына ұдайы пайдаланып айтып жүрер мақал мәтелдер қалдырды. Аздап қара сөз жазды, ойға түйген тәжірибесін бөлісіп, аздап әдеби сын, зерттеу, публицистикалық мақала жазды. Соңына жақсы жыр мұра баптап қалдырып, соңына жақсы ұрпақ тәрбиелеп арттырған ақын 1978 жылы жарық дүниеден өтті.

леп дүркін-дүркін үлкенді-кішілі кітап етіп шығарды мақал-мәтелді. Бұл - үлкен фольклорист – жинаушы әрекеті. Әдебиет қамын ойлап, ағымдағы баспасөзде жиі-жиі мақала жазып, тәжірибе бөліскен әдебиетшілігі өз алдына бір қызықты сала. А.С.Пушкин, Ғ.Тоқай, Ғ.Ғұлям өлеңдерін, Эзоп мысалдарын қазақшаға тәржімалағаны және бар. Ойға алып, ақылға салып безбендеп қарасақ, Өтебай Тұраманжанұлы қалдырған әдеби мұра алуан жанрлы сан-салалы. Олай болса, кең ауқымды, алуан жанрлы, сан-салалы әдеби мұраны жүйелей жіктеп, саралай талдамай болмайды.

АҚЫН ЖЫРЫ – УАҚЫТ СЫРЫ

Өтебай ақын бір өлеңінде:
Өмірге бір қызыл гүл ектім,
Өссін деп, гүлін ашсын деп.
Жақсы ниет, жақсы тілектің,

Жұпарын жұртқа шашсын деп –
жырлаған еді. Ақын еккен «қызыл гүл» оның жыры. Халқына ақын жырын сыйлады, сырын сыйлады. Олай дейтін себебіміз, қашанда ақын жыры өмірбаянынан бастау алады. Ол қоғам бойындағы құбылыстарды өз көзімен көріп, қиялымен елестетіп, көңілімен безбендеп барып жырға айналдырады. Сондықтан ақын жыры оның сыры болып сөйлейді. Ақынның «өмірге қызыл гүл ектім» деуі де сондықтан.

Қазақ әдебиетінде бір қасірет бар. Ғылым жасайтынымыз бар, ғылым атын жамылып атақ қуатынымыз бар, бәріміз шыр айналып «алыптар тобы» аталып жүрген бес-алты адамның төңірегінен шықпаймыз. Бұл – мықтыны мықты танып, талантты талапты таныту болса бір сірә, көбіне бұл өзіміздің әлсіздігімізді алыптар тұлғасымен бүркелмеу болып шығып жатады. Ойлап отырсақ, қазақ әдебиетіне ерекше қайрат жасаған бес-алты адамнан өзге қаламгерлердің шығармашылық тағдырына жіті үңіліп, ғылыми өмірбаянын да жасамаппыз. Бұл, әрине дұрыс болмайды. Мықты аталып келгендердің әлсіздігін көрмесе / әлсіздігін теруді айтып отырған жоқпыз әрине/, елеусіз қалып келгендердің мықтылығын көрмесе, барды – барша айтпаса – несі әдебиет ғылымы?! Ол айтқан, бұл айтқан пікірлер жинағын құрастырып ғылым жасау – оқушыны шаршатқан жай. Шынтуайтына келсек, олар ғылым емес, қиюластырушы, дәнекерлеуші, үйлестіруші ғой. Бұрын барынша прогрессивті қаламгерлер мен қайраткерлерден регрессивті бірдеңе іздеу – індет еді ғой. Енді бұрын қателескен, халық жауы аталып, қара күйе жағылып келген қайраткерлердің шын болмысын ашу, олардың халық үшін күйгенін бар дауыспен айту парыз.

Өмірбаяны терең зерттеліп, дұрыс баяндалмаған аға буын өкілінің бірі – Өтебай Тұрманжанов. Халқы үшін қасірет дариясын белуарына дейін кешіп, өмірі уланып өткен қаламгердің бірі – Өтебай Тұрманжанұлы. Қаншама әділетсіздік көре жүріп әрқашан әділдікке ұмтылған, қаншама қасірет көре жүріп қасиетін жоймай, адамгершілігін аласартпай өткен абзал азаматтың бірі - Өтебай Тұрманжанұлы. Өзі көрген, бастан кешкен қуанышты да, қайғыны да өлеңге айналдырып жүрегінен жыр саулатып өткен ақындарымыздың бірі - Өтебай Тұрманжанұлы. Біз бұл тарауда Өтекең әдеби мұрасының бір ғана саласын – лирикаларын ғана қарастырамыз. Ақын өзі өмір сүрген уақыт шындығын, бастан кешкен тағдыр тауқыметін қалай бейнелегеніне көз жібереміз.

Жасыратын не бар, арада жатқан жетпіс жыл ақындарымызды адастырған ғой. Пролетариат ісінен тысқары әдебиет пен өнер болмауы керектігін санасына мықтап құйып алған және табиғатынан белсенді, табиғатынан ұраншыл, табиғатынан жалтақ, табиғатынан бірін-бірі көрсеткіш қазақ ақындары қоғам алдына түсіп алып дедектеп жүгірген де отырған. Дедектеп жүгіріп келе жатқан кісіде жан сақтаудан өзге, ойлану, толғану, осыным дұрыс па, бұрыс па деп

ой тоқтату әсте бола бермейді ғой. Аға буын, одан кейінгі орта буын қазақ ақындарының хал-күйі осындай болған. Олар уақыт сырын өздерінің ақындық болмысы арқылы жырлау орнына, өз болмысын қоғам мінезіне, уақыт ұранына бейімдеуге тырысты. Тіпті, үлкен аңғармен қарағанда қазақ поэзиясының отызыншы жылдардан бастап бір дәуірін табиғаты әр басқа, ойлау жүйесі әр бөлек, дүниетанымы әр деңгейдегі бірнеше ақын жасады деуге де қиналасың. Бәрін бір ақын, әйтпесе арнайы эксперименттік ортада ұсталған бірдей ақындар тобы ғана жасаған секілді көрінеді. Алғашында осы топтың жуан ортасында Өтебай Тұрманжанов та болған еді. Абырой болғанда, ақын тағдыры, ауыр да болса, кейін басқаша сабақталады. Әйпесе, сол көптің бірі болып қалар ма еді, қайтер еді?!

Жиырмансыншы жылдардың аяғы мен отызыншы жылдардың өне бойы – Өтебайдың бар жанрда жалындап өндіре көп жазған кезеңі. Бәрі бірдей алтын емес, бәрі бірдей бақыр емес, әрине. Сондай-ақ Өтебай поэзиясының сынға қатал ұшыраған жылдары да осы отызыншы жылдар. Отызыншы жылдар ұлы Абайдың өзін жуан тап өкілі деп сыртқа теуіп, екінші бір ұлы ақын Мағжан Жұмабаевты байшыл ақын деп бой

тартып тұрған, көзге шел байланған сәт. Ақындық гүлін енді ашып келе жатқан Өтебай ақынды Абайға еліктегені үшін, Мағжан өлең өрнегінен үйренгені үшін сыңаржақ социологиямен ауызданған сыншылар өлтіре сынап жатты. Зәрлі уын төккені сонша - Өтебайдан дұрыс ақын шықпайды дегенге дейін барыпты олар. Ақынды сондай сыңаржақ сындардан арашалаған Б.Кенжебаев «Өтебайдың поэзиясы туралы» деп аталатын мақаласында: **«Өтебай көп сыналды. Өтебай туралы баспасөз жүзінде болсын, жиылыстарда болсын көп сөз болды. Осыдан не шығады деп оның ақындығына, келешегіне шүбеленушілер де, оны ақын емес деушілер де болды»** («Әдебиет майданы» № 9, 1934 жыл) – деп жазды. Уақыт тегеуріні дегеніңіз міне қалай әсер етеді?

Отызыншы жылдардағы әдеби сынды бажайлай қарағанда, бір жайды аңғарамыз. Сыншылар Ө.Тұрманжанұлы поэзиясын әр қырынан келіп, қилы-қилы сынап жатқанда ақын табиғатынан шығарып, оны ақын ретінде дәл бағалап, кемшілігін тап басып дәл айтқан, алдағы бағдарын дұрыс айқындаған сыншы Бейсембай Кенжебаев болыпты. Жастайынан ақынмен қатар өсіп келе жатқан сыншы Ө.Тұрманжанұлы шығармашылығы хақында **«Таң сыры»** («Жаңа

адебиет» № 12, 1930ж) және «Өтебайдың поэзиясы туралы» («Әдебиет майданы» № 9, 1934ж) аталатын екі мақала жазған. Ақын бағдарын айқындауда сыншы бағасының дұрыстығын оның мынадай пікірлерінен көреміз:

«Өтебай қандай ақын?

Өтебай сыршыл ақын. Өтебай өлеңдерінде көбіне өзінің сырын сөйлейді, өзінің әр нәрсеге көзқарасын, солардың қалай сезетінін, сезімін білдіреді.» «...Өтебайдың түр жағынан да, мазмұн жағынан да әдемі өлеңдері – қысқа жазылған өлеңдері. Қай өлеңі қысқарақ, шағынырақ жазылса, сол өлеңнің қарасыны да, ой-пікірі де жарасымды жақсы шығып отырған. Сондықтан Өтебай өлеңді ұзын жазуға әуестенбей, қысқа жазуға түсуі керек. Осыларды есіне алып, жоғарыда көрсетілген кем-кетіктерін түзесе, Өтебайдың келешекте санаулы ақындарымыздың бірі болуы мүмкін» – деп жазды Бейсекең «Таң сыры» аталатын алғашқы мақаласында. Бұл – Ө.Тұрманжанұлының «Таң сыры» аталатын жыр жинағына енген алғашқы адым жырларын ғана емес, бүкіл шығармашылығына берілген әділ баға, дәл байқау.

Сондай-ақ, ақын шығармашылығына арналған екінші сын мақаласында да әдемі

байқаулар, сәтті пайымдаулар бар. Солардың кейбірі:

«Өтебай Октябрь төңкерісінен кейін шыққан жазушы, жас жазушы. Өтебайдың әдебиет майданында көріне бастағанына 8-9 жыл болды. Бұл уақыттың үстірт қарағанда көп уақыт, көп жыл көрінуі, Өтебайдың кексе жазушы болып көрінуі мүмкін. Тереңдеп қарағанда, бұл көп уақыт емес. Әсіресе, Өтебай сияқты кешегі малшы, жалшы болып жүрген, жасында құнарлы тәрбие көрмеген, білім алмаған жазушылар үшін көп уақыт емес. Өйткені, оған осы 8-9 жыл ішінде бір жағынан оқу оқып, тәрбие-білім алып мәдениетті кісі болу жолында болса, екінші жағынан сол оқи жүріп жазуға тура келді, оқу үстінде, сабақ арасында, қызмет арасында жазуға тура келді, жазу жұмысына дербес шұғылдана алмады.»

«Бұған дейін біздің кеңес бағытындағы ақын - жазушыларымызда сыршылдық өлеңдер кем-кем болып келді. Біздің ақындарымыз оқушыларының сыршылдық өлең жөніндегі тілектерін ескермей келеді. ... Ендігі жерде біздің ақындарымыз оқушыларының бұл тілектерін ескеру керек. Қолдарынан кегендері жаңаша сыршыл өлеңдер жазу керек.»

Араға уақыт салып, бүгін ойланып қарар болсақ, сыншы осы пікірлерімен Өтебай сияқты жас ақынның тұрмыс-тіршілігін де, ақындық ашылу, қаламгер ретінде қалыпта-су жолын да өте дәл айқындаған емес пе!?

Жас ақынды Абайшыл, Мағжаншыл деп сыншылар жан-жақтан дүрсе қоя беріп, дырылдатып сүйрей жөнелгенде Бейсе-кең оны қызық арашалайды. *«Өтебайда Абай, Мағжанға мазмұны жағынан емес, түр, сурет жағынан еліктеу бар. Өтебай көп өлеңдерінде Абай, Мағжан және басқа күшті ақынға еліктейді»* – деп жазыпты ол. Ө.Тұрманжанұлының ақындық алғашқы адымы жайлы әңгіменің өзі де осы мәселе-ден басталып еді ғой. Пікір үзігіне зер сал-сақ, мынаны көреміз. Егер Өтебай – Абай, Мағжан поэзиясына мазмұн жағынан елік-тейді десе, досын ұстап бергендей болар еді. Өйткені, ол кезде аталмыш алыптардан бой тартып тұрған сәт. Әрі олай айту – Өтебай ақындығын жоққа шығаруға бара-бар. Со-нымен қатар, алыптарды да даттағысы кел-мей, баспалап күшті ақындарға еліктейді деумен тынған. Бұл - уақыт-замана сыртқа теуіп жатқан алып ақындарға да, ақындық жолына жаңа түскен досына да адалдық.

Бір ғажабы, сыншы ұлы Абай, Мағжан поэзиясынан үйрену – айып емес, қайта жас

ақындарға солай өсу керектігін айта келіп: *«Өтебай сыршыл ақын, елікшіл ақын, ол Абай, Мағжан және басқа ақындарға еліктейді. Түр, сурет жөнінде солардан аздап үлгі алады»* – деп түйіндейді. Социолог-сыншылар сыршылсың деп айыптаса, Бейсекең біздің жас ақындарға жетпей жатқаны – сыршылдық деп қасарысады. Еменнің қарсы біткен иір бұтағындай қайсар сыншы, Ө.Тұрманжанұлының ақындық табиғатын отызыншы жылдары міне, осылай айқындаған. Осылай ойына алғанын, өзі дұрыс деп тапқан пікірін қайталай айтып, мықтап түйіп бір тастаған.

Ақын, алдымен өз өмірбаянына адал болуы керек. Бұл - өзінің ақындық табиғатына адалдық. Ол жоқ жерде қоғамға ақ, өмірде адалмын деп айтуға болмас, сірә. Өзінің ішіне үңілу орнына ұранға ілесіп айқайлап жүріп өмірден өтіп кететін, сөйтіп артында ел есінде жүрерлік бір тірі сөзі қалмайтын ақындар трагедиясы міне, осы жағдайдан туған трагедия. Ал, Өтебай өзі өмір сүрген уақыт, қоғам шындығын өз өмірбаяны, өзінің жан сезімі арқылы бейнелеп отырған ақын.

Ө.Тұрманжанұлы өмірі қалай өтті? Ақын өмірі өкінішке толы. Сан рет көңіл жайлауынан ел көшіп, құлазып, сан рет көңіл жайлауына ел қайта қонған адам ол. Ақын

үшін бұл әрі трагедия, әрі өмірбаян. Өтекең сол өз өмірбаянына адал өткен ақын. Уақыт сырын, қоғам дүбірін өз өмірі арқылы безбендеп, өз көңіл сазымен жырлап отырды. Мұның өзі оның ақындық үнін қалыптастырады, ақындық тағдырын жасайды.

Ол жиырмаға жетер-жетпес жасында;

Бөген, Бөген, Бөгенсің!

Балдай тәтті өзенсің.

Балдай тәтті суыңды

Балама болсын дегенсің.

Бөген, мен сенің балаңмын,

Жас гүлімін жағаңның.

Жазыңның жаршы бұлбұлы

Жырымын жаңа заманның.

деп өлеңдеткен. Бұл – КУТВ-да тәрбиеленіп жүрген жас жетім баланың сөзі. Ал, өлең материалы - өзі жағасында туып, суына шомылып өскен туған жер суреті, туған жерге деген балалық, перзенттік риясыз сезім. Сонау ғасыр басында, 1924 жылы жазылған өлең бүгін де есіліп оқылып, әрін жоғалтпай сыңғырлап тұр. Бұл – бала сезімнен, бұла сезімнен жаралған алғашқы адым өлеңі. Өлең ақын атын алып алғы күнге кетіп барады. Өміршеңдік кепілі – табиғилық!

Ақынның бірде өріске көтеріліп күнесте тартқан, бірде еңіске құлдилаған ойлы-қырлы өмір жолын ойша шолып, бірде гүл құшақтаған бақытты сәтін, бірде

мұң шеңбелдеген бақытсыз сәтін ойлана
бағамдап, соның баршасының өлеңге ай-
налуын бақыласақ, Өтебай Тұрманжанұлы
осы табиғилықтан, осы саздылықтан қа-
шан өлер-өлгенше бір аумапты, айнымап-
ты. Тіпті, ірі пафосты қажет ететін тынысты
тақырыптардың өзін ол мәйін мінез, қазақы
философиямен алып отырыпты. Уақыт өтіп,
ақын есейген сайын оның сазды жыры су-
реткерлікке, бейнелілікке ұласып, жалға-
сып жүре берген. Мұның қайсысы да ақын-
дық есеюдің, шығармашылық өсудің кепілі.
Тіпті ақындар айқайлап айтып, құлағымыз-
дың пердесін жарып жібере жаздайтын, ай-
қайлап айтпаса оқушы көңіліне қонбайтын-
дай, олай айтпаса ақынға жараспайтындай
келеңсіз күйге ұшыраған Отан секілді әрі
киелі, әрі саяси рең алып кеткен тақырып-
тың өзін Өтекең құлақ құрышы қанатындай
етіп, жүрекке мейлінше жылы етіп:

Отаным деп үйімді алғаш санадым,

От жаққан жер қолымен ананың,

Құтты қана мешітім деп құрметтеп,

Мейірін төктім оған адал баланың – деп
мейлінше қарапайым, бірақ соншалық
қадірлі, даңғаза-дамайсыз мейлінше қазақы,
бірақ қандай поэзияннан да кем түспестей
кемел жырлады. Әсіресе, ол кезде Отан тақы-
рыбын «құтты қана мешітім» деп жырлау та-

лайдың жарасын тырнайтындай еді ғой. Ал, Өтекең үлкен ұғымдардың өзін ұлттық таным арқылы, ұлттық бояу дарытып жырлай білді. Ойға алғанын осылай орамды, сезінгенін осылай сазды жырлауы - әлдекімдерге ұнамаған шығар. Әсіресе, уақытқа, уақыттың айғайшыларына ұнамаған болар. Алайда, халыққа ұнады, оқушы көңіліне сазды сарын жетті. Тақырыпты осыншалық қарапайым жырлауға, жүрекке жақын жырлауға болады екен-ау деп ойлады оқушы қауым.

Ө.Тұрманжанұлы лирика жанрында өзі айдалып кететін 1938 жылға дейін өндіре еңбектенді де, кейін сол тәтті сезімдерден у татқан соң әдебиеттің өзге жанрына ойысып кетті. Демек, біз Өтекеңді лирик ретінде қарастырғанда негізінен отызыншы жылдары, қала берді айдауда жүрген сәттерін межеге аламыз. Сонда, біз оның өлеңдерінен, әсіресе, үш ерекшелік көргендей боламыз. Бірінші – **СЫРШЫЛДЫҚ**, екінші – **СУРЕТ-КЕРЛІК**, үшінші – поэтикалық параллелдер арқылы жасалған **БЕЙНЕЛІЛІК**.

Ақын жырының осы үш ерекшелігін дәптеп, дәйектеп танытатын үш сала өлеңдерден мысал алып, ойымызды бір түйіп өтейік.

Жиыrmасыншы жылдары махаббат лирикасына бой ұру соншалық ерсі көрінген. Әрине, әріден – XX ғасыр басынан келе

жатқан кәрі шөңге ақындарды айтпағанда. Жаңа заман жыршылары үшін бұл қоғамдық жүгі болмаса жырлауға болмайтын тақырып есебінде оқшауланған. Сыншылардың көзіне бұл тақырып сүйелдей көрініп, берекесін алған. Ал, өздерінің берекесі кеткен сыншылар өзгеге қайдан береке-тыныштық бере қойсын? Көп ақынның сол жылдары алтруизмге түсетіні міне, осыдан. Өтебай ақын жиырмасыншы жылдары махаббат лирикасын недәуір өндіре жазды. Соның салдарынан өте көп сыналды. Есесіне отызыншы жылдары да ақын алған бетінен қайтпай, нысаналы тақырыбын одан әрі үдеті, байыта жырлады. Сыңаржақ социологиямен қаруланған сыншылар одан әрі үдере көтеріліп сынады Өтебай ақынды. Ал, ақын болса өзінің сүйікті тақырыбын тастамады, өзінің ақындық табиғатына қарсы жүрмеді.

Қоштасқалы көп заман өткенменен,
Айтысқан серт ескіріп кеткенменен,
Шығар емес есімнен мына сөзің:
«Сен менімен, өмірімше мен сенімен»

Сол сөзің мойныма таққан тұмар,
Кірсіз сөз кірген ішке қалай шығар?!
Менде жоқ айнымалы ала мінез
Өмірлік бір күн үшін сертті бұзар –
/«Ұмытқам жоқ», 1926ж/ – деп жырлай берді.

Ол аз десеңіз, Гүләйім атты кейіпкерді алып, махаббат сезімін сол арқылы типтендіріп беруге тырысты. Мына жайға назар аударайықшы: ол жылдары Б.Майлин Марқымбайды, С. Мұқанов Шоқпытты уақыт жаңалығын бойына жинаған типтік кейіпкер дәрежесіне көтеруге тырысып баққаны мәлім. Ал, Ө.Тұрманжанұлы Гүләйім есімді кейіпкерді типтендіріп әкелуге тырысты әдебиетке. Ақынның шын табиғаты, алдындағы ағаларынан айырмашылығы осының өзінен де көрінеді.

Күн мінезді күлкісі бар, Гүләйім!
Жаным сүйген, жан жүрегім жұбайым.
Ынтығы артқан жас көңілдің іңкәрі
Сыры біреу, сыпайы мүп-мүләйім.

Көңілімнің кіршігі жоқ, Гүләйім!
Жүрегіңді жанымменен сылайын.
Көздегі нұр, көңілдегі жырымдай
Сырым да сен, жырым да сен күн-айым.

Саған деген кірбіңі жоқ жаным бар
Саған деген жүрегімде жалын бар.
Сенен аяр не бар менің бойымда?!

Керек десең жүрегімді ал, жанымды ал! –
деп жырлады ол 1930 жылы.

Сүйген жар сөзін «таққан тұмарға» балау, езіліп, егіліп махаббат сезімін жырлау –

ол жылдардағы қазақ поэзиясына жат. Ал, Өтекең өлең үшін жатсырап, қасаң тартып бара жатқан жан құбылыстарын, сезім иірімдерін құйылтып жырлап жүр. Бұлай ету, өзіне ұнар, оқырманға ұнар, уақытқа ұнамайды, уақыт айғайшыларына ұнамайды. Ал, ақын болса уақыт ызғарын сезе тұра – алған бетінен қайта алмайды. Олай ету – өзінің ақындық табиғатына қарсы жүру. Сол себепті де:

Жандырма, сұлу, жанымды

Жанарлы қара көзіңмен.

Жүрегім саған бағынды,

Құмарлы ыстық сезіммен /1932ж/

деп жырлаудан танбады. Мұның өзі бір есептен, КУТВ қабырғасында Мағжаннан тәлім алғандықтың да әсері еді. М.Жұмабайұлы поэзиясы – жас ақын үшін бірден-бір үйреніс мектебіне айналды.

Ақында мұндай махаббат лирикасы недәуір. Өттең, маңдайға тиген таяқ, көрген теперіш әдемі, сазды басталған тақырыпты жалғауға кейін мұрсатана бермеді.

Ө.Тұрманжанұлы поэзиясының екінші бір ерекшелігі – суреткерлік. Асылында, дарын атаулы – көреген көз де, әдебиет анасы – сурет болса керек. Қаламгерге қажетті екі қасиеттің бірі жоқ, көздің орнына да сөз, суреттің орнына да сапырып сөз жұмсап жататындар бар. Олардың беті – әрі. Ал, Өтебай ақын

алғашқы адымынан-ақ сөзбен сурет салуға ұмтылыпты.

Қыраулы қыстың көзі айнала аспан,
Аппақ қар ақ мамықтай жерді басқан.
Күлімдеп көк жиектен күн анасы,
Бетіне ақша қардың меруерт шашқан

Төбе құз, қамысты өзен, қарлы қия,
Болыпты бүгін таңда нұрға ұя.

Ақ жарқын жеңейдей-ақ жылы ұшырап,
Жарқылдап жатыр анау Сырдария
(«Қысқы дала» – деп сөзбен сурет салуға тырысқан сонау 1929 жылдың өзінде. Сурет бар. Әп-әдемі сурет. Бірақ суықтау сурет, сырттай қызықтау басым. Ал, осыған әлдеқандай бір қимыл-қозғалыс беріп жіберді бар ғой, жанданып жүре бергелі тұр. Ондай жанды суретті ақын «Қандай қызық жаз дала» аталатын өлеңінде жасапты.

Ашып аппақ көрпесін,
Оятып жер еркесін,
Күн ана күле қарады,
Құшақтап алып құлынын,
Сыйпап алтын тұлымын,
Жібек шашын тарады –
деп суреттеп бастаған ақын әрі қарай күн нұрынан нәр алған тіршілікті қимыл-қозғалысқа салып жібереді.

Күлді сонда жер бөбек
Жомарт жанды ер гөдек.

Аузынан гүлі төгілді
Нұрланып бар төңірек.
Ырғалып гүл бәйшешек
Дала гүлге көмілді.

Гүл-гүл сайын көбелек,
Гүлеп ұшар дөңгелеп.
Гүл-гүл сайын бал ара
Бал жалаған бір бала.
Гүл қызғалдақ, қыз бала,
Қандай қызық жаз дала

Ойланып оқысаңыз көз алдыңыз дөңгеленген әдемі суретке толады. Ол жәй сурет қана емес, жайнап жасарып, масайрап жатқан тіршілік келбетінің өзі. Алғашқы суретті өлеңмен салыстырғанда мұнда бояу да қою, ой да терең, өлең жай суреттен жандылыққа ауысқан, қимыл-қозғалысқа, нәзік иірімге толы.

Ақын мұндай суретті өлеңдерді екі құбылысты қатар алып, өзара жарыстырып, салыстырып, сабақтастыра отырып, яки егіздеу арқылы жазады. «Гүл мен қызң аталатын өлең – осылай туған.

Қызыл гүлдің ішімен қыз келеді,
Қыздың өзі гүл денелі.
Жасыл барқытқа ұқсайды жапырақтар
Дөңгеленген үстінде қыз көйлегі.
Салтанатпен бұраңдар нәзік белі
Самал соқса сүйтіп тербеледі.

Қыз бойынан төгіліп бір хош иіс
Сезілгендей болады ұжмақ лебі.

Гүлден киген тәрізді қыздың бөркі
Қызда тұрған секілді гүлдің еркі.
Қалайда қыз бен гүлде ұқсастық бар
Осы екеуі секілді өмір көркі.

Сонау отызыншы жылдары бүкіл қазақ әдебиетшілері өлеңдегі саздылық, суреткерлікпен күресіп жатқанда Өтебай ақын гүлдей майысып, қыздай бұралған өлеңдер жазған. Отызыншы жылдары /1933 жылы/ мұндай суретті, толықсыған өлең жазу - қазақ ақындарының көбінің маңдайына бітпеген қасиет. Бұл өлеңдер Өтебай ақынның іздене өсіп, ілгерілеп келе жатқанын байқатар еді.

Ақынды лирик ретінде айшықтаған үшінші ерекшелік – бейнелілік. Орысша ойлап айтсақ, образдылық. Образдылық – ой көркемдігінен, таным сұлулығынан туады. 1934 жылы мынадай өлең жазған Өтебайды кім дерсіз?

Қара көк түннің көрігі –
Жылтыраған жұлдызы.
Қара жердің көрігі –
Қызғалдағы қырмызы;
Ата-ананың көрігі –
Ай мен күні - ұл-қызы.

Өзен-судың көрігі –
Құрағы мен құндызы.
Асқар таудың көрігі –
Қиясы мен шың-құзы.
Басылмайтын желігі
Өлең деген бір «қызың.

Еселене қайталау үлгісімен жазылған өлең – бейнелі өлеңнің бірі. Халықтық түсінік, фольклорлық бейнелерді өлеңге өрнек ету – ізденістің бір саласы. Аяғын әлсіздеу түйгені болмаса түйдектелген теңеу, халықтық балама, өлеңнің әрін ашып, көркін құлпыртып жіберген.

Отызыншы жылдар. Ақын лирикасына тән үш ерекшілік. Уақыт өте келе, үш ерекшелік бірін-бірі демеп, бірін-бірі жемдеп, байыта түссе – ақын дарын мүмкіндігін еркін ашар еді. Көңіл терезесі гүлді, дүниетанымы өте нұрлы ақын болып қалыптасар еді Өтекең. Оған уақыт мұрсатана бермеген. Осылай дарыны еркін гүл ашып келе жатқан ақын 1938 жылы «халық жауың атанып, алыс сапарға айдалып кете барды.

Айдауда жаны жүдеп жүрген жаралы, қаралы жылдары ақын лирикалық өлеңдерді көп жаза қоймаған шығар. Айтса мұңын айтып, шертсе қапалы көңіл мұңын шерткен болар. Олай ойлауға негіз - қамау, айдау, жазықсыз жәбірлеу көріп жүрген ақын-

нан ызалы жыр ғана туса керек-ті деген ой. Орыста «түрме әдебиетің деген ұғым туып келеді. Ол, көбіне, публицистік сарында туған ашынды әдебиет.

Ойға алсам өкінішпен өткен күнді,
Зіл басқан қорқынышты ауыр түнді.
Көзімнен ұшқын ойнап, жалын шашып,
Тістеніп еске аламын әлдекімді...

Өткен күн не салмады біздің басқа?!

Толтырып екі көзді қанды жасқа.

Жазына өмірімнің қыс орнатып

Мезгілсіз жаудырды қар сақал-шашқа-
деп қана жырлауға болатын секілді түрме
өмірін. Өтекең де ептеп осындай ашынды
өлеңдер жазғаны бар. Ақын архивінде азап-
пен өткен жиырма жылын әрқилы айтқан
қилы-қилы өлеңдер болуы да мүмкін. Ондай
өлеңдер бар болса – алда ашылар. Ашылған
сәтте, ол өлеңдер хақында әлі – ақ айтармыз
өз ойларымызды. Әзірге бір жайға аялдай-
ық.

Ақын түрмеде жүрген жылдары лирика-
ны аз жазды. Ал, сол аз өлеңдерінде бастан
кешкен ауыртпалықты бейнелей, образды
жырлаудан танған жоқ. Публицистік са-
рынға баруы сирек. Айдауда жүріп те ақын
сұлулықты жырлады. Бұл пікірге ақынның
«Қара орман, қалың қара орманң аталатын

өлеңі жоғарыда келтірілген қара бояулы өлең мысал бола алады.

Қара орман, қалың қара орман!

Көңілімді кенет бұрасың.

Кеудеңде бардай бір арман

Күңіреніп кейде тұрасың –

деп жырлады ақын. Жаны азаптан жабырқап жүріп те кісі сұлулыққа елігеді екен-ау. Еліккен көңіл өмір сұлулығын осылай өнердегі сұлулыққа айналдырып жырлайды екен-ау. Міне, ақындық табиғат. Ақын, бәлкім, өз тағдырын «Кеудеңде бардай бір арман, Күңіреніп кейде тұрасың - деген жолдарда ишарамен астарлай айтқан шығар. Ал, қалған шумақтар табиғатқа тіл бітіріп, жандандырып, құлпыртып суреттеу. Табиғатқа құштарлықтан туған табиғи пейзаж-өлең. Осындай әдемі әуезді өлеңді ақын ана бір жылдардың өзінде *«Сібір өлеңдері циклынан»* – деп атап жариялағаны есте. Осы сөзде ескерту жатқандай әсер етеді бізге. Асылында, бұл өз тағдырын егіліп те, есіліп те жырлаған бір шоғыр өлеңнің қарлығашы болар. Ақындарда ондай мінездер, жазған өлеңін араға уақыт салып, аңысын аңдып жариялау дегенің бола береді. Санкт-Петербургтық орыс ақыны Михаил Дудин де сөйткен еді ғой. Сексенінші жылдары жарық көрген «Полюс аталатын жыр кітабы-

на соғыс жылдары жазған, бірақ ешқайда жарияламаған бір топтама өлеңдерін енгізді. Ақын архивіндегі қазынаны бар болса алда уақыт өзі көтерер. Өлең жайлы әңгіме одан әрі жалғасар. Әзірге, ақынның және бір жыры хақында айтсақ дейміз.

Асылында, өлең – ақын өмірбаяны десек, түрмеде өткен тағдырын Өтекең өз өлеңдерінде айтпай тұра алмасы хақ. Бұл ретте ақында «Иткөйлекң аталатын бір қызық өлең бар. Ақынның ауыр тағдырын баяндайтын баллада дәрежесіндегі сюжетті өлең!

Ұлы Ерланға арналған өлеңінде де үлкен ой, өз өмірінің бір мұңды пернелері басылып қалып жатыр. *«Сарысуда туып, Сібірде өстің, Алмасындай Мичуриннің»* – деген жолдар ақындық тапқырлық қана емес, терең мазмұн, астарлы өмірбаян. Қапастан аз уақыт шығып, ел-жұртына қауышқан жылдары Ерлан ұлы дүниеге келген, кейін қайтадан түрмеге қамалған ақынның бірсыпыра тағдыр суреті осы өлеңде бейнеленіп жатыр.

Өз тағдырын жырлауда да ақын саздылықтан, сыршылдықтан танған жоқ. Сонымен қатар жиырма жыл айдауда болып қайтқан ақын лирикалық өлеңдерді көп жазбады. Әрине, мұның бірнеше себебі болуы керек. Ақынның алған бетінен қайт-

пай, поэзияда ұстанған бағытын тереңдете ізденерлік жиырма жылдық жас ғұмыры – темір торлы түрмеде, Сібірде айдауда өтті. Өлең - көңіл перзенті. Жиырма жыл азапты өмір кешкен ақында жауһар поэзия жасарлық қандай көңіл-күй қалды дейсің? Демек, отызыншы жылдар ойраны жайнап өсіп келе жатқан суреткер жақсы ақынды көктей солдырды. Әрі ақын жалындап лирика жазатын жастан да асып кетті.

Айтылған жайларға қарап халық жауы деген жаманатқа таңылып, азаптанған ақын өлең жазбаған екен деген пікір тумасқа керек. Өтекең ауыр жылдарды артқа тастап, халқымен қайта қауышқан соң тым өнімді болмаса да там-тұмдап көңіл сазын сауып лирикалық сазды, суретті өлеңдер жазды. Бұған ақынның бірнеше өлеңін мысалға тартуға болады. «Жұпарым болса, жұртым ал», «Ескінің де жақсысы бар алатын», «Досты дос шайға шақырар», «Жеміс ағаш орнаттың жолға сен...», «Көктемде гүлдерді көп егейік», «Көктем – мұрап, күз – дихан», «Самарқан, сұлу Самарқан», «Зерапшан», «Қыз - қызыл гүл», «Сегіз аяқтар», «Балапан», «Жұлдызды түн, айлы аспан», «Қомағай нәпсіңе еріп», «Күн мен гүл», «Арыс туралы жыр», «Қасымым», «Бала мен гүл», «Қыз ұстап келе жатты бидай басын», секіл-

ді өлеңдері оқырманға ләззат берерлік сәтті өлеңдер. Азапты алыс сапардан оралған соң жазылған өлеңдер.

Гүл ашылса, жұпар шашса, толғаны,
Кұс сайраса, оның да ғашық болғаны.
Алма гүлдеп араларды шақырса
Ғашықтықтың оған да кеп қонғаны.

(«Трактормен жерге жаздық роман»)

Тауда туып, тас тесіп,
Асаудай тулап ағасың,
Жолыңа жүрген гүл өсіп,
Көк шапан жерге жабасың.

(«Зерапшан»)

Терезеден күн келіп,
Сығалады, қарады.
Үйде тұрған гүл күліп,
Шашын сәндеп тарады.

Гүлден көзін ала алмай
Күлімсіреп күн тұрды.
Гүл де ұялып бара алмай,
Қызарды да құлпырды.

Гүл үстіне тастап із,
Күн сәулесі ойнады.
Кесте тіккен сұлу қыз,
Бір қиялға бойлады.

(«Күн мен гүл»)

секілді өлеңдер мен жекелеген шумақтар қандай талапты да көтереді, қандай талапқа да жауап береді деп ойлаймыз.

Әр кезеңде өмір сүрген қайраткерлердің портретін өлеңмен мүсіндегені де бар ақынның. Кейде өлең-очерк, кейде ода, кейде жоқтау формасында жазылған ол өлеңдерде де сәтті шумақтар, сәтті теңеу, балама, шендестірулер кездеседі. Олардың арасынан атақты ойшыл Ұлықбек хақында жазылған:

Жұлдызды ойлап ағартыпсың шашыңды,
Жердегі сен ұмытыпсың қасыңды.

Сенен тартып жердің тәжін алам деп

Кесіп алды-ау жұлдыз тәжді басыңды!

(«Ұлықбек») секілді жолдар бізге ұнайды. Әйтпесе, әріптес інісі - Қасым Аманжоловтың ақындық бар қадір-қасиетін, қысқа ғұмырын айта келіп, *«Жүгіріп өткен жыр құйын»* – деп бейнелеуі де жаңалықты, қызықты, қазақы.

Айта берсе ақында шебер шендестіру, әдемі бейнелеу, ойлы-орамды, сазды-суретті жеке жолдардан тұтас-тұтас өлеңдерге дейін сан түрлі үлгі бар. Ақын лирикасын ұзына бойы шолып, тұтастырып қарағанда, мынадай ерекшіліктерді, өлеңге мінез дарытатын қастерлі қасиеттерді тұжырып атап, түйіп айтуға болар еді. Өтебай Тұрманжанов халық тілін жақсы біледі, қарапайым жазуға тырысады, мақал-мәтел орамдарын кеңінен пайдаланады, екі жайды егіздеуге, екі құбылысты шендестіруге шебер, қан-

дай болмасын нәзік иіріммен өте сезімтал жазуға, бейнелі, суретті жазуға тырысады.

Өміршең өлең үшін қажет шарттар мен өлеңді қызық ететін мінездер болса керек бұлар!

Ақынның кім болғанын, кейінгіге қандай сөз қалдырғанын сырт көз әдебиетші, әр буын ұрпақ та айтады ғой. Сонымен бірге, ақын да өзінің кім екенін білді. Білгенін кейде ақындық шарты ретінде айтты. Өтебай ақында өзіне-өзі баға беріп сөйлеген бір өлең бар. Ұзақтау да болса сол өлеңді оқырманмен бірге отырып оқып, ақын жайлы ойды сол өлеңмен түйіндеу дұрыс абзалы. Ақын айтады:

Адал жүріп, аяңдап
Тек қана еңбек істедім.
Сырымды айтсам баяндап:
Арамнан ас ішпедім.
Құлықпен жұлде алам деп,
Құлпырып көзге түспедім.
Өтірік олжа салам деп,
Бусанып бекер іспедім.
Бірді бірге айдап сап,
Арамнан олжа таппадым;
Бір көргенде жайнақтап,
Бұрыла бере қаппадым.
Көзге жақсы көрініп,
Жамандықты баппадым.

Жалтылдақтан жерініп
Жайдақылық тапқаным.
Талаптыны қызғанып,
Етегінен тартпадым.
Біреулерге бекер назданып,
Салмағымды артпадым...
Әсіл ме деп осылар
Алдарыңа тартқаным.
Сары аяз емен сарнаған,
Сары маса емен қанқұмар.
Сары бір отпын маздаған
Жылуым болса жылын, ал!
Қызыл бір тілмін сайраған
Қызығым болса, тыңдап қал.
Қызыл бір гүлмін жайнаған,
Жұпарым болса, жұртым, ал!

«Жұпарым болса, жұртым, ал!» – деп аталатын осы өлеңде қазақы мақаммен, өте қарапайым, мейлінше табиғи баяндалған жайлар – оның бар шыны, имандай сыры. Жұртқа шашар өнегесі.

Әдебиет – асылында дүниеге өз көзқарасыңды айту. Әдебиет – халқыңа жан-дүниеніңді жайып салу. Осының қай-қайсысы да жиырма жыл айдауда жүріп келген Өтекең үшін өте қиын іс. Өзін нақақтан күйіндіріп, нақақтан қаралап жиырма жыл зәбір көрсеткен қоғам туралы шындықты айтса – тағдыры қалай болар еді Өтебай ақынның?

Айта алар ма еді шындықты? Шет елге өтіп кетер мүмкіндігі жоқ қазақ ақыны мынау дүние хақында өзі білген, өзі сезген шындықты сол себепті де ашық айта алған жоқ. Ашына жырлауға жариялылық кезеңіне жетпей дүниеден кетіп қалды. Ақын жан-дүниесі өзегі өртеніп, жаны күйген адамның жан-дүниесі. Жиырма жыл өмірін абақтыда өткізген, одан кейін де «салпаңқұлақ» бақылауынан құтыла қоймаған Өтекең ішінде қайнап жатқан сұрапылын қалай қозғап, қалай шынын айта алады? Мүмкін емес еді ғой ол кезде. Мүмкін емес-ті. Енді ақынға қандай амал бар? Жалғыз амал – бар сезгенін – түйгенін астарлап айту ғана. Ол жаны жабыққан жәбірлі сәтін, бастан кешкен қасіретті астарлап айтты. Біз әңгіме еткен жыр тағдыры, жыр табиғаты міне, осыдан келіп шықты. Ақын жырының кейде сілтеген межеге жетпей қалатыны, уыты аздау болып шыға беретіні де оның осындай ауыр жолдан өткендігінен.

Сөз түйіні – таланттыға қара күйе жаққан қаралы уақыт ақын тағдырын қасіретке мелдететті. Ал, ақын болса қасіретке өзінің жан-сезімімен қарсы тұрып, өрнекті, сазды, суретті жырын селдетті. Соңына өрнекті, өміршең жыр-мұра қалдырды.

Біздің айтып отырғанымыз – ақынның бір салада ғана тындырған ісі, бір жанрда ғана жазып қалдырған жыр-мұрасының жай-күйі. Әдебиеттің басқа сала, өзге жанрында

қаламгер қалдырған рухани мұра жөніндегі әңгіме алда!



Марапат. 1979 ж. Алматы.

Балдай жыр – балаларға

Қазақ балалар әдебиеті әңгіме болғанда есімі ауызға алдымен ілінетін қаламгердің бірі – Өтебай Тұрманжанұлы. Ол әдебиетіміздің осы қызықты саласының негізін салушының бірі аталады. Ақын еңбегі үшін лайықты баға, әрине. Балаларды болашақ тұтып, өзінің бар дарын қуатын ақын бүлдіршіндерге арнаған еді. Ақынның бұл арнадағы әдеби мұрасының қызықты, ерекшелікті сипаттары мол. Көзі тірісінде ақын шығармашылығы әдеби сында жалпы әңгімеленіп жүрді. Нақты, тереңдей арнайы зерттеле қойған жоқ. Ал, енді оның әдеби

мұрасы тақырыптық талдау объектісіне айналуға тиісті.

Балаларға арналған өлең-жыр – ақын мұрасының өзгеше ірі, қайталанбас қызықты саласы. Ол – жанры әралуан, формасы күрделі бай әдеби мұра. Ал, ақын балалар әдебиетіне қалай келді? Тікелей балалар әдебиетіне келу жолы жайлы ол: *«Мен балалар тақырыбына 1929 жылдан бастап шындап жаза бастадым. Балаларға арнап жазған тырнақалды кітапшам «Қарлығаш». Ол 1930 жылы Алматыда басылып шықты. Онан соң сол жылдары «Құрыш құс», «Карл деген кітаптарым да басылып шықты. ...жазғандарымның дені балалар мен жасөспірімдерге арналған»/ «Менің творчестволық жолым қалай басталып, қалай өріс алды?»/ – деп жазыпты.*

Өтебай Тұрманжанұлының балалар әдебиетімен шұғылдануының бір дерегі. Ө.Тұрманжанұлы балалар әдебиетімен шындап, деңдеп айналысуына себеп болған екінші жай КСРО Жазушыларының 1934 жылы болып өткен бірінші съезі. Бұл күнде тарихи маңызы әрқилы айтылып, қилы-қилы баяндалып жүрген бұл съезд күллі кеңес, әдебиетінің артта қалып келе жатқан бірқыдыру мәселесін күн тәртібіне көтерді. Көптің назарын аударған бірсыпыра мәселенің маңыз-

ды бірі – балалар әдебиеті болатын. Съезге қатысып, балалар әдебиетін дамыту жөнінде әралуан елдердің балажан қаламгерлері келелі кеңес, жанашыр ойларын көзбен көріп, ауызба-ауыз тыңдаған адам – Ілияс Жансүгірұлы. Ілекең Алматыға оралысымен қазақ балалар әдебиеті мәселелерін қолға алды. Өзі қымбат уақытын бөліп, балаларға шығармалар жазды. Өзге әріптестерін әдебиеттің ақсап жатқан осы саласына жұмылдыру үшін ойласып, мақалалар жазумен болды. Жалпы, осы жылдары баланы болашақ тұтқан бірсыпыра қаламгер – балалар әдебиетіне бетбұрыс жасады. Содан да, отызыншы жылдары қазақ балалар әдебиеті қаламгерлерінің қатары толығып, недәуір еңсе көтеріп қалды. Өтебай Тұрманжанұлы балалар әдебиетіне біржола бет бұрып, тұрақты машықтануына әсер еткен екінші фактор осы.

Уақыт шақыруы жас ақын бойындағы дарын бейімділігіне сай келді де құп жарасып қызықты шығармашылық еңбек жасалды. Міне, сол жылдардан қашан көз жұмғанынша Өтебай Тұрманжанұлы балалар әдебиетімен үздіксіз шұғылданды. Бұрын уақыт ағымына еріп көптеген өлең, поэма, проза жазған ол бертін келе балалар әдебиетінен үзген жемісінің өміршең екен-

дігін сезді де бойда бар дарын қуатын, алтын уақытын осы салаға біржола бағыштады. Балаларға арнап өлең, тақпақ, жұмбақ, жаңылтпаш, ертегі поэма жазды. Әңгімелері мен повестері бір төбе. Қаламымен де, қамқор көңілімен де алғы сапта жүрген Өтекең балалар әдебиетінің кезеңдік проблемалары, жеке таланттары жайлы дәйім мақала да жазып отырды. Адал еңбегімен, жүйрік қаламымен өскен оның бейнеті далаға кеткен жоқ. Ол, қайталап айтсақ, қазақ кеңес балалар әдебиетінің негізін салушылардың бірі.

Ө.Тұрманжанұлының балалар әдебиетіне берген жемісі көлемі мол, көркемдігі кемел қызықты әдеби мұра. Қазақ кеңес әдебиеті өзіндік табиғатымен, бар болмысымен – ауыз әдебиетінің мұрагері. Қай жанр да ауыз әдебиеті асыл мұралармен сабақтаса өскені мәлім. Алғашқы жылдардағы қай жазушы да ауыз әдебиеті үлгілерін оқып, үйрене қалыптасуы да шындық. Олар – ауыз әдебиеті үлгілерін тәжірибе тұтты. Ілияс Жансүгірұлын – қазақ кеңес поэзиясында, Сәбит Мұқановты – қазақ кеңес прозасында фольклор дәстүрінде өскен, жазба әдебиетке фольклорлық дәстүрді әкелген қаламгерге санауға болады. Сол секілді, Өтебай Тұрманжанұлын әдеби мұрасын балалар әдебиетіндегі фольклор мен кеңестік кезең арасын

жалғап жатқан алтын көпірге баларлық. Ол – ауыз әдебиеті асыл қайнарынан үйреніп өсті. Оны өзі де сезген, білген, мейлінше мақтан тұтқан екен. *«Оқушыларға түсінікті болайын, олардың тілін, көңілін табайын, нағыз халық әдебиетінің соны, бай тілімен жазайын деп халық ауыз әдебиетін көп жинап, көп зерттедім, – дейді ол.*

– Бұл ойым орнын тапқан сияқты. Әсіресе, балалар мен жасөспірімдерге арнап көп ертегі, әңгімелер, ертегі-поэмалар жаздым. Оларымды оқушыларым жылы қабылдады» («Менің творчестволық жолым қалай өріс алды?») Әрине, балалар әдебиетінің тарлан өкілінің ауыз әдебиетінен үйренісі өзі үшін ғана емес, кейінгі буын қаламгерлер үшін де үлкен мектеп болды. Өйткені, Өтекең - халқымыздың ғасырлар бойы жасаған ғажайып қымбат қазынасынан үйренсе, М.Әлімбаев, Ә.Дүйсенбиев, Ж.Смақов, Қ.Мырзалиев, Қ.Баянбаев секілді ақындарымыз Тұрманжанов тәжірибесінен тәлім алды. Аға ақынның ауыз әдебиеті үлгілерінен үйрену жолын өнеге тұтты. Осыдан келіп қазақ балалар әдебиетінде ауыз әдебиетінен шығармашылық үйрену дәстүрі қалыптасты. Өтебай Тұрманжанов бұл орайда қазақ балалар әдебиетінде көптеген ақын-жазушыға өнеге шашқан ұстаз.

Фольклорлық тақырып, желі, сюжетті пайдалану, ауыз әдебиетін шығармашылық күшті қуатпен меңгеру - Ө. Тұрманжанов әдеби мұрасының басты ерекшелігі.

Кеш дамып, кенжелеп келеді дегенімізбен, қазақ балалар әдебиеті қазір алуан жанрлы. Көтерген тақырыпты да, кестесі келіскен көркемдікті де, орнықты шешімді де балалар әдебиетінен табуға болады.

Тақырыбына қарай талдасақ, Өтебай Тұрманжанұлы балаларға арнаған жыр-мұрасы сан-салалы. Енді осы мәселеге келейік.

Әдебиетке дидактика керек пе? Балалар әдебиетіне ше?

Басқаны қайдам, балалар әдебиетіне дидактика керек.

Алып жазушы Толстой, Ушинскийлерден бастап балалар әдебиетіне дидактиканың керектігін өздерінің өлмес туындыларымен көрсетіп берді. Иә, балалар әдебиетінде дидактика керек. Алайда, ол құрғақ ақылға құрылмай, орайы табылып, оңтайымен өте орамды айтылуға керек. Әйтпесе, дидактика жөні осы екен деп, сарнап ақыл айта жөнелу кімге керек?! Ал, бала құлағына ілініп, жанына терең батып барып, жүрегіне ұялап қалар құйылып тұрған сөз болса, дидактика қажет-ақ. Өтебай ақын – дидактик. Дидактик болғанда, ол Ы. Алтынсарин, С. Көбеев, С. Дөнентаев

секілді ағартушы ақындардың дәстүрін жалғастырушы. Халқым, жұртым деп жар құлағы жастыққа тимей өткен ол жарықтықтар бала тәрбиесін ойлап Толстой, Ушинский, Крылов шығармаларын нәзирагөйлікпен қайта жырлап беруге дейін барып қалып жатар еді ғой. Ал, Өтебай ақын ше? Ол айтқан дидактикалық ойлар халықтық ақыл, нақыл сөздерімен ұштасып, сабақтасып қызықты формада түрленіп шығады.

«Білем!» деме, балам!
Білмейтінің көп шығар.
Бәрін білген адам
Дүниеде жоқ шығар.
Көп білуге ұмтылған
Көз жұмғанша оқиды.
Көз жұмғанша оқыған
Көп нәрсені тоқиды.

(«Білем» деме балам»)

Дидактика ма? Дидактика. Қонымды ма? Қонымды болғанда қандай! Ал, осы өлеңде артық ауыз сөз бар ма? Жоқ. Санаулы сөзден салмақты өлең жасаудың бір үздік үлгісі. Ең бастысы мұндай өлеңдер балаға өз кемшілігін көруге, кемшілігін жөндеп, ізгілікке ұмтылуға, білімге құлшынуға тәрбиелейді.

Әйтпесе, «Жақсылық біреу сыйласа...» аталатын өлеңді оқып көрейікші.

Жақсылық біреу сыйласа,
Сен де сыйла басқаға.
Біреуге-біреу қимаса,
Шығады қайдан жақсы аға?!
Жаны жақсы ағаның
Етегін баспа, жолын қу!
Болайын деген баланың
Бетін қақпа, белін бу!

Қандай тартымды өлең?! Жақсылық жайлы ой-толғаныстан басталған өлең халық даналығына ұласа барып, мақал-мәтелше шеңберленіп түйіледі, афоризммен аяқталады. Қазақ даналығын қанына сіңірген ақын үшін бұл мейлінше ұтымды жазылған өлең. Жаттауға жеңіл, айтуға оңтайлы, көңілге түюге сіңімді. Міне, ақын дидактикасы!

Өтебай ақынның дидактикалық өлеңдері құрғақ ақыл айтумен шектелмейді. Ақыл айта бастап ойын суретке жалғайды, әйтпесе, белгілі бір оқиға, көріністі суреттей бастап ойын ақылмен түюі мүмкін. Осының бәрі табиғи өріліп, өзара әдемі жымдасып жатқан соң гармониялық үйлесім келіп шығады. «Ақын үндестік ұлы» (А.Блок) – деген қағидаға ден қойсақ, Өтекеңнің дидактикалық өлеңдерінің соншалық сіңімділігін біз осы үйлесімнен табамыз. Дидактикалық өлеңнің өзі көркем сурет пен жекеленген дәмді деталь, шебер штрихтармен көм-

керілсе көсемсөз дәрежесіне жетіп те қалады екен-ау. Әрі ақынның ақыл айтқан қандай өлеңі де қимыл-қозғалысқа, бояуға толы динамикалы өлеңдер болып келеді. Ол балаларға «Отпен ойнама - өкінесің» деп баланы қатерден сақтандыру үшін өлең жазады:

Сынық сүйем сіріңке
Абайсызда сыр-р етсе,
Қызыл қанат балапан
Қолыңнан қашып пыр-р етсе,
Ұстай алмай қаларсың.
Ұстасаң, өзің жанарсың,
Жалғыз тал жаман сіріңке
Болар бір алып жалмауыз!
Талғамай жұтар үйді де
Оңбаған обыр, от ауыз.
Ойнауды отпен сүйерсің.
Ойнасаң бірақ күйерсің.

Өлеңді оқи бастағанда сыр-р ете түскен сынық сүйем сіріңке, оның қызыл қанат балапанға айналып қаша жөнелгені соншалық сүйкімді сурет. Тіпті бала қызыққандай. Күтіп тұрған қатердің өзін осылай жанды суреттеген ақын айтарына бірітіндеп баспа-лап жетеді. Әлгі өзіміз қызығып отырған, қызықтай бастаған «қызыл балапанң тіршілік дүниесін талмай жұтатын тажалға, алып бір жалмауызға айналып үрей туғызады кенет. Жаңа ғана қызығып отырған сурет

енді қатерлі кескін алды. Оқушыны осылай сескендіріп алып «Ойнауды отпен сүйерсің. Ойнасаң бірақ күйерсің» – деп ескертіп аяқтайды. Өлеңнің басынан аяғына дейін отпен ойнаудың бала үшін қызық көрінетіні, сөйте тұра оның соншалық қатерлі екені алма-кезек баяндалады. Қызық пен қатердің қатар бейнеленетіні секілді бала бойында қызығу мен қорқыныш сезімі қосанжарласа келіп отырады. Ақырғы түйін - үлкен ескерту! Ақырғы түйін – ақылды түйін!

Табиғатынан ағартушы ақын, тәрбиешілік дәстүрде өскен қаламгердің жас өркенге ақыл айтатын мейлінше қарапайым өлеңдерін оқып отырып, оқушыны тартарлықтай мұнда не сиқыр бар деп ойлайсың. Ойланың өлеңнің айтары – ақыл, түрі - қарапайым. Алайда, сол қалпымен де оқушыны қызықтырады, оқушыны тартады. Үлкен кісі балаға айтса қонымды, кішкентай бала өзі оқыса сіңімді болатындай бұл өлеңдерде не сиқыр бар? Бәлкім, бар құпия- қарапайымдылықта шығар! Қала берді, ақынның айтар ойын суретпен астастырып, қимыл-қозғалысқа түсіріп жандандыра, нақыл дәрежесіне көтеріп ойландыра жазатындығында болса керек. Міне, ақынның дидактикалық өлеңдерінің мән-жайы осындай!

Тақырыбына қарай талдасақ, Өтекеңді табиғат жыршысы деуге болады. Табиғат –

біздің анамыз. Анамыз деп жүріп «табындырды, сабылдырды, аяусыз шаршаттық. Табиғатты аяла – дегіміз келеді жас бөбекке. Айтуға оңай осы ұғымды бала танымына ұғынықты жеткізу оңай емес. Табиғатты аялау тілегін ақын бүлдіршіндерге кестелі жырымен келістіре айтып беріпті. Пікірімізге дәйек үшін мысал келтірейік:

Тақыр жерге тал ектім,
Орман болсын деп.
Тақыр жерге қыш құйдым,
Қорған болсын деп.

Талымды тарадым, қарадым –
Орман болды.
Қышымды қаладым, сыладым –
Қорған болды, –

дейді бір өлеңінде ақын.

Әдетте табиғатты аяла деген ой балаларға арналған өлеңде үгіттік сипат алып кете беруші еді. Уақыт талабымен жаңаша түлеп өскен кексе ақын өлеңін құрғақ ақылға бұрмай, жарасымды жеткізіпті. Қарапайым сөйлеп, көз үйренген құбылысты нысаналап та философиялық ой сабақтай біліпті. Сүйсінуге тұрады.

Табиғат көркін реалистік бояумен бейнелейтін өлеңдер ақында біршама. Бірақ, табиғатты жырлаудың да түрлі жолы, сол

жолды таңдайтын ақындық ойдың өз байламы бар емес пе?! Өтебай – табиғатында суреткер ақын. Шама-шарқымызша ақынның бұл қасиетін алғы тарауларда шым-шымдап айтып өттік. Ал, сол суреткерлікті ақын балалар поэзиясына қалай әкелді? Ендігі мәселе міне, осы жөнінде. Ө.Тұрманжанұлы бірде табиғаттың көркемдігін балғын бөбекке қалпынша жеткізсем деп суреткерлікке бой ұрады. Енді бірде табиғат өлеңнің төсегі болып, көркемдігіне қызмет етеді. Айтар ойға баспалдақ болады. Ондайда өлеңге табиғат суреті араласып, ақын ойы дәмдене түседі. Ақында «Жалғыз өрік» аталатын өлең бар. Ұзын-ырғасы мынадай: Жолда жалғыз өрік ағашы өсіп тұр. Әлдекім еккен. Мәуелеп өскен өрік өз жемісін берген. Жолаушыларға жемісін ұсынады. Өлеңнің түйіні:

Талып кеп бір жолаушы
Өрігін теріп жеді.
Еккенді есіне алып,
Ішінен «рахмет» деді.

Өлеңде халықтық рух бар. Қайырымдылық хақында қазақ нақылы, ақылы мол. Сол ойды ақын өлеңге арқау еткен. Осы арқылы ақын оқушысына екі түрлі ой айтатындай. Бірі – ағаш ек, туған жеріңді көркейт десе, екіншісі – есепсіз жақсылық, қайырымдылық.

Жақсылық, қайырымдылық, достық –
Өтебай ақынның балаларға арнаған бар
өлең-жырының күретамыры, лейтмотиві.
Қарапайым апорт алмасын суреттеген ақын
«Тәтті алма» өлеңінде мынадай ой айтады:

Бір апортқа нысапты
Екі бала тояды.
Тату қылып тәтті алма
Табыстырып қояды.

Бұл – «өле жегенше, бөле жеген» кері.
Немесе, келесі бір өлеңінде лирикалық кей-
іпкер аулаға гүл егіп, көріктендіреді. Гүлді
көріп көбелек ұшып келеді. Осы сәтті ақын
былай береді:

Гүл өсіріп, қуантып,
Көбелектерді сыйладым.
Жаз сұлуын мұңайтып,
Сыйламауға қимадым.
(«Көбелектерді сыйладым»)

Табиғатты жырлау – кісілікті жырлау.
Табиғатты жырлау – сұлулықты жырлау.
Табиғатты жырлау – бала бойына кісілік,
ізгілік, сұлулық дәнін егу. Ал, ізгі ойды
орамды, оңтайлы айтып беру қайдан оңай
болсын? Табиғатты жырлау – балалар поэ-
зиясындағы ең бір күрделі, қиын тақырып.
Өзінің өлеңдегі жолын сыршыл лирикадан
бастаған Өтебай ақын сол қиын тақырыпты

қисынын тауып қызықты жырлапты. Балаларға арнап көптеген пейзаждық өлеңдер жазыпты. Олары табысты. Балаларға арнап, табиғат суретімен астастырып, астарлап көп өлең жазыпты. Олары да табысты ақынның.

Өтебай Тұрманжанов шығармашылы - ғын дағы және бір ерекшелік – өлеңді бала мінезіне құратындығы. Ақынның бір өлеңі «Шыбық тимес, шыңқ етер» аталады. Өлең:

Шыбын қонса басына,
«Ойбай мені шақтың деп,
Бала отырса қасына,
«Құлағымды тарттың деп
Бәле салып қыңқ етер, –

секілді болып келеді. Бұл – кәдімгі шыбық тимес, шыңқ етердің өзі. Баланың бар қиқар мінезі тізілген соң өлеңнің неге «Шыбық тимес, шыңқ етер» аталғанына көз жеткізесіз. Әрі, осы өлең халық айтқан аталы сөзді негізге алу болып шығады. Өйткені, халық аузында «шыбық тимес, шыңқ етер» деген ұғым бар. Олай болса, бұл бір жағынан халықтық ұғымды тірілту, бір жағынан қиқар баланы сынау, мінеу болып табылады.

Бұл секілді баланы ұялта жазылған өлеңдер Өтебай ақында бірқыдыру. «Қарабай-ау, Қарабайң, «Мынау кір-кір қай бала?», «Ол беске, мен үшке оқимын», «Құйын», «Шекесі қанап жүреді» секілді өлеңдер бала тіліне, бала мінезіне, іс-әрекетіне құрылған. Ол

өлеңдерінде ақын бірде бұзық баланың өзін сөйлетсе, бірде өз атынан баланы сипаттай отырып бүлдіршіндер бойындағы ұнамсыз қылықты әшкерелейді. Демек, ақынның бұл тақырыпта пайдаланар поэтикалық палитрасы мейлінше бай. Сондай өлеңнің бірінде ақын ұқыпсыз баланы былай бейнелейді:

Қарабай-ау, Қарабай !
Шаш қойыпсың тарамай.
Өсіріпсің қарамай,
Басың бопты шарадай!
Басты баптап күтпесең,
Жүрмесін іске жарамай!
Тазалық керек басқа да,
Тазалық керек шашқа да,
Тазалық керек асқа да,
Болсайшы анау Сарадай.

(«Қарабай-ау, Қарабай»)

Әрине, қазіргі қазақ балалар әдебиетінде мұндай мазақтамалар недәуір. Өлеңнің орындалуы да қарапайым. Ал, бұл өлеңнің атап айтар бірнеше сипаты бар. Өлең өзінің табиғи, қарапайым болмысымен ауыз әдебиетіндегі қарабайшылдықтың жалғасын сынап отыр. Қарабайда сараңдықпен сабақтасқан қазақы ұғым бар. Сондай-ақ, Қарабайға қарсы қойып, үлгі тұтар Сараға қарайықшы. Ол «шашы ұзын, таза, келісті». Демек, ақынның ұнамды да, ұнамсыз да кейіпкерлері қазақы болмыстан туады екен.

Ақын мазақтамалары да көбіне тәрбиелік сипатпен ұштасып жатады. «Мынау кір-кір қай бала?» өлеңінде Тұрған деген баланың кір-қожалақ қалпын суреттей келе:

Айна ал да, қара айнаға!

Айналып қара айнала!

Дерсің сонда өзіңе:

«Мынау кір-кір қай бала?!» –

деп өзіне-өзін сынатады, өз үкімін өзіне айтқызады. Кір-қожалақ баланы аяусыз әшкерлеумен тынбай, «нанбасаң айнаға қарашың – деп баламен ойласа, өзін шындыққа жүгіндіре сөйлеу – тәрбиешіл ақын мәнері.

Мейлі бала сөзін өлеңте айналдырсын, мейлі бала мінезін қызықтасын, ұнамсыз мінезін әшкерелесін баланың – соның бәр-бәрінде де ақын өлеңнің тәрбиелік мәніне ерекше назар аударады.

Түрлі-түрлі бала бар дегендей, қисық мінез қыңыр баланы кескіндеуде ақын тапқан тәсіл сан-алуан. Кейде бала мінезін беру үшін жан-жануар, хаюанат табиғатындағы тентектікті әшкерлеуге де барады. Бұл – бірді айтып отырып, біреуге ескерту секілді болып шығады. Шындап келгенде, бұл да кежір бала бойындағы кесір мінезді ашу. Ондай өлеңдерін ақын:

Қарағай мүйіз қара ешкі,
Қызғаншақ, іші тар ешкі.
Жаппай сүзіп жан-жақты
Жылады сенен бар ешкі,-

деп қарапайым бастап кетеді. Сол қарапайым өлең жолдарында жалқау, самарқау, сотқар балалардың мінезі аңғарылып қалып жатады. Сын, әшкере бар өлеңде. Өнеге тілеген бала тәлімді ойды өзі байқап, тентектіктен тыйылса керек.

Ақынның мұндай өлеңдерінің кейбірі – мысал жанрының еншісіне жатады. Ал, кейбірі – бала мінезін жеткізу үшін пайдаланылған көркемдік үлгі райында көрінеді. Қалай десек те, Өтебай ақында бала мінезіне құрылған мұндай өлеңдер көп те, құнарлы.

Көркемдік үлгі демекші, Өтебай Тұрманжановтың бірсыпыра өлеңі диалог үлгісінде жазылған. Өлеңді диалогқа құруды қазақ кеңес әдебиетінде Бейімбет Майлин көбірек қолданған еді. Асылы, Өтебай Би-ағаңнан үйренді ме, әлде диалогтық өлең жазу тақырып тілегінен туындады ма, әйтеуір бірсыпыра өлеңін осылай қиыстырыпты. «Екі суайт» («Іті мен иесі») деген өлеңді пікірімізге дәлел етейік:

- Байбосын, қайдан келесің?
- Бидай баулап келемін.
- Байғасқа, қайдан келесің?
- Қоян аулап келемін.

- Қырманға жайлап келемін.
- Байғасқа, қайда қояның?
- Байға байлап келемін.

Ақынның өзге өлеңін емес, тап осынысын алға тартуымызда мән бар. Біріншіден, бұл өлең – Өтекеңнің диалог формасын шиыршық атқызып, шымыр пайдалануына дәлел. Екіншіден, осы өлең Б.Майлиннің «Ыбыраймысың, Ыбыраймын» өлеңін еске түсіргендей. Өлеңнен Б.Майлин мен Ө.Тұрманжанұлы арасындағы шығармашылық үйреністің кейбір сілемі аңғарылады. Өтекең өлеңдерінде әр алуан үлгіні пайдаланушылық та, кейбір өлеңінде үлгіге құрылмағаны да кездеседі. Үлгіге құрылған өлең – ізденіс жемісі, шеберлік кепілі. Үлгіден тыс өлең – жайдақылық белгісі, кемшілікке жол берудің көрінісі.

Аға буын қаламгерлердің бір ерекшелігі бар еді. Олар қазақ сахарасын ұйқыға көміп жатқан феодализмді көзбен көрді. Кейінгі буын қаламгерлер секілді қазақы тұрмыс ерекшеліктерін кітаптан оқып білген жоқ. Олардың көз ашқаннан бастап көргені – қаймағы бұзылмаған қазақы тұрмыс. Осы тұрмыстың қаймағын көрген олар кейін біртіндеп кенеуі кетіп, келеңсіз күйге ұшырай бастағанына да куә болды. Өйткені, қоғам әрбір халықтың ұлттық белгілерін жойып, әдеп пен әдемі салтты, қазақы тұрмысты

ұмыттырып урбанизацияға ұшыратып алға тартып бара жатты. Ал, ескі ауыл суреті, қазақы мораль мұндай жағдайда аға буын қаламгерлер жүрегінде қан жылаған суретке айналып қалып қойды. Олар не жазса да, өздері көзбен көріп, көңіл қойып білген осы қазақы өмір суреттерін оятып отырды. Міне, осындай жағдайда аға буынның төрт түлікті жырлауы бір бөлек те, кейінгі буын ақындардың төрт түлікті жырлауы бір бөлек болып көрінетіні зайыр. Ақында төрт түліктен өрілген әлденеше өлең бар. Айталық, «Шұбар лақ», «Ақ бұзау мен көк лақ», «Қозы, қозы, қозылар», «Текешік», «Мысық тілеуі неге жаман? Күшік тілеуі неге жақсы?», «Төрт түлікті қалай шақырады?», «Қой мен ешкінің қағысуы», «Қарағай мүйіз қара ешкі», «Жүйткі, жүйткі жүйрігім», «Нар тайлақ», «Екі қодық», «Жан-жануардың баласын сүюі», «Ай мүйізді ақ қошқар», «Төрт түліктің төлдерін сүюі», «Қошақан», «Ешкім, ешкім, егіз тап», «Ешкі деген жануар», «Ақ ешкіні баптап бақ» секілді өлеңдер бірыңғай төрт түліктің қадір-қасиетіне құрылған тұрмыстық-этнографиялық туындылар.

Аталмыш өлеңдерді оқып отырып Өтебай Тұрманжанұлының бірсыпыра ақындық ерекшелігін көруге, ақындық өсу, қалыптасу жолын бақылауға болады.

Бұл өлеңдерде ақынның әрісі халық ауыз әдебиетіндегі «Қой сүйеді баласын қоңырым деп...» болып басталатын байырғы халықтық нұсқаны стильдік өңдеуден өткізуден фольклорлық форманы пайдаланып ел тұрмысын бейнелейтін этнографиялық детальдарға толы, бала мінезін бойына сіңірген, тәрбиелік уызы нәрлі тың өлеңдер жазуға дейінгі үлгі-тәжірибелер молдап кездеседі.

Ақын «Жан-жануарлардың баласын сүюі» аталатын өлеңін «Қарға баласын «аппағым» деп сүйеді» – деп бастап барлық жан-жануарлардың сырт белгі, іс-қаракетіне орай жүйелей баяндай келіп аяғын:

Апам баласын «батылым» деп сүйеді

Ел қорғайтын «батырым» деп сүйеді, – деп түйеді. Жан-жануарлардың сырт белгілеріне орай тіршілік қаракетін сипаттай келіп айтар ой мейлінше салмақты. Әрі жас жеткіншекке жауапкершілік жүктерліктей.

Осы секілді, әрбір жеке өлеңде халық наным-сенімі, этнографиялық ерекшелігі, дүниетаным иірімдері көрініс береді. Және мысал келтірейік. Қазақта «мысық тілеуң деген ұғым бары мәлім. Сол секілді «ит – жеті қазынаның бірің саналады. Халықтың осындай наным-сенімін тіршілік философиясына бөлеп Ө.Тұрманжанұлы балаға тәлімді өлең жазады. «Мысық тілеуі неге жаман?

Күшік тілеуі неге жақсы?» деген өлең жаратылысында, осындай жәйттер жатады.

– Неге жаман тілеуі
Айтшы, әжетай, мысықтың?
Неге жақсы тілеуі

Айтшы, әжетай, күшіктің? –
деп бала әжесіне сұрақ қояды. Ал, әжесі былай деп жауап береді:

– Мысық тілейді үйімде
Кемпір мен шал болсын деп.
Күшік тілейді үйіміз
Балаларға толсын деп.

Қазақы ырымнан өрілген қазақы өлең. Әрине, бұл қысқа диалогпен шектеліп қалып жатқан ақын жоқ. Әрі қарай әңгіме желісін тарата түседі. Сөйтеді де өлеңді бала тілі, бала түсінігімен былай түйеді:

Барлық жәндік өзінің
Жақсы көрер төлдерін.
Төл болмаса, жаным-ау,
Қайдан келдің өздерің?!

Рас-ау, деп ойлайды оқушы, – Мысықай болмаса мысық қайдан өсіпті? Ендеше, мысықтың балалы үйді жек көретін тіпті де реті жоқ екен ғой. Арамызда мысық тілеудің жүретін тіпті де жөні жоқ екен ғой.

Оқушы сірә да байқап отырған шығар, әңгіменің төрт түлік жайлы өлеңдерден хаюанаттар хақындағы өлең-жырға ауысып бара жатқаны. Айтса-айтқандай, ақында

хаюанаттар, жәндіктер жайында жазылған өлеңдер де көп. «Торғай, торғай тоқылдақ», «Қорғалақ», «Кірпі», «Түлкі, түлкі, түлкішек» деп ол өлеңдерді көзінен көгендеп тізе беруге болады. Бірақ, мәселе атын атап, түсіп түстеуде емес, ерекшелігін түйіндеп түйіп айтуда.

Қазіргі қазақ балалар әдебиетінде зоологиялық тақырып аз жазылып жүрген жоқ. Тіпті ақындарымыз аң, құс жайлы оқулық, энциклопедия біткенді өлеңге көшіріп біткендей. Алайда, бұл өлеңдер көбіне аң-құс, хайуанаттың сырт келбеті, мінез ерекшелігіне ғана құрылады. Ал, Өтебай Тұрманжанұлы ше? Өтекеңнің бұл саладағы өлеңдерінің өзіндік бірсыпыра ерекшеліктері бар. Біріншіден, ақын қандай хайуанат хақында қалам тартса, да халықтың мінездеуі тұрғысынан қарайды. Демек, ақын жырында сол хайуанат жайлы халықтық түсінік қоса тіріліп отырады. Екіншіден, хаюанаттарды бала кейіпкермен қарым-қатынаста алып бейнелейді. Үшіншіден, ақын хаюанаттар хақында өлең жазғанда оларды жеке қызықтамай, оқушысын ойландырарлық ой түйіндейді. Сондықтан да Ө.Тұрманжанұлының хайуанаттар жайлы өлеңдері тартымдылығы мен танымдық сапасы қос-қатар, өзара үйлесімді қызықты болып шығып отырады.

Хайуанаттарды жәй қызықтау – бұрын қазақ балалар поэзиясында кездесе қоймас еді. Қазір жәй қызықтау, сұлулық объектісі ретінде жырлау басым. Бұрын қазақ ақындары хаюанаттарды персонаж ретінде әрқилы әрекет беріп бейнелегені мәлім. Бұл, әрине, зоологиялық өлеңдер емес, адам озбырлығын хаюанат арқылы әшкерелеу. Бұл, мысал жанрының еншісі. Бірсыпыра мысал - Өтебай ақын еншісі. Бәлкім, Эзоптың мысалдарын қазақшаға аудару тәжірибесі септесті ме, әйтпесе балалар әдебиетінің табиғаты жетелеп әкелді ме, әйтеуір Ө.Тұрманжанұлы мысалды өндіре жазған ақын. Ақында мысал көп, бас-басына тоқталуға жер тар. Сондықтан бірі қысқа, бірі ұзақтау екі мысалға ғана тоқталумен шектелеміз.

Ақын бір мысалын «Шыбын мен бал ара» атапты. Мысалдың сюжеті мынадай: Шыбын бірде бал арасына жолығып шыбындықтан тойдым, ластығымды қойдым, тазалыққа, ізгілікке ұмтылайын, жанымды қинап бал жинайын деп шағынады.

Кір-қоқырға қарамайын,
Білем ғой ара жайын,
Жақсылыққа ауайын,
Жұпар гүлді сауайын –

деп жалынады.

Ара аяп шыбынды қатарға қосады. Бірге бал жинайды. Қоңы көтеріліп, күйі дұрысталған

Шыбын бірде серттен таяды.
Бір күні бал теріп жүріп,
Шірікті көріп,
Көңілі бұзылып,
Жалап алды қызығып
Былғанды балы,
Мүшкіл болды халі.

Көп айтып, аз айтып не керек «Былғадың деп балды, кірледің деп арды» Би-аға (Ара) Шыбынның басын жұлып алды.

Мысал өлең қосанжарласқан бірнеше ойды қос қатар астарлай айтып отыр. Алдымен айтары – табиғатынан асып пенде ешқайда бара алмайды деген ой. Серт берме, берсең - орында - әйтпесе өліммен тең деген екінші ой да осы сәт бір бүйірден қылаң береді. Жамандықпен ауызданғанның жақсылыққа ден қоймаға қиын екенін де сезіндіреді бұл мысал. Ақын шағын ғана мысалда сөйтіп шалқар ой айтып отыр.

Оңтайымен туған қызықты, әрі күрделі мысал үлгісінің бірі – «Құмырсқалар, аралар - қиыспас дос, құдалар». Бұл – балалар әдебиетіндегі мысал – поэма үлгісі. Ауыз әдебиеті асыл қайнарынан қанып өскен қаламгер аталмыш поэмасында әлденеше сипатты қабыстырып, әлденеше жанр мүмкіндігін ұштастырып пайдалана білген. Ол, біріншіден, фольклорлық баяндау сарынын ұстаған.

«Ертеде бір орманда,
Өзі салған қорғанда,
Бір топ ара тұрыптың –
деп бастайды автор поэмасын. Сондай-ақ,
поэmanın түйінінде өтірік өлең сипаты бар.
Мініп алып бір қойға,
Мен де болдым сол тойда,
Аралардан бал жедім,
Ондай тәтті көрмедім.
Құмырсқадан нан жедім,
Ондай дәмді көрмедім–

деп түйеді ақын. Ақынның фольклорлық сарынды баяндау мәнеріне / ертегі сарынымен бастап, өтірік өлең формасында түюі/ баратын себебі – оқушысы бала болғандықтан. Екіншіден, сатиралық персонаж етіп хайуанаттарға сырт бейнесіне сай, тіршілік-характеріне дөп келетін іс-әрекет берген. Қызыл, сары, жасыл, ақ қанатты Көбелек – биші; шаққан жерін қан қылып жүрген Сары маса – қан құмар; ала жаздай ән қуған Инелік – парықсыз; өрмектен өрнек салған Өрмекші - өтірікші болып бейнеленген. Ол әрі осынау жәндіктердің қандай қаракет иелері екендігін тәптіштей баяндайды. Мұнда да балалар әдебиетінің тарлан өкілінің бала психологиясына бейімделуі бар. Автор, оқушы бала үшін поэманың танымдық сипатын арттыра түскен. Жәндіктердің іс-қаракетіне бейнелеуде мысал тәжірибесін жете меңгерген. Ақын Инелік жөнінде:

Жазды өткізген жалтырап,
Қыста отырсаң қалтырап –
дейді. Осы ойлар ұлы мысалшы Абай үл-
гісін еске салады емес пе?

Үшіншіден, ұнамды персонаждар – еңбек
сүйгіш Ара мен Құмырсқа. Оларды айы-
рылмас құда еткен – Еңбек. Ақын поэманың
бастауында да аралар туралы:

Бәрі еңбеккер жан екен,
Жегендері бал екен –
деп, еңбекті жырлайтынын аңғартып өтеді.

Аралар айтқан сауынға жиналып құдалық
шарты - өнер көрсету деп білген Көбелек,
Инелік, Өрмекшілердің сәндеп салған әні,
дөңгелене билеуінің баршасы жарасымды.
Бейнетқор Құмырсқа ортаға имене шығып
өз сырын айтты:

– Сәндікпен жоқ саудамыз,
Қоңырқай қара шаруамыз,
Астыққа толған ауламыз.
Біз кәдімгі құмырсқа –
Туған жанбыз жұмысқа.
Үйді өзіміз саламыз,
Дәнді өзіміз аламыз,
Күнге күйген денеміз,
Сондықтан біз қарамыз.
Төгілгенді жинаймыз,
Шашылғанды табамыз.
Өлшенеді өмірде
Еңбекпенен бағамыз.

Өлшенеді өмірде
Еңбекпенен бағамыз.
Еңбек біздің атамыз.
Еңбек біздің анамыз.

Қызы бойжеткен Араның жүзі жадырай-
тын сәт – осы! Құдалық шарты – адал еңбек.

Міне, Өтебай Тұрманжанұлы мысал – по-
эмасының идеялық нысанасы. Қарт тарлан
балалар әдебиетіндегі ең бір қиын тақырып
– Еңбекті жырлаудың кілтін осылай тауып-
ты уақытында. Жайдақтамай, жалаңытпай,
арзандамай, ақын балғын оқушыларына ең-
бек жырын мысал-поэма үлгісінде осылай
жырлап бере білді.

Адамзат баласын бақытқа жеткізетін Ең-
бек – поэманың айтар ойы, автордың түй-
ер концепциясы екені рас. Көгентүп идея –
тіршілік атасы – еңбек деген жасампаз ой.
Бірақ, кәнігі шебер бұл ойға тіке тартып
бірден келмейді, бала оқушыны әр түрлі
харакет, алуан сырға қанықтырып, баспа-
лап барып, балғын сананы осы үлкен иде-
яға сендіріп әкеледі. Шығарманың идеялық
түйіні жол-жөнекей баспалай айтылатын
жеңілдік, аярлық, қанқұмарлықты сынай-
тын философиялық ойлармен қабысқан-
да көркемдік биігіне жетеді, оқушы ойына
күдіксіз орнығады.

Аралар масайрап отырған Масаларды,

ретте автордың Ара көзімен қарап айтар
өзіндік философиясы бар.

Көбелек құда, көбелек,

Өнерің өзге бір бөлек.

Құр сауық қарын ашырар.

Өнерлі ұл елін асырар.

Сауықшыл екен балаңыз.

Балаңызға лайық

Басқа бір қыз қараңыз...

деп Көбелекті қайтарады. Шағымпаз Сары
масаның:

Тым ерсі екен салтыңыз,

Қан ғана екен асыңыз,

Қағынған екен жасыңыз,

Қыз сүйетін түрі жоқ,

Жақсылық салттың бірі жоқ –

деп қанқұмарлығын бетіне басады.

Жазды өткізген жалтырап,

Қыста отырсаң қалтырап

Біреуден кеусен дән сұрап,

Біреуден жәрдем мал сұрап,

Төрелік етші өзің-ақ.

Өмір ме осы, ал, шырақ? –

дейді еңбексүйгіш Ара.

Ұзақтау келтірілген үзінділерге зер сал-
саңыз – нанға тәтті қосып бергендей, орайы
табылып айтылмаса құрғақ ақылды қа-
былдай қоймайтын балақанға қаншама қы-
зықты, нәрлі ой айтылғанына көз жеткізесіз.

Поэманың тынысын кеңейтіп тұрған да осындай халық даналығына сүйенген философиялық ойлар.

Жоғарыда мысал-поэманың үш түрлі сипатына тоқталдық. Балалар әдебиетінің майталман шебері болып өткен ақын сол үш сипатты да оқушының (баланың) қызығып оқуы, қабылдау аясы, бойына сіңіруін қадағалап отырған. «Құмырсқалар, аралар - қиыспас дос, құдалар» – осы ретте мысал жанрының шартынан да, балалар әдебиеті талабынан да еркін табылып отыр. Қазақ балалар поэзиясында мысал көп дегенімізбен, «Құмырсқалар, аралар - қиыспас дос, құдалар» секілді классикалық үлгі сирек. Балалар әдебиетіндегі сатиралық жанр үлгілері жайында пікір айтқанда, ақынның мысалдары хақында ой тербегенде негізінен «Құмырсқалар, аралар - қиыспас дос, құдалар» мысал-поэмасына кеңінен тоқтауымыздың сыры да осында. Ертегі сарынымен басталып, өтірік өлең үлгісінде тәмамдалатын «Құмырсқалар, аралар - қиыспас дос, құдалар» - ұзақ уақыт балалар әдебиеті үшін көркемдік өлшемге айналарлық шығарма, мысал-поэманың асыл үлгісі. Өтебай Тұрманжановтың аталмыш шығармасының бірнеше тілдерге аударылу сыры да осында жатса керек.

Ақында ертегі, аңыздар да мол. Олардың қайсысы да ерлік, адалдық, еңбек, ынтымақ, тұрақтылық жайлы халық даналығын ұстаған шығармалар. Олардың қай-қайсысында да халықтық ой шығарманың идеясына айналды. Әр түрлі сюжетте, әр түрлі формада жырланған кіндік идея оқушысын баурайды. Ақын шығармаларында тәрбиелік мақсат қарапайым қойылып, өзінің табиғи шешімінен қадірлі сипат алады. Өтебай Тұрманжанұлының балаларға арналған жыр-мұрасы сонысымен де қымбат.

Мәйек сөзге мән берген...

Әңгіменің өне бойында ақынның ауыз әдебиетінен үйренісі жол-жөнекей баяндалып келе жатқаны оқушыға мәлім. Ол көбіне сюжеттік желі, тақырып сипаты, кейбір жанрлық үлгіні пайдалану тұрғысынан әңгімеленген еді. Енді, біз ақынның мақалдары мен мәтелдерін өлеңде пайдалану ерекшеліктеріне аз-кем аялдауды жөн көреміз.

Ақын, жазушы, аудармашы Өтебай Тұрманжанұлының ел аузынан мақал-мәтелді көп жинағаны мәлім. Оны «...халық ауыз әдебиетін жинауымның бір үлкен нәтижесі 40000 – 50000 қазақтың мақал-мәтелдерін жинадым. Олардың бірінші кітабы «Қазақтың мақал-мәтелдерің деген атпен 1935 жылы басылып шықты. Екінші кітабы «Таңдама-

лы мақал-мәтелдерң деген атпен 1957 жылы шықты. Мұнан гөрі толығырақ таңдамалы жинақ болып үшінші кітабы «Қазақтың мақалдары мен мәтелдерің деген атпен 1959 жылы басылып шықты. Балаларға арналған «Асыл сөздерң деген шағын мақал-мәтелдер жинағы 1963 жылы басылып шықты. Мен жинап, құрастырып, өңдеген қазақтың балаларға арналған ертегілері орыс тілінде «Бақыт құсың деген атпен жақында басылып шығады» - деп өзі де орынды мақтан тұтқан екен. Мұның баршасын тәптіштей айтып отырған себебіміз, осы ұзақ жылдық ізденіс текке кетпеген, ақын шығармашылығына нұр болып дарыған. Оның бар шығармашылығында мақал-мәтелдік орамдар мен ой айту үлгісінің ықпалын, ырғағын аңғарамыз. Осы ықпалды оның балаларға арнап жазған өлеңдерінен де кездестіреміз. Атап айтқанда, мақал-мәтел ақын өлеңдерінде мынадай жағдайларда кездеседі:

Бірінші, өлең арасында, лексикондық сөздік қорында;

Еңбек – адамның ырысы екен.

«Еңбек – ен байлық» деген дұрыс екен.

(«Есік алдына бір түп алма егін»)

«Көшерімді жел білсін,
Қонарымды сай білсін».
«Береке – көп жүрген жер» – дейді халық,
Жіберер жәрдемдесіп, қалсаң талып,
(«Көп түкірсе – көл»)

секілді орайда қолданады, онысы балалар өлеңінің шырайына көркемдік шырай қосады.

Екінші, мақал-мәтелдің ойын алып, философиясын таратып өлең жазады. «Өстіп жанын қинадым» өлеңі осы ойымызға дәлел.

Жамандық қылған жаманды,
Жамандыққа қимадым.
«Берейін!» деп сазанды,
Жақсылықпен сыйладым.
Қастық қылған қасымды,
Қастыққа мен қимадым,
Достықпенен сыйладым,
Өстіп жанын қинадым.

Үшінші, дербес өлең жазып, соңын мақал-мәтелдің ойымен түйіндедім. Мысалы: «Құмырсқа мен піл» өлеңінде пілдің құмырсқа илеуіне аунағанын, ызаланған құмырсқалардың пілді шағып, талап өлтіргенін баяндай келіп:

Бұзықтық істеп асқынып,
Бойыңа сеніп, зорсынба.
Ынтымақты көп елді
Кіші екен деп қорсынба! –

деп түйіндейді.

Төртінші, тұтас өлеңді, кейде жеке шумақты мақал-мәтел мақамында, ырғағында қиыстырады.

Қара басын қорғаған
Қарнын ғана ойлайды.
Қарнын ғана ойлаған
Өмірінде тоймайды.

(«Өмірінде тоймайды»)

Немесе:

Ер бетіне тыртық түссе қылыштан –
Отан үшін табан тіреп тұрысқан....
Бұл тыртықтар батырлықтың белгісі.
Қатын болмай, батыр болсын ер кісі.
Хас сұлулар, қас батырды қалайды,
Жара, дағын жарастыққа санайды.

Мақал-мәтелді ақынның ізденімпаздықпен игеріп, ақындық алымдылықпен көркемдік кілті, ой құнары етіп пайдалануының кейбір сәттері міне, осындай.

Өтекең бір мақал-мәтелден ғана үйреніп қоймаған, ауыз әдебиетінің қай жанрына да ынта қойып алғырлықпен үйреніп, алымды, шалымды пайдалана біліпті. Мәселен, «Бақыт өзі келсін деп...» өлеңін оқиықшы.

Он саусағың сау болса,
Ырыс емей немене?
Он екі мүшең сау болса,
Тыныс емей немене?

Алақаның сау болса,
Қылыш емей немене?
Ақ көйлегің үстінде
Пүліш емей немене?!

Байлық өзі келсін деп,
Еңбегіңді тасыт, той.
Бақыт өзі келсін деп,
Есігіңді ашып қой...

Ауыз әдебиетінің қай жанрының лебі есіп, қандай мақам-сазы құлағыңызға келеді? Басқа емес, шымыр да, ширатылып еселене қайталанып келіп отырар, сұраулы, толғанысты шешендік сөздің орманы, мақамы, мәнері. Демек, Ө.Тұрманжанұлы шешендік сөздерден де әдемі, әдепті үйрене білгені көрінеді.

Ақын шығармашылығының бірсыпыра ерекшеліктері санамалап айтылды. Егер, ұнамды, жемісті сипат аңғартпаса, бұл ізденістер шығармашылық сипат алмаған болар еді. Беті жоқ ізденіс дербес ерекшелікке жатпасы хақ. Біз бұл ерекшеліктерді шығармашылық сипаты бар, ақынды даралайтын, өнерлік ерекшелікті, өнегелі сипаттар ретінде қарастырдық. Қысқасы, Өтебай Тұрманжанұлының балаларға арналған өлеңдерінің бірсыпыра ерекшеліктері осындай.

Қазақ балалар әдебиетінің бір зәулім бәйтерегі болып өткен аяулы ақын Өтебай Тұр-

манжанұлының бұл танаптағы өлеңдерінде кемшілік те жоқ емес. Біз байқаған кейбір кемшіліктер мынадай:

Бірінші, ақынның кейбір өлеңі аяқталар тұсы аяқталмай, созалаң күй кешеді. Әсіресе, балалар поэзиясында созалаңдық жараспайтын сипат. Екінші, ақынның кейбір өлеңдері көңілсіздеу жазылады. Бала мінезіне, бала қабылдауына сай өлеңге көңіл күй дарытып, ойнақыландыруды ақын кейде ескермейді. Балаларға арналар өлең үшін бұл да бір мін. Көңілсіз өлең мінезсіз өлең. Көңіл күйі дарымаған өлеңді он жерден философияға орап бергеніңмен, бала оқи қоймайды. Үшінші, ақынның кейбір өлеңдерінің түйіні ортақ. Ол түйін – ел қорғайтын батыр болумен түйілетін өлеңдер. Батыр болып өсу – жақсы, алайда, әлденеше өлеңде бір түйінді қайталап ұсына беру – өлең дербестігіне, өлеңнің өз бетінше өмір сүруіне нұқсан. Төртінші, кейбір өлеңдер, балаға ұғынықты болсын деген ақын талабынан, тым қарабайыр болып шығады. Бесінші, кейбір өлеңдер халық ауыз әдебиеті нұсқасын өзінше түрлеуден аспай қалған.

Әрине, ақын қайта оралып келіп, жөндеп бермейді бізге бұл кемшіліктерді. Ол түсінікті. Біз ақын өлеңдеріндегі кемшіліктерді тізбелеп отырмадық. Соған қарап,

оқушы ақын жырында кемшілік жоқ екен ғой деген ойға келмесін. Өтебай Тұрманжанұлы - қазақ балалар әдебиетінің классигі. Алайда, классикте, түрлі жағдайға байланысты кемшілік кездесетінін ескерту ғана біздің мақсатымыз. Өтебай Тұрманжанұлы балалар әдебиетінде ақындық мектеп. Ол ақындық мектептен талай талап баулынып, талай талант тәрбиеленіп өсіп шығады. Мектепбасы кемшілігін көрсеткен болсақ, ашып айтсақ, сол өміршең мектептің түлектері, кейінгі буын-буын балалар ақыны өз өлеңдерінде ондай кемшілік жібермесін деген өнер талабы!

Ал, тұтастай алғанда Өтебай Тұрманжанұлының балаларға арнаған тақпақ, өлең, ертегі, мысал, аңыз, мазақтамалары алуан жанрлы, іші бүйірлі, айтары түйірлі, аса қымбат мұра.



*Шыңғыс Айтматов, Өтебай Тұрманжанұлы,
Қалтай Мұқаметжанұлы.*

ЖАБЫҒЫП ӨСКЕН, ҚАМЫҒЫП ӨТКЕН...

Әдебиет бір жұмбақ әлем. Белгілі бір кезеңде әдеби процесте шешуші роль атқарған, әдебиет тарихында бар болған, нар болған қалам иесі уақыт өте келе етекке қарай сырғып бара жатады. (Келе-келе ұмыт болып кететіндері қаншама олардың?!) Есесіне, тіршілігінде көп елене қоймаған баз біреулер уақыт өте келе әдебиет тарихына ентелей еніп келе жатады. Шындығында, әдебиет тарихына уақыттың бір кесігіне ғана емес, бар кезең талабына жауап беріп, бар кеңістігіне кететін қаламгер ғана енеді. Өмірдегі ентелеу, өмірдегі кеуделеу – та-

рихқа жүрмейді. Тарих-Ананың көзі соқыр, құлағы керең емес. Жабылып жабыны оздырып, тұлпардың тұяғын қиғанын, қарғаны қарқылдатып қойып, сұңқардың қияғын қиғанын тарих ертелі-кеш біледі. Білген соң уақытша қателікті бақилық әділдікпен түзейді тарих. Қазақ әдебиетінің ертелі-кеш тарихында түзеуді тілейтін қиғаш беттер, қисық пікірлер өте көп. Алғы күнде әдеби мұрасы қайта безбенделіп, жаңаша бағалануға тиісті қаламгердің бірі – Өтебай Тұрманжанұлы. Алдағы күнде тағдырына тарих мейірімін төгіп, мейірлене қарауға тиісті дарынның бірі – Өтебай Тұрманжанұлы!

Жоғарыда баяндағанымыздай, Ө.Тұрманжанұлы өмірі соншалық өкінішке толы. Бесіктен белін енді шығарған бала шағында-ақ жоқшылық, жетімдік көріп өсіпті. Күн көріс үшін Ташкентке барған бала бақытына орай жастардың жалынды жетекшісі Ғани Мұратбаевтың қолына түскен. Әйтпесе, жетім бала тағдыры қалай-қарай бұрыларын кім білсін?! Ол жылдары тентіреп жүріп, кезбе болып кеткен, әйтпесе көше кезіп жүріп аштан өліп қалған балалардан Өтебай артық емес еді ғой. № 14 мектеп-интернаттан басталған жол КУТВ-ны өтіп, САГУ-ге жалғасты. Ол аталмыш университетте қырғыз-қазақ әдебиеті кафедрасын ашып,

өзі сабақ бере жүріп кафедра басқарыпты. Өзбек әдебиетінің енді-енді ақталып жатқан классигі Абдолла Абланимен иықтас, аталмыш университеттің алғашқы профессоры атанды. Бәрі де жақсы. Өзі ақын, өзі жазушы, өзі профессор-ұстаз. Үсті-үстіне кітабы жарық көріп жатыр. Несі жаман?! Алайда, бар жанрда жалындап жаза бастаған Өтекең «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» -деген ұлағатты ұстанып, бар мансап-дәрежені тастап, салып-ұрып Алматыға жетіп келеді. Абай атындағы педагогикалық институтта аға оқытушы, «Әдебиет майданы» журналында редактордың орынбасары, бас редакторы, «Қазақ әдебиеті» газеті редакторының орынбасары міндеттерін қос-қабат атқарады. Алайда, елім деп еміреніп келген бала ақын алдында «халық жауы» деген қасірет таңбасы басылғалы күтіп тұр еді. Замананың қара дауылына ұшыраған ақын жиырма жыл елінен, жерінен тысқары жерде зәбір - жапа шегіп жүрді. Арып-ашып, таяқ етінен, сөз сүйегінен өте жүріп әупірім-тәңірмен еліне оралды. Замана зәйілінен құтыла алмады бірақ. Өзі құрған, құрысқан қоғамнан оқшауланды. Қауіпті күдікті ретінде айырықша есепте тұрды. Әдебиет ісіне қайта оралуға күш-қайрат, ерік-жігер тапты әупірім тәңір-

мен. Әдебиеттің әр жанрында бағын сынап қатысып, бірсыпыра бағалы еңбек қалдырып өтті соңына.

Өтебай Тұрманжанұлы ұзын-ырғасы жиырма жылдай теперіш көргендіктен, өзін жұрт көзінен тасалау ұстап, жабыға жүріп, құмыға күн кешіп, бұйығы өткен жан. Мұндайда адамның ермегі – еңбек, жұбанышы – еңбек болатыны мәлім. Еңбек барда өнбек бар. Өтекең жалындағаннан тапқан пайдам белгілі ғой деп жабыға, бұйығы жүріп жасаған еңбектің көлемі көп, көркемдігі жоғары, бағасы зор, бағалануы кем.

Аға буынға тән алуан жанрға түрен салған қаламгердің бірі - Өтебай Тұрманжанұлы. Олардың барлығы бірдей асыл десек, артық болады. Қаламына мейлінше адал қараған қаламгердің бірсыпыра жанр бойынша туындылары сәтті.

Талайды адастырған уақыт белеңдері оның поэзиясында өз белгісін қалдырған. Бір ғажабы, уақыт сырын Өтекең өзге замандастарындай жалаң айқайға берілмей, ойға алғанын орамды, сезгенін сазды жырлаған ақын. Сырғақ саясатқа құрылған өлеңдер өшкен күні Өтекеңнің өрнекті өлеңдері күн тәртібіне қайта көтеріледі. Қазақ балалар әдебиетінің көшбасшы қаламгері – Өтекең. Жинақтай айтқанда, ақынның бұл саладағы

мол мұрасы – ауыз әдебиеті мен жазба поэзияның, халық өлеңі мен еуропаша киінген қалыпты поэзияның арасын жалғап жатқан алтын көпір іспетті. Өтекеңнің балаларға арналған поэзиясында ауыз әдебиеті үлгілерін ажарлай қайта жырлаудан ауыз әдебиеті формасын өте шебер пайдаланып, мейлінше соны, мейлінше ойлы шығарма берудің сан-алуан үлгісі бар. Формасы тың, бір өзінде бірнеше жанрдың табиғи қоспасы бар шығарма ақында бірсыпыра. Әсіресе, «Құмырсқалар, аралар - қиыспас дос, құдалар» мысал-поэма-сын қазақ балалар әдебиетінің классикасына батыл жатқызуға болады. Біз ғұмырнамалық кітапта Өтебай Тұрманжанұлының ақындық ерекшеліктеріне бірсыпыра тоқталып өттік. Ал, Өтекеңнің прозасы ше?

Ө.Тұрманжанұлын әмсе ақын ретінде елестету дұрыс әрине. Алайда ақын жүректен қара сөз саулағанын айтпай дұрыс емес әрине. Ол қарасөзге ерте қайырылған қаламгердің бірі. 1927 жылы Қызылордада басылған «Қопан кедей» аталатын проза кітабы пікіріміздің кепілі. Қазақ шаруасының күйзелісті көрінісіне құрылған бұл шығарма әңгіме райында жарияланғанымен көлемі мен өмір шындығын қамтуы жөнінен повестке бара-бар. Көлеміне қарай повесть атай салмай, «әңгіме» ретінде жариялаған

автор кішіпейілдігіне риза боласың. «Қошан кедейден» соң көп жылдар бойына ол прозаға орала алмады. Тағдыр ауыртпалығы, уақыт, жағдай жөні келмесе керек. Бірақ, қаламгер кейін қарасөзге қайта оралмады. Бірсыпыра прозалық шығармалар жазды, енді бірсыпыра шығармалар жоспарлап, жазбақ еді, тағдыр мұрсатана бермеді. Оны біз ақын архивіндегі жоспар, эскиздермен танысқан соң айтып отырмыз. Орайы келгенде қаламгердің шығармашылық (творчестволық) жоспарын баяндаған екі жазбасын оқушы алдына тарта кетуді жөн көреміз. Оның бірінде *«Мен не жазып жүрмін?» – деп атап толғаныпты. «Оңтүстік жөнінен айтам деген ойларым да көп, жазам деген жайларым да көп. Менің бұған дейін жазған өлең, поэма, әңгіме, аңыз, повестерімнің бәріне дегендей азды-көпті оңтүстік өмірі қатыспай қалған емес-ті. Жазушының жазғанына өз көргені, өз өмірінің іздері көп уақытта өзек болып отырғаны сияқты, менің қаламымнан шыққан үлкенді-кішілі шығармаларымның да алтын арқауы – оңтүстік өмірі болуы табиғи.*

Нақ осы күндерде көп деректер жинап, көп зерттеп алып Орта Азия мен Қазақстан комсомолдарының тұңғыш ұйымдастырушысының көрнектісі, бұрынғы

Түркістан республикасының комсомолдар Орталық Комитетінің бас секретары, кейінірек КИМ-нің күншығыс бөлімінің меңгерушісі болып істеп жүріп, жастайынан қаза тапқан жалынды жас – Ғани Мұратбаев туралы «Біздің Ғани» атты көлемді повесть жазып жүрмін. Үстіміздегі 1960 жылы аяқтамақпын.

Мұнан соң Арыс – Түркістан каналының қазылу тарихына байланысты оңтүстіктің бұрынғы, бүгінгі өмірінен алып екі бөлімді бір кітап жазуға материал жинап жүрмін. Бірінші кітаптың аты – «Жаңарған жерін, екінші кітаптың аты – «Жасарған ел» болмақ. Бұлармен қабат орта жас пен ересек балаларға арнап «Мінсіз мүсін» атты повесть жазып жүрмін. Мұны 1960 жылы бітіруім мүмкін. «Бұхара қызы» деген бір повесть тағы жазылып жүр. Мұны, жоғарғы екі кітапты 1961-1962 жылдары аяқтаймын.

Ал, күнделікті қысқа-қысқа әңгіме, өлең, поэмалар өз алдына жазыла береді ғой.

Сәлеммен Өтебай Тұрманжанов.»

Міне, куә болып отырғанымыздай 1960 Қаңтардың 12-сі күні жазылған шағын жазбада бірсыпыра шығарманың аты аталады. Мұның қайсысы жазылып, қайсысы жазушы көңілінде кетті? Қайсысы жарық көріп, қайсысы жазушы архивінде жабық қалды? Жалпы, бұл прозалық шығармалар не туралы?

Жазушы архивімен танысқанда, күні бүгінге дейін ешқайда жарияланбаған Ғани Мұратбаевтың бір тың фотобейнесіне тап болдық. Жалынды комсомол жетекшісі ол суретін Өтебайға арнап, сыртына сый-сөз, тілек жазып ұсыныпты уақытында. Қаламгер бұл суретті қайда, қандай қиын жағдайда жүрсе де бойтұмардай сақтап, аман алып келіпті. Сондай-ақ, тасқа басылғаны бар, қолмен жазылғаны бар, Ғани жөнінде бірсыпыра жазба бар. Жанрын анықтап, қай деңгейге дейін жазылғанын айқындау алғы күннің міндеті. Ал, «Жаңарған жер», «Жасарған ел», «Бұхара қызы» повестерінің жай-күйін әл-әзір анықтай алмадық. Қаламгер жоспарлап жазбақ болды ма, әлде жазып, өзіне ұнамаған соң бастырмады ма? Ол жағы бізге қараңғы.

Жазушының екінші бір лабораториялық жазбасын да алға тартайық. Ол *«Менің шығармашылық жоспарым»* аталады.

«Кейінгі кезде-дейді онда қаламгер, – көбінесе балалар мен жасөспірімдерге арнап жазып жүрмін. Балалар мен жасөспірімдерді жаңаша тәрбиелеу ең түбегейлі мәселенің бірі деп білемін. Бұл салада коммунистік адамгершіліктің негізі – коммунистік моральды алтын арқау етіп, бастауыш класс балаларына арнап «Адам адамға дос» деген қысқа – қысқа әңгімелер жазып жүр-

мін. Кітаптың көлемі 10 баспа табақ. Бұл кітап 1965 жылы бітеді. Екінші кітаптың аты «Адамға сену керек». Бұл жастарға арналған повесть. Көлемі 10-12 баспа табақтай. Бұл кітап кішіпейілдікке, адам мен адамның қызмет бабындағы байланысына, жолдастық, достық байланысына, іс үстінде бірін-бірі бағалауына арналған.

Бұл кітап 1966 жылдың басында аяқталады. Үшінші мектеп жасына дейінгі, мектеп жасындағы балаларға арнап ертегі-поэмалар, ертегі, аңыз әңгімелер жазып жүрмін. Бұл ылғи үзбей жұмыс арасында істей салатын дағдылы жұмысым. Мұнан жыл аралатып бір жинақ беріп отыруыма болардайң.

Тұрманжанов Өтебай.

Иә, жазушы шамамен алғанда 1964 жылы осылай деп сыр жарады. Ал, бұл аталған шығармалардың дерегінен не білгендейміз? «Адам адамға дос» – 1966 жылы жеке кітап болып жарық көрді. Балалар әдебиетінің бір оңтайлы жанры – қысқа-қысқа әңгімелер. Кейде желілес, кейде дербес жазыла беретін бұндай шығарманың балалар әдебиетінде қарасыны мол. Өтекең әңгімелері де осы дәстүрде туған – жаке-жеке әңгімелер. Жазушының әңгімелерін оқып отырып, оның жалпы балалар әдебиетіндегі бұл дәстүрді жетік меңгергенін байқаймыз. Ал,

ол әңгімелердің ерекшілігіне келсек, шығарма сүйегінің қазақылығын, тілінің әрі қарапайым, әрі халықтық сөлін ерекше айтар едік. Мейлінше қазақы характерлер оқушысын табиғилығымен баурайды. Бұл да балажанды қаламгердің бір тындырымды шаруасының бірі деп білеміз.

Ендігі бір мәселе – «Адамға сену керек» деген повеске байланысты. Асылында, бұл шығарма жазылып, аяқталған сықылды. Бірақ, ешқайда жариялана қоймағандай. Неге жарияламады, ол жағы бізге түсініксіз. Жазушы архивінде шамалап айтқанда осы повестің орысша жолма-жолдық аудармасы сақталған. Шамасы, автор бұл шығармасын орыс тіліне аудартып Мәскеуден шығаруды ойлағандай. Олай дейтін себебіміз - қолжазбамен бірге автордың мәскеулік аудармашымен жазысқан хат-хабары да сақталыпты.

Қысқасынан қайырып айтқанда, Өтебай Тұрманжановтың прозашылық еңбегінің кейбір жай-жапсары осындай. Ал, оның кейбірін анықтау, егер талаптан шығып жатса – оқырманға ұсыну – алғы күндердің міндеті.

Әдеби сын, зерттеуде айтыла бермейтініне қарамастан Өтебай Тұрманжанов – үлкен тәрбиеші еді. Әсіресе әлем халықтарының ертегілерінен бастап Эзоп мысалдары, Ғ.Ғұлам, Ғ.Тоқай өлеңдері қазақ тілінде Ө.Тұрманжанұлы қаламының қуатымен сөй-

леді. Ақтүсті қарамай, кеңінен отырып, кемел зерттеген кісіге Өтебай аудармашылығы көп жайды аңғартар, көп сырды ұстатар қызықты қазына-ау, шамасы. Басқасын былай қоя тұрып, бір ғана өзбек тілінен тікелей жасаған аудармаларына ден қойғанда тәржімашының түпнұсқа тілдің ішкі иірімдеріне жетіктігіне, сонымен қатар туысқан халықтың арғы-бергі әдебиетін жіті зерттегеніне куә болып, тәнті тұрдық. Әрқайсысын салыстырып қарасақ, аудармашылар үшін сабақ, ғибрат боларлық көп жайларға қанарымызға дау жоқ. Аударма үшін қандай бейнет кешкені оның ағымдағы баспасөзде жазған кейбір мақалаларында да қылаң береді.

Жинақтау сөзге сыйғыза айта кетуге тиісті және бір сала еңбегі – мақалалары. Ө.Тұрманжанұлы жастайынан зерттеуге араласқан зерделі кісінің бірі. Оның тым ертеде жазған Мұсабек Байзақұлы жөніндегі зерттеуі әлі күнге құнын жойған жоқ. Керек десеңіз, аталмыш ақын жөнінде бірден-бір толымды дерек берерлік байыпты зерттеу. Оған өзбек әдебиетінің арғы-бергі тарихынан берер бай мәліметі бар мақалаларын, кітапты қалай оқу керектігі жөнінде педагогикалық ойлары топталған кітапшасын, күнделікті әдеби процестен жазған сын мақалаларын, қазақ балалар әдебиеті жөнінде ертелі-кеш айтқан ағалық ойларын

қоссаңыз, Ө.Тұрманжанұлы әдебиетшілігі жоталана түседі.

Жалпы әлеуметке бірсыпырасы мәлім, бірсыпырасы беймәлім бұл сала-сала еңбектерден өзге Өтебай Тұрманжанұлының қалай айтсаң да сиятын, қандай құрметке де тұратын, жылдар бойы тапжылмай табандап атқарған тындырымды үлкен шаруасы бар. Ол қазақ халқының мақалдары мен мәтелдерін жылдар бойы үзбей жинауы. Ол өзінің бір өмірбаяндық жазбасында: «1922 жылдан бастап қазақ халқының 40.000-дай мақал-мәтелдерін жинап, жүйеге салдым. Бұл мақал-мәтелдердің таңдамалылары 4 кітап болып шықты» - деген ақынның осы мақтаныш сезімін әрі қарай марапаттағың келеді.

Мақал-мәтел – халықтың ғасырлар бойы жинақталған ойының философиялық түйіні, сығымдалған сығындысы. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні секілді. Әрбір мақал, не мәтелге зер салып қарасаңыз, тереңірек үңіліп ойласаңыз этимологиясында талай-талай өмірлік тәжірибе жатқанын аңғарасың. Халық аузы күйгенде, не шаттанғанда өзінің басынан кешкенін кейінгі ұрпаққа тәлім болсын деп түйіп айтып кеткендей. Міне, осындай аса қадірлі жәдігерлікті Өтекең ерінбей-жалықпай жинады. Өмір бойы үздіксіз жинап, зерттеді. Ал, ол осы жолға қайдан, қалай келді?

Өтебай ақынның бұл игілікті істің басына келуіне ықпал еткен кісі, біздің ойымызша, Нәзір Төреқұлов. Архив қазыналарын ақтарсаңыз бір жайға көз жеткізесіз. Жиырмасыншы жылдары Мәскеуде Орта Азия халықтарының кіндік баспасы жұмыс істеген. Оның бас редакторы – араб, ағылшын, неміс, француз тілдерін білетін, Орта Азия халықтарының қай-қайсысының да тілін анамның тілі деп есептеген білімпаз, қазақтан шыққан тұңғыш елші-дипломат Нәзір Төреқұлов еді. Ол жиырмасыншы жылдардың өзінде түркі халықтарының әдеби жәдігерліктерін кітап етіп шығаруды жолға қойған. Мұның айқын айғағы – 1924-25 жылдары татар, башқұрт халық мақал-мәтелдерінің (құрастырушы Вилданов) осы баспадан жарық көруі. Нәзір Төреқұлов КУТВ-да оқып жүрген Б.Кенжебайұлына қазақ халқының әзіл-қалжың, әңгіме, анекдоттарын, Ө.Тұрманжанұлына мақал-мәтелдерді жинауды тапсырған екен. Ағасындай қамқор болған аяулы азаматтың игі ықпалымен егіздің сыңарындай екі бүлдіршін бала халық мұрасын жинауға алаңсыз кірісіп кетті. Және аға аманатын өле-өлгенше адал атқарып өтті олар. Аталмыш аяулы азаматтардың тыңғылықты ғалым, тындырымды фольклорист-жинаушы болып тұлғалануының сыры, міне осындай!

Шығыстан шыққан білімпаз Нәзір Төреқұловтың бағыттауымен он жеті жа-

сынан мақал-мәтел жинаумен айналысқан Өтекең қашан көзі жұмылғанша осы сүйікті ісін жалғапты. Дүниеден көшерінен үш-төрт күн бұрын халқымыздың даналық сөздерін (мақал-мәтелдерді) үлкен екі кітап етіп жинап, жинап қана қоймай, қайсысының қандай жағдайда шыққаны жайлы ойларын да қоса баяндап баспаға дайындаған екен. Халықтың азаматы халықтық аманатындай осы үлкен істі жемісті аяқтап өз қолымен баспаға тапсырып үлгеріпті де үйіне келе қаны тасып құлап түсіпті. (Ауруханада қол-аяғы, тілінен айырылып жатқан сәтінде келісім-шартты барып жасаған «Жазушы» баспасының сол кездегі директоры Әбілмәжін Жұмабаевқа жазушы жары – Майнұр апай өле-өлгенше ризалығын айта-айта кетті. Бұл біздің жақша ішінде айта кетер бір сырымыз.) Жинақшы-фольклорист сол құлағаннан тұрмады, соңғы сапарға аттанып кетті. Ақын қайтыс болғаннан кейін іле-шала қазақ мақал-мәтелдерінің үлкен бір томы (бесінші кітап) жарық көрді. Тағы осындай бір томы ақын архивінде сақтаулы тұр. Тағы осындай бір том дегеннен шығады, шынын айтсақ, ол – ақын архивіндегі дүние жиналған, жүйеленген ұлан-ғасыр қазынаның үштен екісі... Бұл – ортаймас үлкен қазына, аса бағалы мұра. «Сөз – гүл болса, мақал – гүл шоғы» – дейді екен әзірбайжан ағайын.

Демек, Өтебай Тұрманжанұлы гүл шоғына оранып өтті, гүл шоғынан бал жиған арадай мақал-мәтелден нәр жинап асыл шығармашылық жаратып өтті.

Бір халықтың қандай да екінші бір халықтан кішілігі жоқ деген пікірге ұйысақ, Өтекең жинап қалдырған аса қадірлі бұл еңбек Владимир Даль жасаған қымбат қазынадан еш кемдігі жоқ. Ұлы жинақшы В. Дальдің «Пословицы русского народа» аталатын еңбегіне, жарық дүниеде өзі жұртты тамсантқанымен, өзі ештеңеге таңырқай қоймайтын М.Шолохов таңданып алғысөз жазған ғой. Ал, Өтебай Тұрманжанұлы жинап, жүйелеген «Қазақ мақалдары мен мәтелдері» шып-шырғасы бұзылмай, түп-түгел жарыққа шыға қалса – таңданғанның көкесін сонда көресіз. «Мақал – сақалдан да үлкен» - дейді екен татар даналығы. Тауып айтылған сөз емес пе?! Олай болса, мақалдан үлкен ешкім жоқ. Өтекең жинап, жүйелеп, құрастыған «Қазақ мақал—мәтелдері» шып-шырғасы бұзылмай, қазақша айтқанда «мұрты қисаймай» жарыққа шығуға тиісті. Сөйтіп халық даналығы – халықтың жаңа буын ұрпағының қолына жетуі керек. Қасіретке толы ғұмыр кешкен қарапайым еңбек торысының өмірде көрген қорлық-зорлығына қарамай, халықтың мақал-мәтелдерін тынбай жинауы - қандай

құрметке де лайық ұлан-асыр еңбек. Бәлкім, қиын-қыстау күндерде ақын қасіретін халық даналығымен жуып-шайып, сабасына түсіп отырған болар. Қалай дегенде де, бұл – жинақшы ақынның өзіне жасаған өлмес-өшпес ескерткіші!

Айта берсе, Өтебай Тұрманжанұлы тұрасында айтар ой көп. Біз бүгін көп ойдың жентектелген кейбір түйінін ғана айттық, тінін таратып айту – келешек ісі.

Ойымызды кемерлеп келеміз-ау. Ақын тағдырына ойлана қарағанда көңілге қаяу салар көп жайды көргендей боласың. Жиырма жыл аяққа тапталған ар, аяусыз бейнет жігерді жасытпады деп айта алмасақ керек, сірә да. Сөйте, жүріп әдебиеттен қол үзбей махаббатын суытпай, кісі қайран қаларлық еңбектер беру – ерлікке бара-бар қайрат. Бұл орайда, Өтебай Тұрманжанұлы өмірін өкінішпен бастап, ерлікпен түйіндеген қаламгер.

Өтекең еңбектері көзінің тірісінде бағалана бермепті, ақынның жабығып өскен жаны, бұйығы табиғаты көп насихатты тілемеген де, сақтығы жібермеген де шығар. Соның өзінде ақынның жығылған рухын көтеріп, демеп оның шығармашылығы жөнінде әрдайым мақала жазған Б.Кенжебайұлы, Ә.Тәжібаев, М.Қаратаев, Р.Бердібаев, Е.Құлымбетов, М.Жолдасбеков, Б.Ысқақов секілді әдебиетші, сыншы қатар-құрбы,

інілеріне бүгін риясыз көңілмен қарағың келеді. Ақынды әдебиетшілер ғана емес, жанын түсінген ақындар да өз жырымен демеп отырыпты. Айталық осы қатардан Ғ.Қайырбеков, Ж.Нәжімеденов, Ш.Мұхамеджанов секілді ақындарды көреміз.

Шәміл Мұхамеджанов жазған:

Сен бір дала көңіліне гүл өскен,
Сен бір жартас қиындықпен тірескен.

Қартаймайды, қажымайды екен-ау,

Өз бақытын тапқан адам күрестен –

деген өлең жолдары, әйтпесе қазақтың біртуар ақыны Жұмекен Нәжімеденов жазған:

Жылытты сол бір күз күнін

Жырларын құйып шеектеп.

Сенеміз оған біз бүгін

Кәрілікті де жеңед деп –

секілді өлеңдер талай «тар жол, тайғақ кешулерден» өткен жаны жабығыңқы, ақынды талай рет самал болып желпіген шығар-ау. Онсыз да сырты момын көрінгенмен, ішкі қайрат жігері қара тастай мықты адамның жігерін жаныған шығар осы жырлар. Бұл Өтекең айтатын «адам – адамға достың» кепілі.

Қалай айтсақ та, Өтебай Тұрманжанұлы еңбегі көзі тірісінде өз дәрежесінде, жете бағалана бермегендей. Енді айтар болсақ, еңбек сүйген ақын, жазушы, фольклорист-жинақшы, әдебиетші жөнінде атқарылар шара көп-ақ. Айталық, ақынның төрт

томдық шығармалар жинағын шығару, ол жиған қазақ мақал-мәтелдерінің үлкен екі томын үзбей-жұлмай басу, тұрған үйіне ескерткіш тақта қою, Алматы көшелерінің біріне ақын есімін беру, туған жерінде музейін ашу... Бұл шараларды бүгін біз атқармасақ – ертеңгі ұрпақ қарғыс айтпаса, алғыс айтпайды бізге. Ал, күні ертең мұның бәрі де ұлттық мерейлі істері ретінде, заңды, қалыпты іс ретінде атқарылады. Сонда біз жер шұқып қалмайық, ағайын!

Бір ұрпақ қателігін екінші ұрпақ жөндемесе не болғаны?!

Уақыт қателігін Тарих түземесе не болғаны?! Ақын, аудармашы, жинаушы Өтебай Тұрманжанов жөнінде соны сөз айтып, жаңа іс бастайтын уақыт жетті. Сонда ғана өмірден көп теперіш көріп, жабығып өскен, қамығып өткен ақын әруағы риза болады. Түбі Тарих төріне көтерілетін тарихи адам жөнінде әзірге айтар сөз осындай!

Мазмұны

Өмір өрімдері. Бірінші бөлім.....	4
Өнер өрімдері. Екінші бөлім.....	124
Жабығып өскен, қамығып өткен қаламгер.....	189

Құлбек ЕРГӨБЕК
ӨТЕБАЙ ТҰРМАНЖАНҰЛЫ

Редакторы: *Д. Қадырбаева*
Мұқабаның дизайні: *Е. Қожабаев*
Компьютерде беттеген: *Ш. Байкенова*

ИБ № 23 (229)

Теруге 10.09.2025 ж. жіберілді
Басуға 29.09.2025 ж. қол қойылды
Пішімі 84х108/32
Қағаз офсеттік.
Басылымы офсеттік
Көлемі 10,92 ш.б.т.
Таралымы 3000 дана
Тапсырыс №9265

«Балалар әдебиеті» баспасы,
050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143,
тел/факс: 8 (727) 394-41-56

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41

Бұл тапсырыстың мазмұнына баспахана жауап бермейді.